| III жақ | <i>-сә</i> | <i>-са</i> |

М.: ...ушбу ғәрип фәннің саһиби кәшүфлари тарихидин бир рисалә пүтүп, сайир муғән-ниләргә ядкар қойсаң... . Мәһрәми билән тәшқәри чиқип, биз һили кәлсәк, деп...

Етістіктің болымсыз формасын жасайтын қосымшасының шартты рай жұрнағының алдынан келуі «Төварих-и мусикиунда» екі жерде кездеседі. М.: ...яхши сөзни әйтүргә қудрәтиң болмаса, яхши сөзни әйткучидин өргангил.

Етісті білдіретін жұрнақтар «Төварих-и мусикиунда», жалпы ескі ұйғыр тілінде, біріншіден, белгілі грамматикалық мағынаны білдірсе, екіншіден, сөзжасамдық қызметте жұмсалады. Сондықтан етістіктің етіс категориясы жайында ғалымдар пікірі екі түрлі принципке негізделеді. Кейбір ғалымдар етіс категориясында грамматикалық қасиет басым десе, енді біреулері сөзжасамдық қасиет үстем екенін айтады. А.М. Щербак етіс категориясының осы екі ерекшелігін ескеріп, етіс категориясындағы *-н, -ин, -ун, -үн, -л, -ил, -ул, үл* жұрнақтарды сөзжасам бөлімінде қарайды [13, 177 б.]. Жалпы алғанда, етістіктің етіс категориясының көрсеткіштері, бір жағынан, сөз жасайды, екінші жағынан, белгілі бір грамматикалық мағынада жұмсалады.

«Төварих-и мусикиунда» етіс категориясы бастауышқа деген түрлі семантикалық қатынасты білдіреді. Трактатта негізгі, өздік, ырықсыз, өзгелік және ортақ етістер кездеседі. «Төварих-и мусикиунда» *негізгі етіс* жұрнақтарсыз беріледі де басқа етістердің жасалуына негіз болады. Ескі ұйғыр тілінде *өздік етіс -н (-ин, -ун, -үн), -л (-ыл, -ил, -ул, -үл)* жұрнақтары арқылы беріледі.

Трактатта бұл жұрнақ етістіктің түбірі немесе негізінің жалпы сипатына сәйкес *-н, -л, -ул* жұрнақтарының көмегімен жасалады. М.: Бу ғәрип морға гоя тағ *йүкланди*, бу зәьиф хорға гоя асман *йиқилди* т.б. Ескі ұйғыр тілінде *ырықсыз етіс -л (-ыл, -ил, -ул, -үл), -н (-ин, -ун, -үн)* жұрнақтары арқылы беріледі. Трактатта бұл жұрнақтың *-ил, -ул, -үл, -н, -ин* варианттары ғана кездеседі. М.: Саьэтидин кейин биһушларға гулаблар *сетилди*, шәраби сурурлар *ичурулди* т.б. Бұл мысалдарда етіс көрсеткіші іс-әрекеттің, қимылдың бірер құрал арқылы субъектіге тән болатынын білдіреді. Трактатта *өзгелік етіс* категориясының жасалуына ескі ұйғыр тіліне және қазіргі тілімізге тән жұрнақтар пайдаланылған. Өзгелік етіс *-т* жұрнағы арқылы жасалған. М.: *Түгәт* сөзни Мөьижиз ғәрип бинава. *-т* жұрнағы *-сә* жұрнағынан кейін жалғанып, өздік етіске айналады. М.: ... әйибинни сәңа *кәрсәткан* кишини дост билип, әзиз түт. Өзгелік етістің *-дур, -дүр, -тур, -түр* көрсеткіші трактат тілінде жиі қолданыс табатыны байқалады. М.: ... шәвқиң чәмәнида чәчәкләрни *күлдүргүчи* сән... . . . алип берин деп хәфа қилип *алдурди*... .

Ескі ұйғыр тілінде кеңінен пайдаланылған *-зур, -гүр, -қур, -күр* жұрнағының ішінде «Тәварих-и мусикиунда» *-күр* варианты кездеседі. М.: Пәһливанниң һозурларигә *йәткүрүр*. Өзгелік етістің *-ғуз, -гүз, -қуз, күз* жұрнағы бір буынды етістіктерге жалғанады. М.: ... Хотән диярларини абадигә аниң әвлади *йәткүзған*... т.б. «Тәварих-и мусикиунда» *ортақ етіс* жасайтын *-и* жұрнағы өте сирек қолданылады. М.: ... һәкимлар һәр қанчә чарә-тәдбир *қилишти*, ғайда болмиди.

«Тәварих-и мусикиун» тілінде етістіктің жақ-сан категориясы, жалпы алғанда, қазіргі ұйғыр тілінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Бұл категория етістіктің шақ және рай категорияларымен байланысты болып, баяндауышты бастауыштың жақ-санымен сәйкестендіреді.

Бұл трактат тілінде етістіктің жақ-сан категориясы мағына және форма жағынан 2 түрде болады:

1. Етістіктің жақ-сан категориясы 3 жақта, жекеше, көпше түрде, жіктік жалғаумен түрленеді. Негізінен көсемше, есімше және кейбір рай формаларымен тіркескенде, сөйлемде предикативтік мағынаға ие болады. М.: ... мән тәнбүр челишни *билмәсмән*... . Ескі ұйғыр тілінде көп қолданылған I жақ көпше формасындағы *-биз* «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді. ... әдәбият мүлкиниң тути ширин *лисанидурсән*... (4-5). «Тәварих-и мусикиунда» жақ-сан категориясының II жақ көпше формасы тек *-сизлар* түрінде үш жерде қолданылады. М.: Ул айдиким хәлайикгә нәфьи йоқ сөз вә ишни *қилмигайсизлар*...

2. Жақ-сан категориясының екінші түрі предикативті мәнге ие болмайды. Олар көбінесе етістіктің ашық райынан басқа рай формаларына (мысалы, шарт, қалау райларына) жалғанып, субъект көрсеткіші ретінде қолданылады. Басқаша айтқанда, жақ-сан жұрнақтарының бұл түрі тек субъектінің жағын ғана көрсетеді де, жай сөйлемде басқа етістіктердің (негізінен көмекші етістіктердің) көмегінен предикатив мағынаға ие бола алмайды. «Тәварих-и мусикиунда» етістіктің жақ-сан категориясы тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі. I жақтың жекеше формасы үшін *-м, -им, -ум, -үм* жалғауы қолданылады. М.: Ахир қудрәтимгә лайиқ, йстидадимға мувафиқ бу рисаләни *пүттүм*... . «Тәварих-и мусикиунда» II жақтың жекеше түрі тәуелдіктің *-ң* жалғауымен беріледі. М.: Сәңа йүз шүкүр ярәб бизгә адил падишаһ *қилдиң*. Сыпайы II жақ тұлға бір ғана сөйлемде кездеседі. М.: Ишәндим, мени һәжви *қилмисила*, диди. *-ңлар -ңизлар* жалғаулары арқылы жасалған II жақтың көпше түрі «Тәварих-и мусикиунда» 2 сөйлемде ғана кездеседі. М.: Әлишир һәкимгә *қилиңлар дуға*. Жекеше және көпше түріндегі III жақта қазіргі ұйғыр тіліндегідей ерекше көрсеткіштер жоқ. Алайда кейбір сөйлемдерде жекеше және көпше тұлғадағы сыпайы түрі *-лар* жалғауы беріледі.

Предикативтік мәнге ие емес етістіктің жақ-сан категориясы жекеше жай формада (М.: Мудәрислик мәскәнидин мәъзул болуп Заһириддин Бабурниң һозурида *қалди*), жекеше құрмет формасында (М.: Бу әзиз әввәл Бабр шаһниң һозурида хизмәт *қилдилар*), көпше жай тұрпатта (М.: ... биһушлар һошиғә *кәлди*) кездеседі.

Етістіктің жақ-сан категориясына тән өзіндік ерекшелікті былайша көрсетуге болады:

1. Етістіктің жақ-сан категориясы жіктік жалғауларымен түрленуі:

| | жекеше түрі | көпше түрі |
|---------|-------------|----------------|
| I жақ | <i>-мән</i> | – |
| II жақ | <i>-сән</i> | <i>-сизлар</i> |
| III жақ | – | – |

2. Етістіктің жақ-сан категориясы тәуелдік жалғауларымен түрленуі:

| | жекеше түрі | көпше түрі |
|----------------|-------------------|----------------|
| I жақ | -м, -им, -ум, -үм | -к, -қ |
| II жақ | -ң | -ңлар, -ңизлар |
| Сыпайы түрі | -иңиз | |
| құрмет формасы | -ла | – |
| III жақ | – | -лар |
| құрмет формасы | -лар | |

XIX ғасыр жазба ескерткіші – «Төварих-и мусикиун» трактатының тілін қазіргі ұйғыр тілімен сабақтастыра қарастырудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады:

Трактат тілінде ескі ұйғыр тілі формаларының қолданыстан шығып, біртіндеп қазіргі ұйғыр тілі формаларын қолданыла бастағанын көрсетеді. Ескі ұйғыр жазба әдеби тіліне тән графо-фонетикалық дәстүрлер және лексика-грамматикалық, морфологиялық көне (архаикалық) формалар Мөжизидің «Төварих-и мусикиун» ескерткіші тілінде едәуір орын алғанымен, жазушы шығармасы негізінен жалпыхалықтық тілге негізделеді. Бұл өз кезінде ұйғыр тілі XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде ескі ұйғыр жазба әдеби мұралар тілінің дәстүрінен біртіндеп қол үзіп, қазіргі ұйғыр ауызекі сөйлеу тіліне жақындауға бет алғанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Абдуруп Полат. Чағатай уйғур тили тәтқиқатидин илмий мақалиләр. – Үрүмчи: Милләтләр нәшрияти, 1993. – 253 б.
- [2] Чайковская А.И. Тюркский глагол в арабоязычных грамматиках XIV в (категории залога, наклонения и времени). – Алматы, 1978. – 22 с.
- [3] Насилов В.М. Язык орхон-енисейских памятников. – М., 1960.
- [4] Насилов В.М. Древнеуйгурский язык. – М., 1963. – 98 с.
- [5] XIII–XIV асрлар туркий адабий едгорликлар тили. Морфология. Масъул мухаррир: Э.И.Фазилов. – Тошкент: Фан, 1986. – 288 б.
- [6] Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв. – М.: Наука, 1989. – 283 с.
- [7] Сауранбаев Н. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. – Алматы: Ғылым, 1982. – 344 с.
- [8] Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – 302 с.
- [9] Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967. – 264 б.
- [10] Строй уйғурского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 471 с.
- [11] Хәмит Төмүр. Һазирқи заман уйғур тили. Морфология. – Үрүмчи, 1986. – 430 б.
- [12] Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь. – М.-Л.: Наука, 1940. – 271 с.
- [13] Шербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М.-Л., 1962. – 276 с.

REFERENCES

- [1] Abdurup Polat. Chaghatay uyghur tili tetqiqatidin ilmiy maqaliler. Ürümchi: Milletler neshriyati, 1993. 253 p.
- [2] Chaykovskaya A.I. Almaty, 1978. 22 p. (in Russ.).
- [3] Nasilov V.M. Language of the Orkhon-Yenisey monuments. M., 1960. (in Russ.).
- [4] Nasilov V.M. Old Uighur language. M., 1963. 98 p. (in Russ.).
- [5] XIII–XIV asrlar turkiy adabiy edgorliklar tili. Morfologiya. Mas'ul mukharrir: E. I. Fazilov. Toshkent: Fan, 1986. 288 b.
- [6] Nadjip E.N. Research on the history of Turkic languages in XI-XIV centuries. M.: Nauka, 1989. 283 s. (in Russ.).
- [7] Sauranbaev N. Problems of Kazakh linguistics. Selected works. Almati: Gylym, 1982. 344 p. (in Russ.).
- [8] Serebrennikov B.A., Gadjieva N.Z. Comparative-historical grammar of Turkic languages. M.: Nauka, 1986. 302 p. (in Russ.).
- [9] Qazaq tilining grammatikasi. I bölim. Morfologiya. Almaty: Gylym, 1967. 264 p. (in Kaz.).
- [10] Structure of Uighur language. Almaty: Nauka, 1989. 471 p. (in Russ.).
- [11] Khemit Tömür. Hazirqi zaman uyghur tili. Morfologiya. Ürümchi, 1986. 430 b.
- [12] Baskakov N.A. Nogai language and its dialects. Grammar, texts and vocabulary. M.-L.: Nauka, 1940. 271 p. (in Russ.).
- [13] Sherbak A.M. Grammar of Old Uzbek language. M.,-L., 1962. 276 p. (in Russ.).

**КАТЕГОРИЯ ЗАЛОГА, ВРЕМЕНИ И СТЕПЕНИ
В ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ****Х. В. Масимова**

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: письменные памятники, глагол, грамматическая категория, категория залога, категория склонения, категория времени.

Аннотация. Язык письменных памятников стал связующим звеном между языками средневековья и современным тюркским языком. Исследование конкретных морфологических особенностей памятников имеет большое значение в определении исторической взаимосвязи, формирования и процесса развития среднетюркского и современного тюркского языков. При сравнении языка памятника «Таварих-и мусикиун» (XIX в.) с письменным средневековым и современным уйгурским языками, включая морфологические особенности текстов памятников, выявляется преемственность между староуйгурским письменным литературным и современным уйгурским литературным языками. В статье также рассматриваются грамматические формы глагола языка памятника «Таварих-и мусикиун». При рассмотрении грамматических категорий глагола в «Таварих-и мусикиун» определяется, что, начиная со второй половины XIX века, уйгурский язык, окончательно отрываясь от литературных традиций староуйгурского языка, переходит к сближению с современным разговорным уйгурским языком.

Поступила 12.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 106 – 110

FEATURES OF DEVELOPMENT OF A RHYME IN MODERN KAZAKH AND UIGHUR POETRY

Sh.B. Baratova

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: poet, poetry, syllabic verses, forms, rhythm, statistic method, metre.

Abstract. In this article problems of sound repetitions of syllabic system of composition of verses and their particularities of evolution are examined. It concludes that sound repetition of Kazakh and Uyghur syllabic verses are similar, and they play identical rhythmic and associative role.

УДК 821.512.122.091

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР ПОЭЗИЯСЫНДА ҚАРА ӨЛЕҢ ҰЙҚАСЫ ЖӘНЕ ШАЛЫС ҰЙҚАСТЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ш. Б. Баратова

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов ағындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: ақын, поэзия, силлабика, форма, ұйқас, статистикалық әдіс, өлшем.

Аннотация. Әр шығарманың ұйқас құрамын, ондағы ерекшеліктерді анықтаудың маңызы зор. Жеке-леген ақындардың шығармашылығында ұйқастарында өзіне ғана тән ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы болатыны белгілі. Мұндай ерекшеліктерді анықтауда статистикалық әдістің орны ерекше. Ол әр ақынның поэзиясындағы дәстүрлілікті, оның қалыптасу, даму заңдылықтарын, сабақтастықты көрсетеді. Сонымен қатар қазақ және ұйғыр поэзиясының даму бағыттарын айқындауға да мүмкіндік береді. Ақындар шығармаларының ұйқастық жүйесі, оның даму ерекшеліктері өзара салыстырылып, статистикалық тұрғыдан осы уақытқа дейін жан-жақты талдау қазақ және ұйғыр әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер силлабикалық өлең жүйесінің болашақ дамуын анықтауға да мүмкіндік береді.

Қазіргі силлабикалық өлең жүйесіндегі кара өлең және шалыс ұйқастардың даму ерекшеліктерін зерделеу мақсатында жеті ұйғыр және жеті қазақ ақындарының жинақтарын негізге алынды. Бұл орайда әсіресе қазақ және ұйғыр поэзиясының дамуында өзіндік орны бар, әдебиеттанушы ғалымдар мен сыншылар тарапынан жоғары бағаға ие болып, өлеңсүйер көпшіліктің ықыласына бөленіп, танымал болған ақындардың шығармалары талдауға негіз болды. Атап айтқанда, М. Мақатаев “Аққудың қанатына жазылған жыр”, Ф. Оңғарсынова “Мен саған ғашық емес ем”, М. Шаханов “Жаңа қазақтар”, Қ. Мырзалиев “Көкпар”, С. Мәуленов “Ақшамның қызыл қанаты”, М. Әлімбаев “Көңіл күні”, Т. Молдағалиев “Сары ала күз келгенде”, И. Бәхтия “Аптап вә көләнгүч”, “Өмүр шундақ өтиду”, С. Мәмәтқулов “Мехрим”, Д. Ясенов “Йәр пуғани”, М. Абдурахманов “Қәдәмләр”, “Қәлб нахшилири”, “Түгүнләр”, “Жиллар садаси”, М. Нәмраев “Ақ чоққилар”, Р. Напизова “Қәләм вә балам”, “Һаят шундақ”, А. Қутлуқовлар “Садақәт сәтирлири”. Ұйқас түрлері қанша көп болғанмен, екі халықтың поэзиясында дәстүрлі ұйқастар жиі қолданылған. Әсіресе, кара өлең ұйқасының орны ерекше. Бұл үлгідегі өлеңнің бірінші, екінші және төртінші тармақтары өзара ұйқасып

келетіні мәлім (ааба). Мұнда үшінші тармақ ұйқас құрауға қатыспайды. Қара өлең ұйқасының бұл ерекшелігі туралы А. Байтұрсынов былай дейді: “Ұзын тармақты, жеке шумақты өлеңдерде 1-ші, 2-ші, 4-ші тармағы ұйқасып, 3-ші тармақ азат қалады” [1, 102 б.].

Шумақ құрамындағы тармақтардың барлығы да ұйқас құрауға қатысса, олардың қолдану өрісі мұндай кең болмас еді. Ұйқастың бұл түрі талдауға алынған жинақтардың ішінде әсіресе, қазақ поэзиясында негізгі орынды иеленеді.

Қара өлең ұйқасы қазақ халқының ауыз әдебиет үлгілерінде де, жазба әдебиет үлгілерінде де кең түрде қолданылған. Ежелгі дәуірде өлең түрінде жазылған үлгілер көбінесе қара өлең негізінде құрылған. Бұл туралы Ш. Керим [2], Ш. Сәтбаевалар [3] еңбектерінде де сөз болады. Ш. Керим жұмбақтардың көбінесе қара өлең үлгісінде жазылғанын айта келіп: “Алтай, башқұрт т.б. түркі халықтарының жұмбақ топтамаларынан 11 буынды қара өлең формасын ұшырата алмаймыз. Аталған өлең формасы қазақ өлеңінің жетілгендігін айғақтайтындығы теоретиктер еңбектерінде анық айтылған”, – дейді [2, 98 б.].

Ұйқастың бұл түрі басқа түркі тілдес халықтармен салыстырғанда, қазақ поэзиясында ежелгі дәуірлерден бастап қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып, кең қолданылып келеді. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде ұйқастың бұл түрінің жиі қолданылуы тегін болмаса керек. Өйткені қазақ халқы ежелден-ақ шаршы топтың алдында тұрып сөз бастауда да, жорық алдында жауға қарсы қол бастауда да, дауласқан екі жақты бітімгершілікке жеткізу үшін де әрдайым сөзінің әсерлі болуына, тыңдарманын ұйытып әкетіп, нақты айғақтар мен бұлтартпас дәлелдер келтіре отырып, кесекті ой, айшықты өрнектерімен жеткізілген сөздің қадір-қасиеті, құдіреті алдында әрдайым басын иіп, сөзге тоқтаған. Сөз қадірін түсінген халық ақылы мен парасаты асса, 13 жасар баланы да би сайлап, төрелігіне жүгінетін болған. Таңды таңға атып, жыр тыңдап, «сөз барымтасы – айтыспен» топ қыздырған халық хандарын, бай-жуаны мен атқамінерлерін емес, ақындарын, сал-серілерін құрметтеген, мәпелеген. Қазақ жеріне келген еуропалықтар да қазақтың шешендеріне, ақындарына, сал-серілеріне, әнші-күйшілеріне, жырауларына тәнті болып, естеліктерінде жазып кеткені белгілі.

Сонымен қатар жастар екі жақ болып айтысуда тез арада ойдан шығарып айтылатын түрлі айтыстарда ұйқастың бұл түрі өте ыңғайлы болған. Яғни бірінші тармақтың соңындағы сөзге екінші тармақта үйлескен сөз табуы арқылы екі рет қайталанған дыбыстық құрам орындаушының есінде сақталады. Сондай-ақ ұйқастан тыс келетін үшінші тармақты айту барысында соңғы тармаққа үйлескен сөзді ойлап алуға да мүмкіншілік болады.

Статистикалық деректерге жүгінсек, қазақ поэзиясы бойынша талдауға алынған өлеңдердің жартысынан көбі қара өлең ұйқасына құрылғанын байқаймыз. Яғни, зерттелінген қазақ ақындарының жинақтарында жалпы 40935 жол болса, оның ішінде 22523 тармақ қара өлең ұйқасы негізінде жазылған. Бұл тармақтар 55%-ды құрайды. Әсіресе Т.Молдағалиев және Қ.Мырзалиев сияқты ақындар жинақтарында жоғары көрсеткішке ие. А.Егеубаев аталған ақындарды қара өлең үлгісін жалғастырушылар ретінде көрсетеді. Ғалым Т. Молдағалиев туралы: “Қазақтың қара өлеңін қайшағын бұзбай құдірет тұтып, жалғастырып алып келе жатқан ақын”, – дейді [4, 143 б.]. Сонымен, қара өлең ұйқасы Т.Молдағалиев шығармашылығында 85,1%-ды, Қ.Мырзалиев поэзиясында 81,6%-ды құрайды. Ақындардың “Ей, роза, соласың-ау...”, “Бағалайды жақсылар байлығымды...”, “Бауырыма”, “Ләйла қыз Қияға ұшқанда” (Т.Молдағалиев), “Менің жұлдызым”, “Ат керек маған”, “Өлең менің...” (Қ.Мырзалиев) сияқты өлең шығармалары пікірімізге мысал бола алады. Сондай-ақ М.Мақатаев 56,1%, С.Мәуленов 41,8% сияқты ақындардың шығармашылығында орта көрсеткішке ие. М.Шаханов (29,7%), Ф. Оңғарсынова (28,8%), М. Әлімбаевтар (22,4%) шығармаларында бұл ұйқастың қолданылу деңгейі шамалас деуге болады.

| | |
|--------------------------------------|------------|
| Өмірдің / көп қой қояр / не талабы, | а 3+4+4=11 |
| Арманға / ерлер ғана / жете алады. | а 3+4+5=12 |
| Кітабым – / елшісі боп / туыстықтың, | б 3+4+4=11 |
| Жіберсін / біріктіріп / екі араны. | а 3+4+5=12 |

М. Мақатаев және М. Шахановтар ұйқастардың өте көп түрін қолданғандықтан, қара өлең ұйқасының пайыздық көрсеткіші онша жоғары болмады. М. Мақатаев жинағында сексеннен артық ұйқас түрі байқалса, М.Шаханов шығармашылығында жетпіске жақын түрі қолданылған. Ұйқас түрлерінің әр алуандығы туралы әңгіме қозғанымызда, Ф.Оңғарсынова өлеңдеріндегі ұйқастық

бірліктерге тоқталмай өту мүмкін емес. Ақынның шығармаларында ұйқастың сексеннен артық түрі бар. Бұл, оның жинағында ааба түріндегі ұйқастың негізгі орынды иелемеуінің бір себебі болса, екінші себебі ақынның көбірек шалыс ұйқастағы өлеңдерге иек артуына байланысты. Ақын жинағында шалыс ұйқас қара өлең ұйқасынан 2,3% артық. Сөйтіп, қара өлең ұйқасы зерттеу нысанына алынған “Мен саған ғашық емес ем” (Ф.Оңғарсынова) жинақтан басқа барлық өлең жинақтарында бірінші орынды иелейді.

Ауыз әдебиет үлгілерін талдай отырып, ертеректе қара өлең ұйқасымен негізінен он бір буынды өлең тармақтары жазылғандығын байқауға болады. Қазақ ақындарының ішінде бұл дәстүр Қ.Мырзалиев жинағында жалғасын тапқан. Яғни, ақынның ааба түріндегі ұйқаста келген өлеңдерінің барлығы он бір буынды өлшем негізінде жазылған (100%). Бұл ұйқас басқа ақындардың жеті, сегіз, тоғыз буындық өлеңдерінде де кездеседі. Оған мысал ретінде ақындардың “Сағыныштай сарғайып...”, “Москвадан кетерде” (8=5+3) (М.Мақатаев); Бибігүлдің әндері” (7=3+4), “Өлең” (8=3+5), “Достарым ортам” (8=5+3) (Ф.Оңғарсынова); “Жалбыраған киімі”, “Кім қол беріп қарасты”, “Халқым менің бүгінгі” (7=4+3), Өзгерді ауа райы, “Судың бу болуы” (8=5+3) (С.Мәуленов); “Алатауға жақын келіп...”, “2-сентябрь 1956” (8=4+4) (Т.Молдағалиев); “Айналайын” (8=4+4) (М.Шаханов); “Жағы тынбас мылжың...”, “Қырға барсаң қойшыға...” (7+3) (М.Әлімбаев) сияқты өлең шығармаларын атауға болады.

Тау бір аңыз, /

Тау — дастан. а 4+3=7

Таусылмаған / әу бастан. а 4+3=7

Ана — Жердің / төсіне, б 4+3=7

Алып сәби / жармасқан. а 4+3=7

М.Шаханов жинағында да бастан аяқ бір ұйқаста келген өлеңдер аз байқалады. Яғни, ақынның көптеген өлеңдерінде ұйқастар араласа берілген.

Байқауымызша, қара өлең ұйқасында негізінен он бір және одан көп буынды өлеңдер жазылған. Мысал ретінде 13 буынды (5+3+5): “Қара тұлпар аш қапты”, “Мақпалдың даусы”; 14 буынды (4+3+4+3): “Аттан түспей тұрғанда...”, “Ей, тіршілік мен сені...” (Т.Молдағалиев); 11↔13 (3+4+4↔3+5+5); “Салпақтап, жаяу-жалпы...” (М.Әлімбаев); 15 буынды (4+4+4+3): “Ешнәрсенің керегі жоқ”, Күн жылыған жер (М.Мақатаев); 16 буынды (4+4+4+4): “Он жетінің әні” (Ф.Оңғарсынова) сияқты өлеңдерді атауға болады.

Шумақтың бірінші жолын ешбір тармақпен ұйқастырмай-ақ, қара өлең ұйқасының жааба түрін тудыруы қазақ поэзиясында, әсіресе, Ф.Оңғарсынова шығармашылығында байқалады. Мұндай тармақтар бөлек қарастырылды. Шумақтың ұйқассыз келген бірінші тармағын “жалғыз тармақ” деп атап, “ж” әрпімен белгілеуді жөн көрдік. Мұндай ұйқасқа құрылған тармақтар саны 219 болып, олар 0,5%-ды құрайды. Бұл түрдегі тармақтар зерттелінген ұйғыр ақындарының шығармашылығында кездеспейді.

Қазақ поэзиясында жоғары көрсеткішке ие болған қара өлең ұйқасы ұйғыр поэзиясында шалыс (абаб) ұйқастан кейінгі орынды иеленеді. Бұл ұйқаспен ұйғыр поэзиясында 3392 жол жазылған, ол 16,1% құрайды. Басқа ұйғыр ақындарымен салыстырғанда, бұл ұйқас М.Һәмраев, Д.Ясенов сияқты ақындардың шығармаларында жиі кездеседі. М.Һәмраев аталған ұйқасты, әсіресе, рубаиларды жазуда өнімді қолданған. Атап айтқанда, “Мәнзилгә бақ достум, йүксәк...”, “Мәрт-ләрнің бөшүгі менин...”, “Яманниң көзигә чүшмигән...” (11=3+3+5) сияқты көптеген рубаилары, өлеңдері жинақта 68%-ға ие. Сондай-ақ, ақынның “Дутар” (11=3+3+5), “Қизилгүл балладиси” (9=3+3+3), “Падичи бала вә бүркүт” (11=4+4+3) атты балладалары бастан-аяқ шалыс ұйқасқа құрылған. Ұйқастың бұл түрі Д.Ясенов шығармашылығында 42,7%-ды көрсетеді. Бұл топқа ақынның “Қәлбиң сап болса”, “Талашта қалған данишмән” (11=4+4+3), “Бевақит яққан қар”, “Тәбиәт күриши” (9=4+5) деген өлеңдері кіреді. И. Бәхтия жинағында “Уйғур елиға”, “Ана жутқа хәт”, “Мән неמידин қорқимән” (11=4+4+3) сияқты өлең шығармалары 33,2%-ға тең. М.Абдурахмановтың “Бәзиләргә һәйранмән қәлби қандақ...” (14=4+3+4+3), “Сәнһәтқар” (11=4+4+3), “Илтимас” (12=3+4+5) сияқты өлеңдеріндегі ұйқастар 20% құрайды. Ақын жинақтарында бұл ұйқастың басқа ұйқастармен араласқан түрі өте аз. А.Қутлуқов жинағында 15,1%-ды иелеген қара өлең ұйқасымен “Адәмләр аманәт өткүнчи...”, “Ақ ләйли лайдиму ечиларкән...”, “Һадүғиң Вәтәндә жүргәндә чиқар...” (11=3+3+5) сияқты өлеңдер жазылған. Р.Һапизова шығармашылығында “Хижил болма”

(9=4+5), “Қар жылвисі” (11=6+5), “Әзиз бешім” (11=3+4+4) сияқты өлеңдері 2,3%-ды құрап, төртінші орын иеленсе, С.Мәмәтқұлов жинағында дәстүрлі ұйқасқа құрылған өлең тармақтары кездеспейді. Байқап отырғанымыздай, қара өлең ұйқасының қолданылуы зерттеуге алынған қазақ ақындарының шығармашылығымен салыстырғанда, ұйғыр поэзиясында әлдеқайда сирек. Ұйғыр ақындарының шығармашылығында абаб түрдегі шалыс ұйқас жиі қолданылады.

М.Мырзахметов: “Шалыс ұйқас қазаққа Абай арқылы орыс әдебиетінен келген”, – дейді [5, 184 б.]. Алайда Ә.Қоңыратбаев бұл өлшем халық ауыз әдебиетінде де қолданылғанын айта келіп, ғалым: “Қазақ поэзиясының табиғатына тән шалыс ұйқастың бастапқы элементтері қазақтың өлең жырларында, мақал-мәтелдерінде, тіпті сонау орта ғасыр жәдігерлігі Махмұт Қашғаридың сөздігінде, жұмбақ өлеңдерде яғни әр түрлі жанрдағы шығармаларда да кездеседі. Шалыс ұйқас қазақ поэзиясы үшін кездейсоқ құбылыс емес”, – деп тұжырымдайды [6, 124 б.].

Түркі тілдес халықтардың әдебиетінде шалыс ұйқас та қара өлең ұйқасы сияқты халық ауыз әдебиетінен тамыр алады. Шалыс ұйқас бұрын қолданылмай, кейінгі дәуірде, орыс поэзиясынан еңсе, ол соншалық кең қолдау тауып кете алмас еді. Ұйқастың бұл түрінде бірінші тармақ үшінші тармақпен, екінші тармақ төртінші тармақпен ұйқасады.

Халық ауыз әдебиетінде шалыс ұйқас көбінесе жеті, сегіз буынды өлеңдерде қолданылған.

Мән беғиңға / кирмәймән, а 7=4+3

Бир гүлүңни / үзмәймән. б 7=4+3

Әнди кәлдим / әқлимгә, а 7=4+3

Надан билән / жүрмәймән б 7=4+3

Уақыт өткен сайын ұйқастың бұл түрі жиі қолданылып келеді. Ол әсіресе ұйғыр ақындарының шығармаларында жоғары көрсеткішке ие. Яғни, талдауға алынған өлең жинақтарындағы жалпы тармақтардың саны 20988 болса, олардың ішінде 10915 өлең тармағы шалыс ұйқасқа құрылған. Бұл 52%-ды құрайды. Статистикалық мәліметтер ұйғыр ақындары негізінен шалыс ұйқасқа иек артқанын көрсетеді. Әсіресе, ол қара өлең ұйқасы мүлдем кездеспеген “Меһрим” (С.Мәмәтқұлов) атты жинақта өте жиі қолданылған, яғни жалпы жолдардың 74,1%-ын құрайды. Сондай-ақ Р.Һапизова (67,5%), И.Бәхтия (52%), М.Абдурахманов (51,3%) сияқты ақындардың шығармашылығында да бұл ұйқас жоғары пайыздық көрсеткішке ие. Қара өлең ұйқасынан кейінгі орында тұратын Д.Ясенов жинағында 38,6%-ға тең болса, М.Һәмраев шығармашылығында 19,6%-ды иелейді. Бұл ұйқас А.Қутлуқов поэзиясында өте төмен көрсеткішке ие (9,4%). Яғни, ақын шығармашылығында үшінші орында тұрады.

Шалыс ұйқас халық ауыз әдебиетінде негізінен жеті, сегіз буынды өлшемдерде қолданылса, қазіргі поэзияда түрлі өлшемдегі өлеңдерде кездесе береді. С.Мәмәтқұловтың шығармаларында бұл ұйқас барлық өлшемдерде келе береді. Оған мысал ретінде ақынның “Пиялә”, “Тәсәлла” (7↔8=4+3↔4+4); “От”, “Чиқмиди” (8=5+3); “Һарвукәш” (9=4+5); “Тирикликтә”, “Келәчәккә хәт”, “Ажришиш” (10=5+5); “Кечиси кәлдим”, “Сучи киз”, “Иссиқ нан” (11=6+5); “Етизда” (13=4+4+5) сияқты өлеңдерін алуға болады.

Шалыс ұйқастың түрлі өлшемдерде қолдануы басқа ақындардың шығармаларында да байқалады. Атап айтқанда, “Илтимас”, “Шеирийәт қудрити” (14=4+3+4+3) “Йәр пұғани” (15=4+4+4+3) (Д.Ясенов); “Әллик жыллик тоюңлар мубарәк болсун” (9=3+3+3) (И.Бәхтия); “Һарпида” (11=6+5), “Қутлуқ таң” (4+4+3), “Булбул” (13=4+3+3+3), “Балилик вақит – бал вақит” (14=4+3+4+3) (М.Абдурахманов). Сонымен қатар “Кәчүрмәйду” “Ойнашма”, “Тепишмак”, “Бедава дәрт” (9=4+5) сияқты А.Қутлуқов өлеңдерінде он тармақтан құралған өлеңдердің бірінші шумағы осы ұйқасқа құрылған. Р.Һапизова шығармашылығында да он төрт жолды “Қирғактики қия таш”, “Қоллар чачти тупраққа урук” (9=4+5) атты өлеңдердің бірінші шумағы абаб түріндегі ұйқасқа құрылған:

Сорайду, дәйду, / жутдашлар сени а 5+5=10

Қериндишим, / саңа көп рәхмәт! б 4+5=9

...Һазирға сорима, / издимә мени, – а 6+5=11

Мән өзәм өзәмни / жүримән издәп. б 6+5=11

Х.Сүйіншәлиев: «Ұйқас өлеңге жан бітіретін оның ең бір қажет мүшесі», – дейді [7, 213 б.]. Ұйғыр поэзиясында негізгі орынды иелеген шалыс ұйқас зерттеуге алынған қазақ ақындарының шығармашылығында қолданылу жиілігі жағынан қара өлең ұйқасынан кейінгі орында тұр. Яғни бұл ұйқаспен жазылған 10050 өлең тармағы 24,5%-ды құрайды. Шалыс ұйқастың қазақ ақында-

рының шығармаларында қолданылу сипаты да алуан түрлі. С.Мәуленов (52%), М.Әлімбаев (40%), Ф.Оңғарсынова (30,5%) сияқты ақындардың шығармаларында өте жиі кездессе, Қ.Мырзалиев (16%), М.Шаханов (15%), Т.Молдағалиевтар (11%) жинақтарында қара өлең ұйқасынан кейінгі орында тұр. М.Мақатаев жинағында бұл ұйқаспен жазылған жолдар өте аз. Ол бар-жоғы 9%-ды құрайды. Қазақ ақындарының жинақтарында бұл ұйқас негізінен жеті, сегіз, буынды өлеңдерде кездеседі. Сонымен қатар оларды басқа да өлшемдерде кездестіруге болады. Бұл ұйқас Т.Молдағалиевтың тоғыз, он буынды “Туған ел”, “Жүрегім”(10=5+5), “Құдағи құрбым” (9=3+3+3) атты өлеңдері мен бірге М.Шахановтың он бес буынды “Ла–Валлетта маңындағы” (4+4+4+3) деген өлеңінде байқалады.

О, туған елім, / тұғырым, туым, а 5+5=10
Саған жақпасам, / жағамын кімге. б 5+5=10
Нұрыма дәйім / бетінді жуын, а 5+5=10
Өзіңе қарай / ағамын күнде. б 5+5=10

Сол сияқты “Біреулердің осалдығын”(11=4+4+3), “Түнгі Ашхабадта”, “Сағындың ба Қаракұм” (11↔7=3+4+4↔4+3), “Күні-түн құртса да”, “Өнерін көргенде” (9=3+3+3) (М.Әлімбаев); “Сүйген – сұлу”(11=4+3+4), “Басымды айландырды-ау мұң” (11=3+4+4) (Ф.Оңғарсынова) сияқты өлеңдер де абаб түрде жазылған. М.Әлімбаев ауыспалы буынды өлеңдерінде негізінен шалыс ұйқасты жиі пайдаланған. Ақынның “Салпақтап жазу жақсы”, “Имановтар, Ивановтар” атты өлеңдерінен басқа барлық шығармалары абаб түріндегі ұйқасқа құрылған.

Шалыс ұйқастың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі жеті және сегіз буынды өлеңдерде қолданылу тәсілі С.Мәуленов, М.Әлімбаев шығармаларында жалғасын тапқан. С.Мәуленов шығармаларында қара өлең ұйқасы шалыс ұйқастан кейінгі орынды иелейді. Сөйтіп, қазақ және ұйғыр ақындары ұйқастың бұл түрін одан әрі жетілдіріп, дамытып келеді. Сонымен, зерттелінген қазақ ақындарының шығармашылығында жетекші орынды қара өлең ұйқасы (абаб) алса, ұйғыр поэзиясында шалыс ұйқас (абаб) иеленеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- [2] Керим Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 248 б.
- [3] Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.
- [4] Егубаев А. Сөз жүйесі. Сын кітабы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 272 б.
- [5] Үсенова А. Шәкәрім өлеңдерінің құрылысы: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 138 б.
- [6] Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1979. – 164 б.
- [7] Сүйіншілиев Х. Изденіс іздері. Қазіргі әдебиет туралы зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 220 б.

REFERENCES

- [1] Baytursi'nov A. A'debi'et tani'tqi'sh. Zertew men o'lengder. Almati': Atamura, 2003. 208 p. (in Kaz.).
- [2] Kerim Sh. Kazakh riddles. Almaty: Sanat, 1999. 248 p. (in Kaz.).
- [3] Satbayeva Sh. Shokan Walikhanov – philologist. Almaty: Gylym, 1987. 224 p. (in Russ.).
- [4] Egwbaev A. So'z ju'yesi. Si'n kitabi'. Almaty: Jazwshi', 1985. 272 p. (in Kaz.).
- [5] Usenova A. Shakarim o'lengderining quri'li'si: fi'l. ghi'l. kand. ... dis. Almaty, 1999. 138 p. (in Kaz.).
- [6] Qongiratbayev A. Sheberlik si'rlari'. A'debi' si'n. Almati': Jazwshi', 1979. 164 p. (in Kaz.).
- [7] Su'yinsha'li'ev H. Izdenis izderi. Qazirgi a'debi'et twrali' zertewler. Almaty: Jazwshi', 1975. 220 p. (in Kaz.).

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ РИФМЫ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ И УЙГУРСКОЙ ПОЭЗИИ

Ш. Б. Баратова

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: поэт, поэзия, силлабика, форма, рифма, статистический метод, метр.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы звуковых повторов силлабической системы стихосложения и их эволюционных особенностей. Функция звуковых повторов казахского и уйгурского силлабического стиха идентична и выполняют одинаковую ритмическую и ассоциативную роль.

Поступила 12.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 111 – 116

HARIDZHIZM: THE HISTORY OF GENESIS AND DEVELOPMENT OF RADICAL ISLAMISM

Z. H. Dzhailov

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: islam, historical heritage, religious ideas, religion, right, radical islamism.

Abstract. This article analyzes the characteristics of radical religious ideology. For imagine the real nature of Islamist movements and currents, not always identical nor its origin, nor on the historical traditions or religious teachings, the author dwells on some of pertinent issues related with the specifics of Kharijite movement and its features.

УДК 294(574)

ХАРИДЖИЗМ: К ИСТОРИИ ГЕНЕЗИСА И РАЗВИТИЯ РАДИКАЛЬНОГО ИСЛАМИЗМА

З. Г. Джалилов

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: ислам, историческое наследие, хариджизм, религиозные идеи, религия, право, радикальный исламизм.

Аннотация. В данной статье анализируются особенности радикально-религиозной идеологии. Чтобы представить себе действительную природу исламистских движений и течений, не всегда тождественных ни по своему происхождению, ни по историческим традициям, ни по религиозным учениям, автор останавливается на некоторых вопросах данной тематики, связанной со спецификой хариджитского движения и его особенностями.

В последние годы в отечественной и зарубежной историографии значительно возрос и продолжает возрастать интерес к истории исламской религии, которая и дальше будет развиваться в особо сложном пространстве – правовом, политическом, хозяйственном, социо-культурном. Заметное место в исследовательском процессе по-прежнему занимает изучение различных движений и направлений в исламе, систем взглядов мусульманских мыслителей и возглавлявших ими школ. Интерес к этому кругу вопросов, вполне закономерен. Помимо, разумеется, чисто академического аспекта, есть и другие, не менее серьезные мотивы, например, события, происходящие в Сирии, Ираке, Ливии, Египте и ряде других стран. Наше сегодняшнее знание о тенденциях и причинах распространения исламизма уже ни у кого, пожалуй, не оставляет сомнений в факте самого непосредственного и весьма значительного влияния исламистской идеологии на транс-формацию всего разностороннего комплекса общественных структур в мусульманских обществах.

Религиозно-радикальные движения и течения имеют свои особенности, как в своем возникновении, так и в своем развитии. Чтобы представить себе действительную сложность «религиозного вопроса», многосложность и разнообразие исламистских движений и течений, не всегда тождественных ни по своему происхождению, ни по историческим традициям, ни по религиозным учениям, мы и позволили себе остановиться на некоторых вопросах данной тематики, связанной со спецификой хариджитского движения.

В свое время А. Массэ считал, что первые признаки раскола в исламе стали проявляться сразу же после смерти Пророка Мухаммеда [1, с.57]. По мнению С.У. Дюшенбиева, можно выделить несколько причин раскола, которые можно свести к следующим: 1. Склонность к пророчеству, свойственная семитам. 2. Разногласия по поводу сущности верховной власти (хариджизм, шиизм). 3. Разногласия, связанные с представлениями о Боге [2, с. 101]. Хотя данные причины не оформлены в строгие определения, тем не менее, дают определенное представление о мусульманских движениях и течениях в целом. К тому же раскол в исламе рассматривается в развитии. Многие авторы отмечают, что во всех случаях возникновение различных направлений и движений в исламе обуславливалось глубокими социальными причинами, нередко и сугубо политическими мотивами. Это хорошо показано в исследованиях Е.А. Беляева и других авторов, занимающихся анализом идеологии различных движений и течений в исламе. Кстати сказать, М.А. Родионов выступает против того, чтобы применять к различным течениям ислама такие термины, как «ортодоксия», «ересь», «сектанство», «клир» и прочие [3, с.223].

Как известно, Пророк Мухаммед не только не успел при своей жизни выработать концепцию о верховной власти, но и не оставил указаний о своем преемнике. «Именно ее отсутствие или противоречие между религией и правом, – отмечает С.У. Дюшенбиев, – стало самой главной или первой причиной раскола в исламе, которые имели далеко идущие последствия» [2, с.11]. В сознании же верующих вопрос о верховной власти представлялось чисто «возрождением ислама», борьбой за «чистоту веры», связывались с поисками путей подлинного справедливого общества. Появление того или иного направления в исламе объявлялось его лидерами как некое «открытие» сокровенного смысла Священного Писания, ранее отвергнувшего религиозными идеологами. Отсюда претензии на исключительность своей доктрины, притязательность на верховную власть в мусульманском обществе, непризнание авторитета суннитского халифа и шиитского имама.

Наиболее известными исследователями течений в исламе считаются Абу ал-Музаффар ал-Исфараини и Абу ал-Фатх Мухаммад бен ал-Карим аш-Шахрастани. В своей работе «Книга о религиях и сектах» («Китаб ал- милал ва-н-нихал») аш-Шахрастани в основу их классификации положил фирк (организованная группа людей, обозначаемая «сектой», исповедующих особое мнение по одному или нескольким вопросам). Он выделил в исламе четыре течения: кадариты, сифатиты, хариджиты и шииты. В результате соединения одной с другой, образуется большое направление, от которой разрастаются ветви, образующие 73 мусульманские секты. Основываясь на Коран и известные хадисы Пророка, аш-Шахрастани утверждал, что из всех направлений избежит ада и уцелеет только одна – ахл ас-Сунна – ва - л джамаа (люди сунны и общины) [4, с.27].

В одном из хадисов отмечается, что мусульманская община со временем распадется на 73 группы (фирка), иудаизм – на 71 ветви, христианство – на 72. Следует заметить, в вопросах количества сект в исламе (да и не только в исламе) существуют разные точки зрения. Например, А.В.Малашенко считает, что в исламе имеется «значительно больше сект, каждая из которых стремилась доказать свою правоту» [5, с.55]. Другие же призывают исходить из здоровой оценки и не приписывать исламу большее количество сект. Многие идейные течения в исламе возникли при правлении имама Али, Омеядов и Аббасидов. Кстати сказать, как отмечают многие исламоведы, одна из важнейших исторических заслуг Абу Ханифы заключается в том, что он на основе разработанной им теории религиозных основ шариата призывал к единению исламского общества, избегать раскола мусульманской уммы и социально-политических конфликтов.

Известный востоковед М.А. Родионов, повествуя о первом расколе в исламе, пишет, что в 657 году в битве при Сиффине халиф Али разбил сирийцев, поддержанных полководцем Амром ибн ал – Асом, покорителем Египта. Его уловка (он прикрепил к копьям свитки Корана и возвал к третьей стороне) спасли сирийцев от полного разгрома [3, с.60]. Далее он пишет: «Считая, что суд Божий уже свершился на поле брани и люди не вправе оспаривать его решение, двенадцать

тысяч бойцов покинули лагерь Али, за что их прозвали хариджитами, то есть ушедшими. Они выступили против обеих сторон – и против Али, и против Муавийи. Так начался первый раскол в исламе» [3, с. 60]. Противостояние между центральной властью и хариджитами привело к трагическим последствиям: в 661 г. в Куфе был убит Али.

Однако имеется и другая точка зрения, которая считает, что первый раскол в исламе связан с появлением партии (фирка) сторонников Али ибн Абу Талиба, зятя Пророка, а хариджитов первой сектой в исламе, которая выступила против идейно-политической платформы халифата. Она в дальнейшем разделилась на несколько сет, которые просуществовали до 12 века. Если «хариджия» имела политическую направленность, то другие секты, например, «джабария», «кадария», «муслия», «хураммия» и др. в основном идейно-религиозный характер [6, с.476].

По мнению исламоведов термин «хариджит» происходит от арабского глагола «хараджа» т.е. «вышел», «ушел», «отколовшийся», «выбившийся из армии Али». Е.А.Беляев считает, что слово «хариджит» можно перевести как «повстанец» [7, с.159]. В основе движения против Омеядов лежала идеология хариджитского учения, самого радикального и экстремистского. Хариджиты не стали ни шиитами, ни суннитами. Им принадлежит идея убийства по религиозным мотивам – исти`рад. Каждый мусульманин должен был примкнуть к ним, в противном случае его объявляли неверным (такфир). Нельзя не обратить внимание на одну особенность хариджизма, на которую они указывают – крайний фанатизм и нетерпимость не только к политическим и религиозным противникам, но и к инакомыслящим мусульманам. Это, естественно, вызывало возмущение людей. Особенно их возмутило жестокое отношение хариджитов к Усмани и Али, объявивших их неверующими. Насилие по отношению к вероотступникам было одним из принципов хариджитов. В академическом словаре по исламу отмечается, что «в вопросах религии хариджиты были поборниками «чистоты» ислама и отличались строгим исполнением религиозных предписаний. Исходя из положения, что истинная вера определяется действием, хариджиты (исключая надждитов) делали вывод, что совершившие «тяжкие грехи» становятся вероотступниками, с которыми необходимо вести «священную войну». Убийство вероотступников (в том числе «незаконных» халифов) было религиозным принципом хариджитов» [8, с.260]. В отличие от других направлений в исламе, хариджиты претендовали на то, чтобы подняться над халифами, подчеркивая свою исключительность, свою воинственность и обращали на это особое внимание. Они первыми в исламе стали выступать против существующего строя, и их первыми лозунгами стало положение о том, что правоверие человека нужно судить по его действиям. Отсюда их фанатизм и непримиримость не только к не мусульманам, но и к своим единоверцам, не воспринявшим их убеждения. Непримирым противником идеологии хариджитов являлся основатель ханифитского мазхаба, известный законовед и мухаддис, Имам А`зам – Абу Ханифа Ну`мана ибн Сабит ибн Марзбана ибн Заут (699-767 гг.). На протяжении всей своей жизни он разоблачал учение хариджитов, призывая к толерантности и гражданскому миру. В центре борьбы с ними Абу-Ханифа была идея ирджа, т.е. откладывание тех или иных суждений и разногласий на суд Всевышнего.

Хариджиты вступали в открытый конфликт с халифатской властью, используя самые жестокие методы борьбы. По их мнению, все правители, которые судили не по шариату хотя бы в одном вопросе, а также их подданные являются неверующими, даже если во всех остальных вопросах все они соблюдали шариат. Считая многих неверующими, они готовы были лишить жизни всякого, кроме тех, которые, следуя их убеждениям, восставали против правителей своих государств [9, с.14]. На фоне многочисленных движений, хариджиты постоянно заявляли о себе теми или иными громкими акциями. Они были организаторами бунтов и восстаний в Иране и Хорасане, не давали покоя Омеядам и Аббасидам. Именно наиболее радикальные из них подготовили в 661 году убийство Али и возглавили крупные бунты и мятежи в Басре и Куфе. Именно при активном участии хариджитов и их предводителя ад-Даххака ибн Кайса разразилось кровавое восстание при халифе Марве II в Ираке. Однако не все направления в хариджизме поддерживали практику насилия, особенно в отношении женщин и детей. К таковым можно отнести суфритов – одной из трех основных хариджитских ветвь. Она возникла в Басре во второй половине VII века (основатель Зийад ибн ал – Асфар). В отличие от азракитов, последователи этой секты считали, что отказ от вооруженных выступлений не должен служить основанием, считать единоверцев отступниками от своей веры; они не признавали практику убийства беспомощных людей из лагеря своих противников. Как

известно, наиболее крайнее направление в хариджизме – азракиты выступали за убийство не только самого грешника, но и его потомства [10, с.96]. В КСА шииты, как и сунниты, представлены разными течениями. Шииты Восточной провинции, где приверженцы этого направления в исламе составляют около 60% местного населения, относятся к имамам-джафаритам, или двенадцатиимамным шиитам. Этого же течения в исламе придерживаются и шииты в Медине. В районе Янбу - шииты-кайсаниты. Шииты-исмаилиты сконцентрированы на юге, особенно в Наджране в племени Йам. Зейдиты распространены в южных и западных районах страны.

Наиболее «умеренной» из хариджитских движений, по мнению большинства исследователей, являются ибадиты (основатель Абдаллах ибн Ибад, однако по другой версии основателем этой общины был Джабир ибн Зайд). Широкое распространение идеи ибадитов получило в VIII-IX вв. Благодаря активной пропаганде ибадитских эмиссаров к середине VIII в. в пределах Омеядского халифата ибадитами были подняты мятежи и восстания. Они временно захватили Мекку и Медину. В 70-х годах VIII в. было образовано Ибадитское государство Рустамидов с центром в г. Тахарт (Северная Африка). Большой успех сопутствовал ибадитам в Омане, Иране, Ираке, регионах Северной Африки. Как отмечает М.Б. Асанбаев, «в VIII в. и до конца XVIII в. население (Омана) было представлено союзом племен, исповедующих ибадитское направление шиизма. Помимо общности историко-культурного наследия и сложившихся традиционных экономических связей, оманские племена объединились вокруг имама, которому наряду с религиозной принадлежала и светская власть в имамате» [11, с.47].

В рамках своей религиозно-политической доктрины ибадиты выступали за одновременное существование имамов в разных странах мусульманского мира. Согласно доктрине ибадитов имам должен строго и неукоснительно следовать Корану, что дает ему право быть полноправным правителем. Так же, как и сунниты, ибадиты считали, что поступки людей детерминированы волей Аллаха. В отличие от хариджитов ибадиты выступали против убийства по политическим и религиозным мотивам, признавали верующими мусульман из числа своих противников.

Однако имеется и прямо противоположный взгляд на практику и идеологию ибадитов. В книге, изданной Стамбульским издательством «Хакикат Китабэви», отмечается, что ибадиты, кроме себе подобных, всех остальных мусульман считали неверными и во время войны разрешали грабить их имущество. Если мусульманин совершал тяжелый грех, то его также считали неверным. Неверным считали они и Святого Али [12, с.224].

Как считают видные исламоведы, в рядах приверженцев ибадитского учения не было единства по многим политическим и религиозным вопросам, что послужило выделению таких основных ибадитских общин, как хафситы, хариситы, йазидиты и вахбиты. В фундаментальном академическом словаре «Ислам: энциклопедический словарь» отмечается, что наиболее влиятельной и значительной общиной была община вахбитов, сыгравшая весьма заметную роль как в истории хариджитского движения, так и в истории развития ислама.[8, с.81].

Следует заметить, что взгляды по основным религиозно-политическим вопросам суфритов и ибадитов в основном совпадали, что послужило основой для того, что в последующем последователи Зийида ибн ал-Асфара слились с последователями Абдаллаха ибн Ибада [8, с.81]. Это свидетельствует о том, что между ними было больше идейного родства, нежели их организационная самостоятельность и независимость. Суфритское движение возникло в Иране в VIII в. и по сравнению с другими хариджитами (например, азракитами) его приверженцы выступали против практики убийства женщин и детей своих противников, а также воздерживались от участия в восстаниях и бунтах.

Логическим развитием сложных процессов в самом хариджитском движении явилось то, что в нем самом образовались отдельные течения, последователи которых имели свои взгляды относительно методов борьбы и как использовать их в тех или иных обстоятельствах. Раскол – прямое следствие кризиса, которое переживало хариджитское движение. В этих условиях наряду с хариджитскими течениями, которые выступали за «чистоту» ислама и строгое исполнение религиозных предписаний, выделились движения, последователи которых не восприняли ряд положений, выдвинутых крайними хариджитскими общинами. Наряду с фанатизмом и жесткостью в отношении инакомыслящих мусульман, появление более умеренных хариджитских общин ослабило базу радикального хариджитского движения и привело его к поражению.

Аналогии, возникающие при сравнении хариджитских движений, приводят к мысли об их дочернем характере, разъединившихся в рамках хариджитского движения в силу, прежде всего, внутренних причин. О характере их взаимоотношений можно лишь гадать. Однако их различные названия не должны вводить в заблуждение относительно их подлинной природы. При всех особенностях в них можно выделить не только особенное, но и общее, в идейной области все они были родственны и верны основным принципам учения хариджизма. Их цель – распространение среди мусульман своих воззрений, сделать их сторонниками своих организаций, привести к принесению присяги своему лидеру и направить их в дальнейшем на осуществление политических задач организации.

Хариджитские движения отличались, прежде всего, степенью идеологической вооруженности. Опираясь на свое учение, они создавали ту прочную идейную платформу, которая необходима для уверенности и стабильности любой организованной оппозиции правящему режиму и защищающей ее от его официальной идеологии. Поэтому хариджитские движения представляли собой стойкую и жизнеспособную (до определенного времени) систему, апеллировавшие главным образом к социальным и религиозным чувствам масс. Не случайно бунты, проходившие под руководством хариджитов, были более упорными, организованными и продолжительными, нежели те, которые поднимали другие религиозные общины.

Анализ проблемы позволяет отметить такие характерные, общие для всех хариджитских движений черты их мировоззрения, как непризнание авторитета халифа и шиитского имама.

Современные лидеры религиозно-радикальных движений и поныне в своей деятельности используют взгляды и убеждения хариджитов. Например, последователи Сеййид Кутба, образовавшие в свое время такие организации, как «Братья – мусульмане» («ал – Ихван ал – муслимун»), «Исламская община» (Джамаат ал – исламийя»). Также как и хариджиты, они называли неверными тех, кто делал суждения не по Шариату. В основе этих организаций лежит доктрина Сеййида Кутба, которая гласит: «Кто судит не по Корану, даже в одном вопросе, тот отрицает Божественность Аллаха и присваивает Божественность себе» [13, с.18]. Доктрина Сеййида Кутба, как замечают теологи, исходит из неправильного толкования Суры 5 «Ал – Маида», Аят 44. Он считал (также как и хариджиты) неверными тех правителей, которые правят не по Шариату, а также поданных этих правителей [13, с.18].

Отстаивая звание носителя «истинного ислама», идеологи религиозно-радикальных течений преследуют несколько целей. Во-первых, они стремятся играть роль образца для всех мусульман в вероисповедании. Во-вторых, играть роль представителя и защитника чистоты ислама перед лицом неверных, в том числе и из числа мусульман. В-третьих, претендовать на главенствующую роль в верховной власти, которую они понимают, прежде всего, как средство «очищения ислама» и борьбы с отступниками от веры. В-четвертых, они обвиняют в вероотступничестве тех правителей, которые отклонились от норм шариата. Все это напоминает те цели, которые в свое время ставили перед собой хариджиты.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Массэ А. Ислам. Очерки истории. – М., 1982. – С. 57.
- [2] Дюшенбиев С.У. Исмаилиты на пороге XXI в. – Бишкек. 2007. – С. 101.
- [3] Родионов М.А. Ислам // История религии. – СПб., 1997. – С. 223.
- [4] аш-Шахрастани, Мухаммад б.Абд ал-Карим. Книга о религиях и сектах. – М., 1984. – С. 27.
- [5] Малашенко А.В. Ислам и политика в государствах Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 1999. – № 4 (5). – С. 55.
В статье проводится историко-философский анализ роли и влияния здравого смысла на становление и развитие мировоззрения. В статье авторы обосновывают, используя историю мировой философской мысли, роль и место здравого смысла в формировании мировоззрения. С помощью такого подхода возможно более развернутое обеспечение и раскрытие смысла и содержания отражения законов правильного мышления и их роли в становлении мировоззрения. Авторы тщательно изучили труды европейских и российских исследователей истории философии в этой области.

Один из главных аспектов системно-структурной организации мировоззрения касается глубокой и сложной проблемы смысла общественной и индивидуальной деятельности, которая не только имеет целью достижение истины, но и ставит задачу более широкую – постижение правды. Сюда же мы включаем проблемы социального и личного оптимизма, человеческого счастья, судьбы. Мировоззрение выражает человеческую личность, определяет цель и смысл самой субстанции человека. Сюда же входят такие широко распространенные понятия, как мудрость и здравый смысл.

Все эти перечисленные понятия имеют интенсивно насыщенное ценностное содержание, хотя многие из них (правда, счастье, судьба, мудрость и др.) мы не можем определить и объяснить вполне вразумительно, чтобы это было понятно для многих и чтобы какую-то часть из этих многих наши рассуждения удовлетворяли. Но тем не менее, даже обыденные представления об этих сложных понятиях являются своеобразными точками опоры для человека, общества и государства, прежде всего, нравственными. И естественно, эти точки опоры бывают социальные, религиозные, философские, политические, правовые, художественные и др. Они тоже несут собственную ценностную нагрузку и должны быть предметом аксиологических исследований.

Очень существенной функцией разбираемой стороны мировоззрения является то, что она весьма активно пытается противостоять теории и отношениям отчуждения, ставя и пытаясь решить чисто человеческие проблемы. Отношения отчуждения охватили почти все сферы социального организма в цивилизованном обществе и преодолеть их – задача трудная, а нередко, может быть, и невозможная. А тем не менее, противостояние мировоззренческих, духовных факторов этим отношениям имеет высокую значимость, по меньшей мере, как критика, по большей – как формирование определённого общественного мнения, настроения, которые могут перерасти и в реальные действия. Ценностное содержание анти-отчужденческой направленности мировоззрения неоспоримо. Казалось бы, самым простым, более или менее понятным, является термин «здравый смысл». Но, как считает российский автор Милютин Ю.Е., природа здравого смысла противоречива. От его имени выступали и материализм, и идеализм. Беркли им посвящал свои выступления против материи. Французские просветители от его имени ниспровергали религию и невежество. Гольбах этой теме посвятил специальную работу «Здравый смысл» [1, С.27].

В средние века здравый смысл интерпретируется как эфемерное мышление, погруженное в обыденное течение вещей, в противоположность которому идеалом познания объявляется мистическое созерцание бога.

Принцип здравого смысла занимал в XX веке центральное место в гносеологии «реалистической» философии (Дж. Сантояна, Дж. Мур и др.), в которой здравый смысл выступал связующим звеном между человеком и внешним миром. А неопозитивистское ответвление лингвистического анализа с позиции здравого смысла лишает философию мировоззренческой сущности, низводя её до уровня тривиального истолкования обыденного опыта людей.

В марксистской философии диалектического мировоззрения на здравый смысл не обращалось особого серьёзного внимания, поскольку безоговорочно провозглашался безграничный приоритет официальной науки и догматической идеологии в формировании и развитии и философии, и материалистического мировоззрения, и диалектического мышления. Только иногда в историческом материализме при анализе общественного сознания, особенно при истолковании обыденного сознания, эмпирических знаний и даже общественной психологии мельком проскальзывали указания на здравый смысл в общем перечислении множества явлений духовной сферы.

На этой основе уже упоминавшийся автор Милютин Ю.Е. различал в диалектическом материализме два уровня здравого смысла – обыденный и научно-теоретический: первый включает в себя, по его мнению, «совокупность обыденных мнений, взглядов, привычек, традиций и других форм стандартизированного социального поведения, выполняющих функцию ориентации в повседневной жизни, их изучением занимается преимущественно социальная психология». Второй уровень здравого смысла, считает Милютин Ю.Е., состоит из устоявшихся научных представлений и положений информативного характера, принципов аксиоматического характера; собственный теоретический потенциал здравого смысла весьма ограничен и сколь-нибудь серьёзного значения для науки и философии не представляет [1, С.29-30].

В общем, как видим, очень низкая оценка здравого смысла сначала объясняется наличием у него научно-теоретического уровня, а истолковывается этот уровень, как нечто далёкое и отдалённое от науки и философии, от системного мировоззрения. Впрочем, это не особенно удивительно, официальные идеологи коммунистической власти даже опасались аргументации, основанной на здравом смысле, поскольку она была явно несовместима с догматическими теориями и основанной на них уродливой практикой. Тем более, что здравый смысл в числе многих других факторов мог порождать инакомыслие; всё более увеличивавшиеся ряды так называемых диссидентов сами формировались, не в последнюю очередь, на основе здравого смысла и воздействовали на общество также с его помощью. Поэтому здравый смысл имеет определённую ценность, имеет, так сказать, право «научного гражданства», и его необходимо исследовать и в общетеоретическом, и в аксиологическом плане, поскольку его явно негативные оценки, по нашему мнению, не вполне обоснованы. Они состоят из утверждений типа: здравый смысл не осознаёт своей социально-исторической обусловленности (хотя и здесь мы видим признание наличия этой обусловленности): он лишён критической рефлексии (хотя всякая критическая рефлексия именно со здравого смысла, на наш взгляд, и начинается) [1, С.31]. Принижается и роль здравого смысла в определении его функции. По Милютину Ю.Е., здравый смысл выполняет две функции: 1) критически-негативную, подготавливая рождение прогрессивных идей, от его имени была разрушена античная мифология, 2) ретроградную – в силу своей консервативности, догматичности, здравый смысл – это стихийно сформированное мышление [1, С.32].

Как видим, обе функции здравого смысла, сформулированные в отрицательном плане, тем более, разрушение античной мифологии, трудно назвать достоинством. Но, думается, что к исследованию этого понятия необходимо подойти с более разносторонних и взвешенных позиций. Хотя сложности на этом пути неизбежны. Многие феномены данного анализируемого аспекта системно-структурной организации мировоззрения имеют трансцендентный характер. Скажем, никто не знает, что такое смысл жизни или каждый это представляет по-своему. То же самое можно сказать о понятии счастье, судьба, правда, мудрость и т.п. В определённой мере эта трудность относится и к постижению здравого смысла.

Системность и структурность мировоззрения не ограничивается чисто внутренними элементами, свойствами, проявлениями. Есть и многообразные его внешние связи, внутренние, внешние проявления, которые также необходимо учитывать и анализировать при изучении данной категории. А это уже следующий аспект представляемой систематизации. Мировоззрение находится в одном ряду и имеет однопорядковый характер с такими фундаментальными категориями и

отраслями духовной сферы, как сознание, познание, мышление, мифология, религия, философия, наука, относительно самостоятельно сосуществует с ними (будучи и их элементами); знания, вера, самосознание и др. как внутренне-внешние феномены.

Имеют немалое отношение к мировоззрению и также тесно связанные с ним многие ненаучные формы знания – мистицизм, герметизм, астрология, алхимия, мифология, магия и др., которые, как уже отчасти отмечалось, в интеллектуальных традициях I-XIV веков занимали большое место и, как теперь выясняется, специалистами далеко не напрасно. Ибо только наука, научность, научный подход, научная методология показали себя, мягко говоря, и с не лучшей стороны, не оправдали многих надежд цивилизованного человечества, отказавшегося от большого разнообразия культурных пластов человеческой истории. XX век, объявленный веком науки, научно-технической революции, высоких и сложных технологий, в развитых странах, также веком массового производства и массового потребления; этот век создал, развил и продолжает развивать уже в XXI веке цивилизацию с не вполне человеческим лицом – с экологическими и техногенными катастрофами, с массово-смертоносными видами оружия, с массово-химизированной пищей, одеждой, предметами быта и т.д.

А сейчас следует сказать несколько слов о систематизации мировоззрения, представленной другими авторами не столь подробно, а крупными структурными совокупностями. Известный автор Спиркин А.Г. и украинский философ Черноволенко В.Ф. представляют собственные градации в содержании мировоззрения.

Прежде всего Черноволенко В.Ф. приводит три основные точки зрения на разбираемую категорию: 1) мировоззрение равнозначно философии, 2) мировоззрение – это миропонимание, то есть всё общественное сознание, 3) мировоззрение есть совокупность и идеологических элементов сознания [2, С.11-12].

В этих попытках свести сложное духовное явление лишь к какому-нибудь одному феномену, явно выступает марксистско-ленинская, если можно так выразиться, «традиция» чрезмерного упрощения многих сложных, разносторонних феноменов, их крайняя примитивизация. Подлинные же предметные подходы и анализы объявлялись идеалистическими спекуляциями, «филиацией идей» и тому подобными фокусами «апологетов» капитализма и буржуазии.

В таком же ключе звучат следующие сентенции: выработка мировоззрения является важной социальной функцией философии (и только!?). А где же мифология, религия, фольклор, искусство, мораль и т.д.) [2, С.13], «после своего возникновения философия ещё долгое время не может стать достоянием широких масс трудящихся. Поэтому мировоззрение... большинства людей продолжает оставаться не систематизированным, стихийным нефилософским» [2, С.14-15], «возникновение философии было возникновением не мировоззрения, а качественно новой формы мировоззрения» [2, С. 20].

Но надо отдать должное, были и попытки выхода за пределы столь узко регламентированного объяснения данной категории. В частности, такие в то время смелые тезисы: при отождествлении мировоззрения с марксизмом-ленинизмом недооценивается роль естествознания (и это вскоре после того, как считалось, что генетика, кибернетика и др. объявлялись «продажными девками империализма»), не все положения марксистско-ленинской теории имеют мировоззренческий характер (а это уже было сродни богохульству), каждое определение мировоззрения обеспечивает её «работоспособность» в определенном смысловом контексте и имеет право на существование [2, С.21]. Это даже смело обосновывалось полисемантизмом слова «мир», поскольку в словаре Ушакова Д.Н. оно имеет восемь самостоятельных значений и около двадцати пяти смысловых оттенков [2, С.23].

Казалось бы, это является основой для терпимости к существованию разных точек зрения. Но уже страницей ниже неприятие других мнений снова становится очевидным: то, что в XIX веке мировоззрение употребляется как совокупность метафизических псевдопроблем, в «философии жизни» мировоззрение трактуется как «переживание мира», в обоих последних случаях, считает автор, оно отрывается от науки и эти взгляды противостоят диалектико-материалистическому мировоззрению [2, С.24-29].

А теперь об обещанных крупных структурных совокупностях мировоззрения, предлагаемых Спиркиным и Черноволенко. Каждый автор выделяет три аспекта этой категории, несколько по-

разному называя и подменяя некоторые из них. Так, первый автор называет первый аспект естественно-научным, который составляет обобщённую систему знаний человека о природных явлениях и его отношениях к кардинальным принципам бытия природы, каждый из нас, поясняет он, – это «природа, ставшая человеком», «через свои потребности, через практическую деятельность, через науку и искусство мы осознаём своё единство с природой, постигаем её законы», «отношение человека к природе осуществляется через бесконечное многообразие отношений его к другим людям, через общественные отношения» [3, С.148,149]. Второй автор этот аспект называет натуралистическим (отношения человек – природа), другой аспект-гуманитарный (человек – общество), третий-гносеологический (субъект – объект) [2, С.58-71].

Спиркин А.Г. второй аспект мировоззрения именуется общественно-научным, который представляет обобщённую систему знаний человека о жизни и развитии общества и его отношении к нему. Третий аспект определён, как у Черноволонко, гносеологическим, как обобщённая система знаний человека о сущности своей познавательной деятельности. К этому он ещё добавляет, что эстетическое отражение действительности является необходимым компонентом мировоззрения человека [3, С.150].

При общем анализе мировоззрения подобная систематизация его структуры вполне приемлема, но при углублении в проблему с её многосторонней рефлексией, естественно, необходимо более подробное и тщательное изучение и осмысление данного духовного феномена.

Но и при данном основании классификации аспектов мировоззрения к представленной триаде нелишним было бы добавить четвёртый аспект – аксиологический. Почти на всем протяжении предыдущего анализа мы стремились показать интенсивное ценностное содержание и значение всех элементов и проявлений мировоззрения. Мировоззрение выполняет общую функцию (о конкретных, частных функциях несколько ниже) как бы сгущения, обогащения знаний в единую систему, в единое целое, в общую «картину мироздания». Поскольку в наше время нельзя овладеть всей совокупностью знаний даже в одной отрасли, каждый должен стремиться выработать более или менее системное мировоззрение.

Не все представления человека об окружающем мире и о самом себе образуют мировоззрение. Это – характер и направление познания и мышления, это – некая духовная сердцевина и основа человеческой индивидуальности. И именно вокруг этой сердцевины объединяются отдельные «детали» нашего духовного мира. Характерная черта мировоззрения – единство, строгое соответствие образа мыслей образу жизни. Мы говорим о глубоком внутреннем разладе, о духовной трагедии личности, когда она думает одно, вынуждена говорить противоположное, а делать нечто третье.

Мировоззрение – это идеи, которые влияют на нормы человеческого поведения, на отношение человека к труду и к другим людям, на характер жизненных стремлений, идеалов, целей. Мировоззрение обуславливает образ жизни человека и образ мыслей, его интересы и вкусы. Всякое мировоззрение – «результат осмысления мира с определенного наблюдательного пункта. Это своего рода духовная призма, через которую мы отражаем и оцениваем действительность в целом во всём многообразии её форм и связей. Важнейшей гранью этой призмы являются идеалы» [3, С. 152].

Определённую совокупность, структуру, систему, примыкающую к вышеописанным аспектам системной организации анализируемой категории, составляют функции мировоззрения. Их специалисты выделяют до пяти-шести. Это – методологическая, эвристическая, познавательная, идеологическая функция и функция управления. К этому иногда добавляют оценочную функцию, но её выделяют самостоятельно, специально, возможно, и нет надобности, поскольку оценочная роль мировоззрения проявляется во всех остальных функциях.

Методологическая функция мировоззрения имеет своим содержанием роль общего метода познания, который особенно выпукло проявляется при исследовании сложных объектов, совокупности отношений, многосторонних взаимодействий, при исследовании так называемых пограничных стыковых проблем, являющихся предметом изучения двух, нескольких или многих философских и научных дисциплин, а также предметом интереса и отражения искусством, моралью, политической и правовой теории и др. В этих пограничных проблемах доминируют общие закономерности и методологическая роль мировоззрения в их исследовании ничем другим незаменима и невосполнима.

С помощью эвристической функции мировоззрение выполняет важную роль предвидения, прогнозирования, долгосрочного (перспективного), среднесрочного и краткосрочного (годового) планирования в науке, в общественно-политическом, социально-экономическом и духовно-культурном развитии общества и государства. Таким мировоззренческим содержанием наполнены программные документы, обнародованные от имени Президента Республика Казахстан: Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства от 1992 года, Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана от 1993 года, программа «Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» от 1997 года, а также ежегодные послания Президента страны народу Казахстана, с которыми он выступает на совместном заседании Палат Парламента. Такое же содержание имеют различные социальные концепции развития культуры, образования, науки, социальной защиты населения и др.

Познавательная функция мировоззрения означает, что, во-первых, при мыслительном процессе от частного к общему оно выполняет роль критерия, эталона в оценке познаваемых человеком предметов и явлений, во-вторых, при противоположной направленности мышления от общего к частному мировоззренческие постулаты становятся исходной посылкой мыслительного процесса. Естественно, в ходе развития познания в эти критерии, эталоны и постулаты могут быть внесены определённые коррективы, благодаря которым мировоззрение получает новые импульсы для собственного развития и совершенствования.

Мировоззренческая функция управления имеет разносторонние проявления. Через собственные онтологические принципы мировоззрение определяет отношение к миру, к природе. В современную эпоху это проявляется в большой совокупности острых и жгучих экологических проблем и не только в этом. Через нравственные принципы оно даёт жизненные ориентации отношения к труду, другим людям, поведения в обществе, семье, коллективе. Через социально-политические принципы мировоззрение даёт социальные установки отношения человека к общественно политическому строю, к государству, политическим партиям и т.д. Данная функция является определённым гарантом, в какой-то мере помогающим избежать опасностей субъективизма и волюнтаризма, с одной стороны, авторитаризма и тоталитаризма с другой. Отведённую им роль, соответственно, выполняют экономические, правовые, художественные, экологические и др. принципы мировоззрения при управлении соответствующими процессами.

Пятая, идеологическая функция мировоззрения означает понимание социальных событий и процессов через нравственные и этические идеалы, не исключаются политические и правовые идеалы. Данная функция выполняет роль своеобразного фильтра, отсеивающего всевозможные идеологические извращения, которыми чреватые вообще многие идеологические явления. Подробнее о функциях мировоззрения изложено в работах Улыбина И.А., в частности, в одноимённой статье [4, С.5].

Здесь мы логично подошли к большому вопросу о соотношении мировоззрения и идеологии, что можно назвать особым и сложным аспектом системно-структурной организации. Особый и сложный характер этого отношения объясняется тем, что обе категории равновеликие, относительно самостоятельные; мировоззрение своими значительными частями входит в идеологию, последняя в немалой степени, в свою очередь, входит в мировоззрение. Тем более, эта сложность увеличивается из-за того, что идеологические проблемы всегда напрямую связаны с политическими вопросами, весьма подвижными, изменчивыми, нередко конъюнктурными и даже скандальными. Не менее скандальными часто бывают выяснения идеологических разногласий, которые всегда существуют во множестве и которые не могут не отражаться на мировоззрении общества, социальных и этнических групп и общностей, отдельных индивидов.

Таким образом, мы видим, какую важную роль в становлении и развитии, а также понимании сущности мировоззрения играет проблема ценностей и здравого смысла.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Милотин Ю.Е. К понятию «здравый смысл» // Вопросы философии и социологии. – Л.: ЛГУ, 1993. – Вып. V. – С. 27-32.
- [2] Черноволенко В.Ф. Мировоззрение и научное познание. – Киев, 1999. – 189 с.

- [3] Спиркин А.Г. Мироззрение, его структура, жизненный смысл и пути формирования // В кн.: Молодежь, ее интересы, стремления, идеалы. – М.: Молодая гвардия, 2001. – 246 с.
[4] Улыбин И.А. Функции научного мировоззрения // Вестник МГУ им. М. В. Ломоносова. – 2004. – № 5. – С. 5-12.

REFERENCES

- [1] Milutin Yu.E. To the notion of "common sense". Questions of philosophy and sociology. Leningrad: LSU, 1993. Vol. 5. P. 27-32. (in Russ.).
[2] Chernovolenko V.F. Outlook and scientific knowledge. Kiev, 1999. 189 p. (in Russ.).
[3] Spirkin A.G. Outlook, its structure, life meaning and ways of forming. In b.: Youth, interests, aspirations, ideals. M.: Molodaya gvardiya, 2001. 246 p. (in Russ.).
[4] Ulibin I.A. Function of scientific outlook. Herald of the Lomonosov MSU. 2004. N 5. P. 5-12. (in Russ.).

ДҮНИЕТАНЫМ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ДҰРЫС ОЙЛАУДЫҢ ОРНЫ МЕН МӘНІ ЖАЙЛЫ

З. К. Аюпова¹, Д. Ө. Құсайынов²

¹Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: дұрыс маңыз, дүниетаным, ойлау заңдары, ойлау формалары, ойдың ақиқаттығы, субстанция, түсініктер арақатынасы, құндылықтық мазмұн, руханилық факторлары, жатсыну.

Аннотация. Дұрыс ойлау, ақиқат ойлау, жасампаз ойлау, жасампаздық мән – бұлардың барлығы өте маңызды түсініктер, олар дұрыс ойлау нормаларын белгілейді.

Дұрыс ойлау дегеніміз, жалпы адам ойының объективті дүниенің болмысы мен тепеңдігін көрсетеді. Себебі адамның ойы әрқашанда ақиқат, дұрыс болып қалыптаса бермейді, кейде ой қате болып, одан шығатын қортындылар субъективті сипатқа иеленіп, болмыстан мүлдем басқа образдар қалыптастыруы мүмкін. Егерде ой дұрыс қалыптасқан болса, жоғарыда көрсеткен кемшіліктерге жол берілмейді. Психикалық жағынан толық жетілген, қалыптасқан адам әрқашанда дұрыс пікір айтып, оң ой қортулар жасайды яғни ол дұрыс ойлауды қалыптастырған. Дұрыс ойлау дегеніміз, адамның ішкі сезімдеріне билік бермей, өзіндік фантазиясын нормада ұстап, пікірталас жүргізіп отырған қарсыласын өзінің көзқарасына қарай иіріп алу қасиеттері.

Дұрыс іс-қимыл әрекеттері саналы тәртіптің қайнар бастауы. Саналы іс-әрекетте біз – ақыл ойдың көмегімен қол жеткізген барлық ойлау жемістерін және іс-қимылдарымызды есептейміз. Жасампаздық мән немесе дұрыс ойлау, дұрыс іс-әрекет деп біздің күнбе-күнгі өмірдегі, жанұядағы, еңбек ететін ұжымдағы, қоғамдағы жасаған іс-қимылдарымызға саналы түрде есеп беруімізді айтамыз. Олардың барлығы әрбір азаматтың дүниетанымын қалыптастырады, белгілі бір қоғамдағы қалыптасқан қоғамдық сананың бейнесін, бітім болмысын құрайды. Сондықтан да жасампаздық мән немесе дұрыс ойлау жетілген түрде қалыптасса біз ақиқат білімге қол жеткізе аламыз.

Дүниенің болмысын, заңдылықтарын оның көп түрлі, көп аспектіді қасиеттерін дұрыс игеріп, соның нәтижесінде қате іс-қимылдан өзді-өзімізді қорғауға мүмкіндік аламыз.

Дұрыс ойлау, ақиқат білім қалыптастыру- ойлау мүмкіндігінің басты қасиеті және құндылығы. Күнбе-күнгі өмірдегі дұрыс ойлаудың жүйелегіш қызметі айқын көрінеді. Дұрыс ойлаудың тағы бір көрінісі ойды белгілі жүйден шығармауы.

Дұрыс ойлау дегеніміз- адамның ешқашанда баға беруге, қорытынды жасауға асықпауы, бірақта оны тез созбай белгілі өлшемде асықпай тездеткен сақ болғандықты көрсетеді.

Мақалада дүниетанымның қалыптасуы мен дамуына дұрыс ойлаудың тигізетін рөліне тарихы-философиялық талдау жасалған. Мақала авторлары қорытындыларында әлемдік философия тарихындағы ғұламалардың көзқарастарына сүйене отырып, дүниетанымның қалыптасуындағы дұрыс ойлаудың, жасампаздық мәннің маңызы көрсетілген. Мұндай әдістің көмегімен дұрыс ойлау мен жасампаз мәннің, ойлаудың заңдылықтарын ашудағы барлық мүмкіндіктері нақты белгіленген. Мақала авторлары мәселені зерттеу барысында философия тарихындағы Еуропалық және Ресей зерттеушілерінің еңбектерін тиінақты қарастырған.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 227 – 230

**THE IDEAS OF KNOWLEDGE AND WORK FOR YOUTH EDUCATION
IN THE OEUVRE OF ABAY KUNANBAEV****R. K. Doszhan**

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

E-mail: Raihanchik01@mail.ru

Key words: Abay, labour, science, education, book of words, culture, philosophy, philosophical ideas.**Abstract.** The given article is spoken about creation of Abay which inspires young generation on service to people, support in them aspiration to education, knowledge, work, to nation development through culture. They are always actual.

УДК 72.787:330.59 (574)

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ИДЕЯСЫ****Р. К. Досжан**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

Тірек сөздер: Абай, еңбек, ғылым, білім, қара сөздер, мәдениет, философия, философиялық ойлар.**Аннотация.** Мақалада жас ұрпақты өз халқына қызмет етуге ынталандыратын, ағартушылыққа, білімге, еңбекке, мәдениет арқылы ұлттың дамуына талаптандыратын Абай шығармашылығы туралы айтылады. Олар әр заманда өзекті.

Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген. Ешқандай жоғарғы білімсіз-ақ тәрбиелеудің небір оңтайлы әдістерін баласының бесігінен бастаған. Қазақ хандығы дәуірін сүрген заманда қазақ халқы өзінің ұлттық төлтумалығын бір жола орнықтырып үлгерді. Ұлттық арқауы берік төлтума – ол мәдениеті болатын. Қазақ хандығы кезінде қазақ халқы өзінің моральдық-ұлттық этикалық нормаларын біржола қалыптастырып алды. Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек-тамыры мәдени рухани болмысы жалпы адамзаттық тарихи мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Мәселен, Әл-Фараби өз заманында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керектің қоғамдасқан ортадан таба алады, жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында ғана жетіліп, өз қабілеттерін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың әлеуметтік мәні қалыптасады» - деп жазды [1]. Еліміз Тәуелсіздік туын көтергелі ұлттық мұраларымызды игеруде әлі де болса көбірек көңіл бөлуді талап ететін мәселелер көп.

Демек қазақ мәдениетін, ұлттық салт-дәстүр, этикалық нормаларын, рухани құндылықтарын үлгі ете отырып, оны жастар тәрбиесіне ұтымды пайдалану – өте өзекті мәселе.

Қазақ мәдениетінің аса ірі өкілі, ойшыл, философ, классик ақын Абай Құнанбаев халқына білім беруде орасан зор рөл атқарды. Ол отанын рухани кедейліктен біржола құтқарғысы келді, өз отандастарын әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосуға тырысты. Абай осы мақсатта көп іс атқарды. Оның терең мағыналы, көркемдік жағынан құнды лирикалық және философиялық өлеңдері халықтық поэзиямен байланысты.

Әдебиеттің аса ерекше жанрын көрсететін «Ғақылия» немесе «Қара сөздер» сияқты прозалық туындылары тек кеңес уақытында ғана жарық көрген. Алайда Абайдың поэтикалық, прозалық шығармалары ақынның отанында қолжазба түрінде кең таралды. Өлеңдері көшіріліп, жатталып, ауызекі айтылып жүрді, ал прозалық шығармалары қолжазба түрінде таралып немесе шебер орындаушылар арқылы орындалып жүрді. «Ғақылия» мен «Қара сөз» Абай шығармашылығында қандай орын алады? Абай шығармашылығын зерттеуші Мұхтар Әуезов былай деген: «Қара сөздерді жатқызуға болатын жанрды атау қиын». Онда ақынның философиялық-адамгершілік, қоғам-публицистикалық және сатиралық та пікірлері бар. Оқырмандарымен біресе бейбіт, біресе ашулы, біресе мұнды сипатта әңгіме жүргізе отырып, бұл «Қара сөздер» бәрінен бұрын стилистикалық ажарлықпен ерекшеленеді. Ақынның өмірлік мәселелер туралы философиялық ойларын, сонымен қатар тыңдаушысына ауызша үндеу түрінде көзбе-көз бағытталған әңгіме-пікірлерін қамтыған «Қара сөздері» кім үшін және қандай мақсатта жазылғанын Мұхтар Әуезов жақсы түсінді. Ақын көбіне жасы үлкен буынды тыңдаушы ретінде санады. Олардың ойлау дәрежесін, дүниетаным ерекшеліктерін есепке ала отырып, «Қара сөздерін» қанатты сөздермен, халықтық мақалдармен түсінікті түрде олардың тілінде жазған. Куәгерлер поэтикалық шығармаларға қарағанда «Қара сөздердің» оқытушылар мен тыңдаушылар арасында танымалдылыққа ие болып кең таралғандығын дәлелдейді. Себебі Абай өз өлеңдеріндегі ойлар мен идеяларды, сезімдер мен көңіл-күйді «Қара сөздерінде» де қызықты, өзіндік үлгіде көрсеткен.

Абай білім мен ғылымға аса үлкен мән берді. Ол мүмкіндігі бола тұра балаларын оқытпайтын немесе босқа ақшасын кетіріп басқа нәрсеге үйрететін, дұрыс оқытпайтын ата-аналарды кінәлайды. «Бірақ мен жауыздықпен байып, байлығын пайдалы нәрсеге жұмсаған адамды әлі кездестірмедім». Мұндай әлеуметтік әшкерелеуші сын келесідей аяқталады: «Ғылымсыз о дүниеде де, осы дүниеде де игілік жоқ». Сонымен қатар Абай балаларда жақсы адами сапаларды қалыптастыруды білім және ғылыммен байланыстырады. Оның «Қырық бесінші сөзі» мынадай ескертпе сөздермен аяқталады: «Бұл ғадалат, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол - ғақил».

Өзінің қара сөздерінде Абай былай жазады: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды». «Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады» [2]. «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең - оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» [3].

Абай үшін білім - қандай да бір игіліктерге жету құралы емес, адам дамуының іргелі негізі. Білім адам жанын ағартып, оны рухани байытады. Өзінің адам туралы тұжырымдамасын қалыптастыра келе, Абай еңбекке көп көңіл бөледі және оның екі жағын атап өтеді. Бір жағынан, еңбек - бұл жеке тұлғаны қалыптастыру құралы (еңбекпен білімге қол жетеді, ақыл, ғылым және мәдениет дамиды). «...Ақыл мен білім - еңбек жемісі... Еңбек таным сезімін дамытады» [4], - деп жазады Абай. Екінші жағынан, еңбек - өмірге құрал, өздігінен өмір сүру негізі. Абай осындай еңбекті мадақтап, масылдықты сынға алады. Еңбекпен айналысқан адам - дербес, тәуелсіз адам. «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық». Жалқаулық, сандалушылық, арам тамақ болу - әшкереленуге тиіс кемістіктер.

«Ырыс алды - тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады» [5]. «Сен тоқсың, еңбекті ұмыттың - мұндай адам азған адам». Абай қазақта қалыптасқан «Кедейлік пен байлық - барлығы құдайдан» деген дәстүрлі түсінікке қарсы шығады. Ескі дүниетанымдық қалыптасқан түсініктер мен өз қылықтарының себебі мен мақсаттарын сырттан іздеу - адамға жақсы өмір сүруге кедергі жасайды. Егер қазақтар көзі ашық халықтар деңгейінде өмір сүргісі келсе, - деп жазады Абай, - олар өздерінің тұрмыс қалпын қайта қарастырулары керек, жаңа дүниетанымдық бағыттарды таңдаулары керек. Абай тұжырымдамасы - бұл жаңа адамның яғни еңбекқор, белсенді, білімді, өмірде тек өз күшіне және біліміне сенетін адамның тұжырымдамасы. Еңбек сүйгіштік, білімділік, жақсылық, парыз - міне осындай негізгі қағидалар. «Адам баласының ең жаманы - талапсыз» [6]. «Талап барлығында бар, оны тек дамыту керек» [7]. Сонымен қатар, адам қайырымды болуы керек, жақсы істер жасауы керек: «Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі

істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі» [8]. Ерік, ақыл және жүрек айтысқанда, негізгісі жүрек болу керек: «Адам жүректі тыңдасын... Жүрек таза болса, адам баласын алаламайды: жақсылыққа елжіреп еритұғын - жүрек, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - жүрек, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі жүректен шығады.

Ескі тұрмыс қалпын, қалыптасқан ескі дүниетанымды сынға алып, жаңа этикалық қағидаларды қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдей отыра Абай адамгершілікті адам болмысы ретінде қарастырады. Жаңа адам – бұл творчестволық адам. «Сен жақсылық, жамандықты жаратқан - құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан - құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан -құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жок». Абайдың кезінде мұндай ойлар дәстүрлі қазақ дүниетанымына мүлде үйреншіксіз болатын. Ол кездегі адамдардың түсінігі бойынша әрбір адамның тағдыры алдын ала анықталып қойған, өмірдегі барлық нәрсе құдайдың қалауымен болады. Абай өзіне дейінгі Бұхар жырау, Шортанбай сияқты ұлы ойшылдардың осындай дүниетанымдық қағидаларын мойындамай сынға алады. Осыған орай ол қазақ мәдениетінде қайғылы бейнені де ұсынады. Ол қазақ қоғамындағы адамдардың жатсынушылығын көтере алмады. Оның ойынша, барлық құндылықтар бұрмаланған, адам – тек құрал, ал ғылым, білім тек байлықты көбейту үшін керек, қайырымдылық, аяушылық, руханилық дегендер жоқ, екіжүзділік пен қызғаныш үстемдік жасайды. Абай жақсылық пен жамандықтың арасындағы шекараның жоғалуынан және бұл түсініктердің жаңылыстырылуынан адамгершіліктің күйреу мүмкіндігін, қоғамның кері кетуін болжайды. Қырықыншы қара сөзінде жамандық пен жақсылықты түсінбеушілікті әшкерелей келе Абай сұрақ қояды: «Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай тынбайтұғыны қалай?». Бұған жауап береді: ескі көзқарастарды, дүниетанымды, адам туралы түсінікті өзгертіп, адам туралы жаңа түсінікті қалыптастыру қажет. Ақыл мен қайырымдылық қазақтарды адамгершілік дағдарыстан құтқара алады.

Өз туындыларында білімді меңгеру туралы айта келе Абай ғылымға деген үстүртін шалағайлық қатынастан қауіптенеді. Ғылым үлкен жетістік болып табылады, сондықтан оны бар жан-тәнімен сүю керек. «Әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!» - деп үйретеді Абай.

Абай оқу процессінде ой дамуының қажеттілігіне өте дұрыс сілтейді. Онсыз білімді игеру мүмкін емес. Ой мен елестің дамуы заттар мен айналадағы құбылыстарды терең әрі жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Білім оңайлықпен игерілмейді. Оны тек көп еңбек пен ынтаның нәтижесінде меңгеруге болады. Білімді әрдайым жетілдіріп тұру қажет.

Жастарды тәрбиелеу бағытының мәдениет пен ғылым негіздерін игеруге мазмұнды өмір сүруде қамтитын білімділік дүниелік үлгісіне бет бұру аса маңызды. Қазақ халқының болашағы үшін еңбек етіп ұрпақты ұлттық салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеп жүргенімізді мақтаныш тұтамыз. Ұрпағымызға өзіміз өнеге көрсету арқылы нағыз кісілікті үйретеміз. «Үлкейсең үлгі көрсет, өссең өнеге көрсет», деп халқымыздың кісілік парызын жоғары қояды, қашанда жастарымызға мол мәдени мұраларымыздан рухани өнеге көрсету бүгінгі таңда маңызды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі:әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: Ғылым, 2000. – 135 б.
- [2] Әуезов М.О. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
- [3] Абай. Пьғармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
- [4] Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 2007. – 248 б.
- [5] Абай Құнанбаев. Собр.соч. – М., 1954. – 388 б.
- [6] Абай Құнанбаев. Собр.соч. – М., 1954. – 330 б.
- [7] Абай Құнанбаев. Собр.соч. – М., 1954. – 110 б.
- [8] Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

REFERENCES

- [1] Nurmuratov S.E. Ruhani kunduluktar alemi aleumettik filosofiyalik taldau. Almati: Gilim, 2000. 135 b. (in Kaz.).
- [2] Auezov M.O. Abaytanu daristerinin derek kozderi. Almati: Sanat, 1997. 448 b. (in Kaz.).
- [3] Abay. Sigarvalarinin 2 tom dik jinagi. Almati: Jazusi, 2002. 296 b. (in Kaz.).

- [4] Auezov M.O. Abaydi bilmek oyli jaska . Almati: Sanat, 2007. 248 b. (in Kaz.).
[5] Abay Kunanbaev. Sobr.soc. M., 1954. 388 b. (in Russ.).
[6] Abay Kunanbaev. Sobr.soc. M., 1954. 330 b. (in Russ.).
[7] Abay Kunanbaev. Sobr.soc. M., 1954. 110 b. (in Russ.).
[8] Axmetov З. Abaydin akindik alemi. Almati: Ana tili, 1995. 272 b. (in Kaz.).

**ИДЕИ ЗНАНИЯ И ТРУДА В ТВОРЧЕСТВЕ АБАЯ КУНАНБАЕВА
В ВОСПИТАНИИ МОЛОДЕЖИ**

Р. К. Досжан

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, факультет социальных наук, г. Астана, Республика Казахстан

Ключевые слова: Абай, труд, наука, образование, слова назидания, культура, философия, философские идеи.

Аннотация. В данной статье говорится о творчестве Абая, которое вдохновляет молодое поколение на служение своему народу, поддерживают в нем стремление к просвещению, знаниям, труду, к развитию нации через культуру. Эти качества всегда актуальны.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 231 – 237

SOCIAL AND ECONOMIC PROBLEMS OF KAZAKHSTAN AND POLAND IN INTEGRATION CONDITIONS

S. M. Yegemberdieva, G. K. Abdramanova, N. D. Yesmagulova

Gumilov L. N. Eurasian national university, Astana, Kazakhstan.
E-mail: Saule_8@mail.ru

Key words: Economy indicators, humanity's development index, poverty, the subsistence minimum.

Abstract. The paper is devoted to investigation of new features of Kazakhstan and Poland relations under conditions of economies partnership and describes main social and economic problems of two countries. The paper outlines the trends of policy for social and economic modernization of Kazakhstan and Poland, and development tendencies under the conditions stipulated by globalization of economic processes in the world. The paper also pays attention to human development at the current stage, considers its main trends and analyzes the state of human development in two countries, and proposes the ways on solving of social problems. The fields of further development of modern society determined by a degree of citizens' initiative, its educational and cultural potential which accumulation is possible only by improvement of living standards are substantiated.

ӘОЖ 339.9

ЫҚПАЛДАСУ ШАРТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ПОЛЬШАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. М. Егембердиева, Г. Қ. Абдраманова, Н. Д. Есмагулова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Тірек сөздер: экономикалық көрсеткіштер, адамның даму индексі, кедейшілік, ең төменгі күнкөріс шамасы.

Аннотация. Мақала экономикалардың ықпалдасуы шарттарындағы Қазақстан мен Польша мемлекеттерінің арасында белең алған қатынастардың жаңа сипаттарына, осы екі елдің негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне бағышталған. Сондай ақ Қазақстан мен Польшаның әлемде орын алған өзгерістерге байланысты әлеуметтік-экономикалық саясатын жаңғырту бағыттары мен даму үрдістері сипатталған. Мақалада адам дамуына баса назар аударылып, оның басты маңызды бағыттары бойынша екі елдегі ахуалы қарастырылып, әлеуметтік мәселелерді шешу жолдары ұсынылған. Сонымен қатар, мақалада қоғамның ары қарай дамуы азаматтардың бастамашылдығымен, олардың білімі, мәдени әлеуетімен анықталатындығы, ал осы әлеуеттің жинақталуы тек азаматтардың өмір сүру деңгейінің сапалы өзгеруі арқылы іске асатындығы негізделген.

Кез келген ел жоғары әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізген кезде, оның халқы мен басқару органдарын елдің материалдық жағдайы ғана емес, сонымен қоса, орта және ұзақ мерзімді болашақтағы білім сапасы, денсаулық, қауіпсіздік, әлеуметтік келісім деңгейі, қоғам дамуының алғышарттары сияқты сұрақтар да толғандырады. Осы себепті 2000 жылдардан бастап дамыған елдерде өмір сапасын бағалау мәселелеріне ден қойылып, белсенді зерттеле басталды. Халықтың өз өміріне деген бағасының деңгейін анықтай отырып, қоғамның тұрақтылығын сақтауға және әлеуметтік диалог орнатуға мүмкіншілік алуға болады. Бүгінгі қоғамның қарқынды өзгеруі адам-

заттың дамуына көптеген ықпалын тигізді. Дамыған елдер мен дамушы елдердің көзқарастарының бір жерде ортақ пікірге келуі қоғамға көптеген өзгерістерді алып келді. Ғаламдану заманында елдердің әлеуметтік-экономикалық мәні күшейіп, қоғамдағы салалардың дамуына, тәжірибе алмасуына жол ашты. Бұл жағдайда әр елдің экономикалық дамуы үшін, олардың ұлттық құндылықтары, кәсібі және мәдениеті ерекшеленіп, сол арқылы қоғамдағы өзінің орнын нығайтуы қажет.

Ықпалдастық шарттарында Қазақстан мен Польша мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық жаңғыруы заман талабына байланысты икемді дамып келеді. Әр елдің өз даму жолы бар. Еуропа мемлекеттерінің экономикалық даму үрдісі бірнеше сатыдан өтіп, өзінің қарқындау шегіне жетіп, дамудың жаңа формациясына аяқ басты. Ал Қазақстан үдемелі жылдамдықпен өзінің экономикасын нығайтып, алдыңғы үш онжылдықта индустриясы дамыған мемлекетке айналу мақсат етіп қойды. Ақпараттың дамыған қоғамында экономикалары әр қилы мемлекеттердің экономикалық бірігуі, қоғамда өмір сүріп отырған адамзат баласының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуіне оң ықпал етеді.

Бүгін XXI ғасырда Қазақстан мен Польша мемлекеттері арасында экономикалық қарым-қатынастар артып келеді. Экономикалық қатынастардың нығая түсуінің себебі, екі ел арасындағы тұрақты сауда-экономикалық қатынастармен қоса, білім, мәдениет салаларындағы байланыстарды айтуға болады. Екі жақты экономикалық қарым-қатынастар бүгінгі күні Қазақстандағы Польша елшілігіне қатысты Сауда және инвестициялық қатынас бөлімі арқылы іске асып отыр. Осы арқылы екі жақты кәсіпкерлері өзара тиімді байланыс орнатуларына көп мүмкіншіліктері бар. Айта кету қажет, Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының арасындағы елшілік қатынастар 1992 жылдың 6 сәуірінен бастап орнаған.

Қазақстан мен Польшаның географиялық орналасуына байланысты олардың артықшылықтарына тоқталуға болады, себебі екі елдің де ұқсастықтары бар. Сонымен, Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғастыратын Ұлы Жібек жолында орналасқан, 2,7 млн. кв. км. жерді алып, әлемде орналасуы бойынша тоғызыншы орында және ол, батыс Еуропаның көлеміне сәйкес келеді. Ал, Польша Ресейге шығатын Батыс Еуропаның транзиттік жолында орналасқан және Еуропадағы орналасуы бойынша алтыншы орында, аумағы 312 мың. кв. км. Егер халық саны бойынша қарастырсақ, Польшада 38,5 млн. адам тіркелген, ол Еуроодақ халқының (502 млн. адам) 7,6%-ын құрайды. Қазақстанда 2013 жылдың 1 қыркүйегінде ел халқының саны 17,75 млн. адамды көрсетті. Екі ел арасындағы ұқсастық – халық санының көбін жастар құрайтындығында, Қазақстандағы орта жас – 30 жас болса, ал Польшада – 38,5 жас.

Елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың арқасында Қазақстанда 1996 жылдан бері ағымдағы баға бойынша ЖІӨ тоғыз рет, Польшада 1990 жылдан бастап жеті рет өскен. Дүниежүзілік банктің ресми деректері бойынша 2012 жылы Қазақстандағы адам басына шаққандағы ЖІӨ 12,12 АҚШ долларын құраса, Польшада бұл көрсеткіш 12,710 АҚШ долларын көрсеткен. Бүгінгі күні Польша өзінің дамуын Еуропалық одақтың стратегиясымен байланыстырып отыр. Польша 2004 жылдан бастап ЕО кіргелі, олар үшін ЕО қорлары ең маңызды және ынталандырушы құралына айналған.

Қазақстандағы бизнесті дамытуға жақсы жағдайлардың орнауына байланысты поляк компаниялары ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыра бастады. Оған дәлел ретінде, Қазақстан өзінің егемендігін алғаннан бері 142 млрд. АҚШ доллары шетел инвестицияларын тартқандығын, соның 100 млн. АҚШ долларын Польшаның инвесторлары салып отырғандығын атауға болады. Польша және Қазақстан үшін сауда-саттықтың басты серіктесі ретінде Еуропалық одақ болып қала береді. Осы орайда екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас бірге тоғысады. Польшаның Еуроодақтағы экспорттағы басты елдеріне: Германия (26%), Франция, Ұлыбритания, Чехия және Венгрия, ал импортта - Германия (22%), Ресей, Қытай, Италия, Франция жатады. Қазақстан Еуроодаққа (53,8%), Азияға (26,6%) және ТМД елдеріне (10,4%) экспорттайды[2].

Польша Орталық Азия мен Шығыс Еуропа елдерінің арасында Қазақстанның жетекші сыртқы экономикалық серіктестерінің бірі болып қалуда. Қазақстан мен Польша арасындағы тауар айналымы кейінгі онжылдықта 10 есе артып, өсу үрдісіне ие болуда. Еліміздің статистикалық мәліметтері бойынша 2009 жылы екі ел арасындағы сауда көлемі тарихта тұңғыш рет 1,25 млрд. доллар деген белгіге жетті, мұнысы 2008 жылдағымен салыстырғанда 35% жоғары (888 млн. долл.). Бұл


ретте, Польшаға қазақстандық экспорт 835,8 млн. долл., Польшадан импорт – 421,6 млн.долл. құрады.

Екі елдің арасындағы тауар айналымының құрылымы бірнеше жылдар бойы өте тұрақты болып қалуда, тек тауарлық ұстанымдарының меншікті салмағы өзгеруде. Польшаға қазақстандық экспорттың құрылымында көмірсутегі шикізаты, химия өнеркәсібінің, қара металлургия, ауыл шаруашылығы өнімдері, соның ішінде, астық пен ұн басым болуда. Польшадан Қазақстанға импорттаудың негізгі баптары ретінде, химия өнеркәсібінің өнімдерін, машиналар мен жабдықтарды, электр аспаптарын, асыл емес металдар және солардан жасалған бұйымдарды, целлюлоза, қағаз, синтетикалық материалдар және резеңкеден жасалған бұйымдарды, көлік құралдарын, мал шаруашылығы және өсімдік тектес өнімдерді, жиһаздар және солардың қосалқы бөлшектерін, азық-түлік тауарларын атауға болады.

Бүгінгі күнде өмір сапасын бағалайтын бірқатар халықаралық әдістемелер бар. 1990 жылдан бастап Адамның даму индексі (АДИ) есептеуді жарияланды. Адамның даму индексі Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы негізінде жасалды және оның қорытындысы БҰҰ адамның дамуы туралы баяндамаларының арнайы сериясында жарияланады. АДИ-ді есептегенде үш түрі көрсеткіш ескерілді, олар: өмір сүру ұзақтығы, білім деңгейі және нақты сатып алу қабілетімен өлшенетін өмір сүру деңгейі. Егер индекс 0,8-ге тең немесе артық болса, онда ол жоғары көрсеткіш болып есептелді. Ал 0,5-0,799 аралығында болған жағдайда орташа көрсеткіш, 0,5-тен төмен болғанда, көрсеткіш төмен екенін білуге болады. 2008 жылғы есеп бойынша АДИ көрсеткішінің ең жоғары 30 ел бар, солардың негізгілері: Исландия 0,968; Норвегия 0,968; Канада 0,967; Австралия 0,965; Ирландия 0,960 және т.б. АДИ көрсеткіші төмен мемлекеттерге: Сьерра-Леоне 0,329; ОАР 0,352; ДР Конго-0,351, Либерия 0,364 және т.б. 2013 жылдың наурыз айында АДИ-дің 2011 жыл бойынша 187 елдің көрсеткіштері жарияланды. Ең жоғары позицияда тағы да Норвегия 0,955, Австралия 0,938 елдері алғашқы орындарды иеленсе, Қазақстанның көрсеткіші 0,745, ал Польша 0,821 көрсетті. БҰҰДБ бағасы бойынша жоғары дамыған мемлекеттер тізімінің ортасында Польша 39 орынды, ал Қазақстан 68 орынды иеленді [3].

Кедейшілік мәселесі адамның өмір сүру деңгейін төмендетеді. Кедейшілікпен күрес жүргізу барысында мемлекеттің кедей топтарды сүйемелдеу саясаты жүргізіледі. Күнкөрістің ең төменгі деңгейі арқылы кедей топтардың қатары анықталады. ҚР статистика агенттігінің мәліметі бойынша, 2013 жылғы қаңтардағы күнкөріс деңгейі 16 983 теңгені құрады. Осы көрсеткіш арқылы елімізде азаматтардың жалақысының базасы анықталады. Қазақстанда 2013 жылғы желтоқсандағы орташа айлық жалақы 137 043 теңгені көрсетті [4]. Еуропалық стандарт бойынша орта тап өкілінің бір айлық жалақысы 1500 доллардан кем болмауы тиіс [5].


ҚР халықтың жан басына шаққанда ең төменгі күнкөріс шамасының өзгерісінде соңғы 16 жылда өсім байқалады. Яғни, күнкөрістің ең төменгі деңгейі шамасынан төмен халық үлесі бойынша ауытқулар бар, ең жоғары көрсеткіш 2001 жылы 46,7 % көрсетті, кейінгі жылдары төмендеді, 2002 жылы 44,5%, 2012 жылы 3,8% көрсетті (1-сурет) [1].



1-сурет – Қазақстандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі шамасынан төмен халық үлесінің өзгеру серпіні, 1999-2012 жылдар аралығы, %

Ескерту: Статистикалық деректер [1] бойынша, авторлармен жасалған.

2-суретте Польшадағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі шамасынан төмен халық үлесі 1999 жылдан 2005 жылға дейін өсім байқалды, ал 2006 жылдан бастап төмендеді. 1999 жылы 6,9 %, 2000 жылы 8,1%, 2005 жылы 12,3%, 2006 жылы 7,8% , 2012 жылы 6,8% болды [1].



2-сурет – Польшадағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі шамасынан төмен халық үлесінің өзгеру серпіні, 1999-2012 жылдар аралығы, %

Ескерту: Статистикалық деректер [6] бойынша, авторлармен жасалған.

Польшада күнкөрістің ең төменгі деңгейінің орташа шамасы, қызметкерлерге және зейнеткерлерге қарай бөлініп анықталады. 1993-2005 жылдар аралығында көрсеткіш бір әдіс бойынша анықталса, 2006 жылдан бастап күнкөрістің ең төменгі деңгейін анықтауда өзгерістер болды және ол жаңаша бағыт бойынша есептелінді. Фирмада қызметкердерді бес категорияға, ал зейнеткерлерді екі категорияға бөліп есептейді. Категорияны есептегенде 25-60 жасқа дейінгі ер адамдар, сол сияқты әйел адамдар, 4-6 жас аралығындағы балалар және 13-15 жас аралығындағы балалар сияқты көрсеткіштер ескеріледі.

Елдегі әлеуметтік жағдайды тек статистикалық көрсеткіштер арқылы ғана анықтамай, әлеуметтік сауалнама жасау арқылы да адамдардың күнкөріс жағдайын анықтауды тиімді жүргізуге болады. Осындай зерттеуді поляк ғалымдары қолға алған. Польшаның орталық статистикалық басқармасының (ОСБ) мамандары кедейшіліктің анықтамасын қабылдау үшін талдау мақсатында оны зерттеудің әдісі мен оны бағалауға көңіл бөлді.

Халықтың өмір сүру деңгейін анықтауда ең алғашқы қажеттіліктің негізгісі тұрғын үй мәселесі болып табылады. Қазақстанда халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешуде «Қол жетімді баспана-2020» бағдарламасы іске асуда. Еліміздің әр аймағының жергілікті жерлерінде қарапайым халық осы бағдарламаға қатысу арқылы, өз қаражатын жинап (кемінде 3 жыл), Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жылына 5% несие алу жүйесімен өзін тұрғын үймен қамтамасыз ете алады.

Бүгінгі күнде Польшада халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету өте күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Тұрғын үй мәселесі бойынша бағдарламалар осыдан 15 жыл бұрын болғанымен, қазіргі дағдарыс кезінде қолдау бағдарламалары қабылданбаған. Сонымен бірге, күнкөрісі өте төмен халық, жалдап отырған үйі үшін және коммуналдық қызметтерінің төлемдерін төлеуге жағдайлары келмейді; энергия және жылу төлемдері жоғары болғандықтан, үйлерін жылы ұстауға жағдайлары келмейді; дұрыс тамақтануға жағдайлары жоқ; тұрмыс заттарын алуға тағы да жағдайлары жетпейді.

Бүгінгі күні экономикалық қызметтің барлық саласында адам капиталының көлемі мен сапасы экономикалық өсімнің басты факторы болып саналады. Технологиялық өзгеріс елдің экономикалық даму бағытын қалыптастырады және экономикалық қызметтің әрбір деңгейінде орын алған адам капиталы жұмысының нәтижесі арқылы макроэкономикалық жүйеде байқалады. Өндірістік ресурс адам капиталының бір құрамы ретінде қалыптаса отырып, нарықта табыс табуға күш жұмсайды. Әр елдің адам әлеуеті толық отбасы негізінде қалыптасады және бүгінгі күнде әлемдегі әрбір отбасы өз елінің дамуында белсенді рөл атқарады. 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының

кешімі бойынша 15 мамыр Халықаралық отбасы күні болып қабылданып, 1994 жылдан бастап бұл күн өзінің рөлін арттыра түсті. Отбасы, бұл қоғамның негізгі элементі және ол адам құндылықтарын, мәдениеті мен тарихын ұрпақтарына үйрететін, тұрақтылық пен дамудың ошағы болып жалғаса береді. Отбасы арқылы мемлекет дамиды және халықтардың әлеуметтік жағдайы жақсарады.

Отбасының әлеуметтік жағдайына оның нақты ақшалай кірістері әсер етеді. Қазақстанда соңғы он жылда адам капиталының ақшалай табыстары артып, әлеуметтік жағдайлары жақсарып келеді. Оған дәлел ретінде, халықтың нақты ақшалай табыстарына тоқталуымызға болады: 2008 жылы 111,8%, 2009 жылы 96,9%, 2010 жылы 105,6%, 2011 жылы 109,4%, в 2012 жылы 107,2%. Бұл көрсеткіштерге қарамастын, әлемде кедейшілік мәселесі орын алуда. БҰҰ көрсеткіші бойынша Қазақстанда кедейшілік деңгейі 18,2% құраған. БҰҰДБ Қазақстанның мемлекеттік органдарына 2015 жылға дейін ауылдық жерде тұратын кедей халықты екі есеге дейін азайтуды ұсынды. Қазақстанда күнкөрістің ең төменгі деңгейі 2014 жылы 19,97 мың теңгені көрсетті.

Халықтың жақсы әлеуметтік жағдайын қалыптастыру үшін аймақтың (қаланың, ауылдың) тұрақты даму бағдарламасын тиімді іске асыру қажет. «Өмір сүру сапасы» мағынасы ең алдымен: жақсы жұмысты және табысты; сапалы денсаулық сақтау қызметтерін; қоғамдық қауіпсіздікті; саяси тұрақтылықты; білім алу мүмкіндіктерін; мәдени іс-шараларға деген мүмкіндікті; таза экологиялық жағдайды; өз шығармашылығын дамыту үшін толық демократиялық мүмкіндіктерді; барлық саланы таңдауға деген еркіндікті жатқызамыз. Осы негізгі көрсеткіштер әр аймақта тиімді дамуы қажет.

Өңірлердің тиімді жұмыс жасауы үшін инфрақұрылымды неғұрлым жақсартуымыз қажет. Ол қоршаған ортаның қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Мысалы, Еуропада экологияны сақтауды қатаң бақылайды. Польшаның барлық қоғамдық көліктеріне қоқысты тазартатын фильтрлер орнатылған. Сонымен қоса, Еуропада көлік логистикасы дамыған. Адамдардың сапалы өмір сүруі үшін және уақыттарын үнемді пайдаланулары үшін қоғамдық көлікте уақыт жиілігі жақсы жолға қойылған.

Адамның жақсы өмір сүруі үшін, оның жеке шығармашылық қасиеттерін ашуына жағдайлар жасалуы қажет. Жақсы өмір сүру үшін жоғары жалақы және тұрғын үймен қамтылуы қажет. Бұл басқа да факторлардың жоғарлауына жақсы әсерін тигізеді. Сондықтан орта мерзім аралығында халықты жұмыспен қамтып, олардың кірістерін жоғарылатса, халықтың өмір сүру сапасы артады. Осы орайда Қазақстанда толық отбасын құру және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін келесі шараларды ұсынуға болады:

1. Ұлттық болмысымызды сақтап, толық отбасының рөлін арттыру. Жас отбасыларға, оның ішінде көп балалы отбасыларға мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауларды күшейту. Мәселен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, медициналық көмекті жеңілдікпен көрсету сияқты әлеуметтік қызметтердің түрлері бойынша қолдауды арттыру қажет. Сонымен қатар, әр отбасы балаларды өз халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуі бойынша іс-шараларды ұйымдастырып, оның маңыздылығын арттыру.

2. Халықтың жақсы өмір сүруі және тұрмыс салтын жақсартуы үшін өңірдің (қаланың, ауылдың) тұрақты даму бағдарламасын тиімді іске асыру қажет. Ол үшін жергілікті жерлерде ауыз су, білім беру және денсаулық сақтау үшін халыққа қажетті маңызы бар мәселелерді алдыңғы орында шешуді қолға алған жөн.

3. Халық үшін жақсы экологиялық ахуал орнату жолдарын қарастырған жөн. Бұл жағдайды жасау үшін, қоғамдық және жеке көліктерде қоқысты тазартатын фильтрлерді орнатуды талап ету және қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, оны бақылау қажет. Ол үшін ең алдыңғы кезекте қоғамдық ортаны ластану мақсатында сәйкес стандарттар мен талаптар қабылдаған дұрыс.

4. Көлік логистикасының жүйесін жандандыру. Ол үшін қоғамдық көлікте сапалы қызметтер көрсетілуі керек. Автобуста және басқа да қоғамдық көліктерде билет алудың автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу және көліктің жүру жиілік кестесін аялдамаларда және қаланың сайтында көрсету. Сонымен қатар, халықтың қауіпсіздігі үшін тәулік бойы (түнгі уақытта) жұмыс жасайтын қоғамдық көліктің қызмет түрін енгізу қажет.

Сонымен қатар, Қазақстанда адам денсаулығын жақсарту мақсатында келесі шараларды іске асырған абзал:

1. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін денсаулықты күтуді қолға алу қажет. Қазақстанның қарапайым халқы өз денсаулығын қадағалауы үшін ішкі туризмді дамыту қажет. Демалыс қызметтерінің сапасын жақсарту және халық үшін қолжетімді бағаны ұсыну керек. Туризм саласының жұмысын мемлекеттің тарапынан жүйелеу қажет.

2. Оқу орындарында білім алушылардың дұрыс тамақтану жүйесін жаңаша қалыптастыру және осы қызметтерді денсаулық сақтау мекемесі бірігіп бақылап, талдау жасаған орынды болар еді.

3. Медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру, ол үшін медицина саласының ең беделді, тәжірибелі мамандарын шақырып қосымша оқу мен тәжірибе жұмыстары бойынша іс-шараларды тиімді ұйымдастырған дұрыс.

4. Халықтың тұрған жеріне қарамастан, бірінғай әлеуметтік стандарттардың кепілдендірілген сапалы медициналық қызметін көрсету қажет.

Әлемдік жаһандануы және ақпараттың қарқындап дамуы, инновациялық технологиялардың қоғамға енуі уақытында білім беру жүйесін жандандыру өзекті болып табылады. Ел экономикасының ықпалдасу шарттарында дамуына қарамастын, адамның дамуының ірге тасы - білім болып табылады. Сол себепті Қазақстан үшін негізгі қозғаушы күш – бәсекеге қабілетті білім бер екендігін естен шығармау қажет. Қазақстандық білім беру кешенін адам әлеуетін қайта қалыптастыратын аса маңызды жүйе ретінде қарастыруымыз қажет. Адам білімді болған сайын, оның жаңалық ашуға, ұйымдастыруға қабілеті жоғары болады және экономикада еңбек өнімділігін арттырады. Білімді адамдар ғылым мен техникадағы өзгерістерге тез бейімделіп, бірінші болып жаңалық ашып, ресурстарды тиімді пайдаланады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, <http://www.stat.gov.kz/>

[2] Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 2009 – 2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2008 ж.

[3] Główny Urząd Statystyczny Central Statistical Office Urząd Statystyczny w Gdańsku Statistical Office in Gdańsk, Kapitał ludzki w Polsce w 2011r, Przewodniczący Prezydent Jerzy Auksztol, Studia i analizy statystyczne, Gdańsk 2013.

[4] United Nations Development Programme, Human Development Reports 2013 Team Director and lead author Khalid Malik.

[5] Instytut Pracy i Spraw Socjalnych, Wysokość minimum egzystencji, <https://www.ipiss.com.pl/?zaklady=minimum-egzystencji-2>.

[6] Human capital in Poland in 2011, statistical studies and analyses, Gdańsk 2013

[7] Perdue, William. *Modernization Crisis: The Transformation of Poland*. 1995.

[8] Межгосударственный статистический комитет СНГ. Мониторинг основных макроэкономических показателей развития экономики государств – участников СНГ, Москва, 2011.

[9] Kożuch B., Kożuch A. *Podstawy Organizacji i Zarządzania*, Kraków, 2008

[10] Wagner, Marcus (Editor). *Entrepreneurship, Innovation and Sustainability*. Sheffield, South Yorkshire, GBR: Greenleaf Publishing, 2012.

[11] Sustainable Development Indicators for Poland, Katowice 2011, ISBN 978-83-89641-05-2.

[12] Report on the condition of small and medium-sized enterprise sector in Poland in the years 2008-2009, Warsaw 2010.

[13] Magdalena Jelonek, Students – the future force of Polish economy, Warsaw 2011.

[14] Konrad Turek, The unemployed –the untapped resources of Polish economy, Warsaw 2011.

REFERENCES

[1] Kazakhstan Respublikasy Statistika agenttigi, *Kazakhstan Respublikasynyn negizgi aleumettik-ekonomikalyk korsetkishteri*, <http://www.stat.gov.kz/>

[2] *Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2008 zhylgy 2009 – 2011 zhyldarga arналған «Europaga zhol» Memlekettik bagdarlamasy*, Astana, **2008** (in kaz).

[3] Główny Urząd Statystyczny Central Statistical Office Urząd Statystyczny w Gdańsku Statistical Office in Gdańsk, Kapitał ludzki w Polsce w 2011r, Przewodniczący Prezydent Jerzy Auksztol, Studia i analizy statystyczne, Gdańsk **2013**.

[4] *United Nations Development Programme, Human Development Reports 2013* Team Director and lead author Khalid Malik

[5] Instytut Pracy i Spraw Socjalnych, *Wysokość minimum egzystencji*, <https://www.ipiss.com.pl/?zaklady=minimum-egzystencji-2>

[6] *Human capital in Poland in 2011, statistical studies and analyses*, Gdańsk **2013**

[7] Perdue, William. *Modernization Crisis: The Transformation of Poland*. **1995**

- [8] Mezghosudarstvennyj statisticheskiy komitet SNG. *Monitoring osnovnyh makroekonomicheskikh pokazatelej razvitiya jekonomiki gosudarstv – uchastnikov SNG, Moskva, 2011.*
- [9] Kożuch B., Kożuch A. *Podstawy Organizacji i Zarzadzania, Kraków, 2008*
- [10] Wagner, Marcus (Editor). *Entrepreneurship, Innovation and Sustainability.* Sheffield, South Yorkshire, GBR: Greenleaf Publishing, 2012.
- [11] *Sustainable Development Indicators for Poland, Katowice 2011, ISBN 978-83-89641-05-2*
- [12] *Report on the condition of small and medium-sized enterprise sector in Poland in the years 2008-2009, Warsaw 2010*
- [13] Magdalena Jelonek, *Students – the future force of Polish economy, Warsaw 2011*
- [14] Konrad Turek, *The unemployed – the untapped resources of Polish economy, Warsaw 2011*

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНА И ПОЛЬШИ В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИИ

С. М. Егембердиева, Г. Қ. Абдраманова, Н. Д. Есмагулова

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ключевые слова: экономические показатели, индекс человеческого развития, прожиточный минимум.

Аннотация. Статья посвящена изучению новых характеристик отношений Казахстана и Польши в условиях сотрудничества экономик и основным социально-экономическим проблемам двух стран. В статье описываются направления политики социально-экономической модернизации Казахстана и Польши, и тенденции развития в условиях, обусловленных глобализацией экономических процессов в мире. В статье также придается большое значение человеческому развитию на современном этапе, рассматриваются его основные направления и анализируется состояние человеческого развития в двух странах и предлагаются пути решения социальных проблем. Обосновываются направления дальнейшего развития современного общества, которые определяются степенью инициативности граждан, их образовательным и культурным потенциалами, накопление которых возможно лишь посредством улучшения качества жизни граждан.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 238 – 242

MASTERING OF VIRGIN SOIL AND FATE OF KAZAKH

N. T. Zhanakova

Kazakh Abylaikhan university of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

Key words: nation, politics, history, language, mastering of virgin soil, Kazakh, people, state, law, school.

Abstract. In the article on the basis of the archived and documentary materials the questions of functioning of Kazakh are affected in the years of virgin land development in Kazakhstan.

ТЫҢ ИГЕРУ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАҒДЫРЫ

Н. Т. Жанақова

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: ұлт, саясат, тарих, тіл, тың игеру, қазақ, халық, мемлекет, заң, мектеп.

Аннотация. XX ғасырдың 50 жылдары Қазақстанда жүргізілген тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының қазақ тілінің дамуын тежеп, болашақ тағдырына тигізген кесепаттары, кеңестік орталық басқару жүйесінің ұлт мәселесіндегі кереғар саясатының зардаптары мұрағат және құжаттық деректер негізінде нақты тұжырымдалып көрсетілген.

Кеңес империясы билік құрған кезеңнің 1954-1964 жылдары Кеңес Одағы тарихында «тың эпопеясы» деп ерекше аталғанымен қазақ халқы дамуында есте қаларлықтай елеулі оқиға болған жоқ, керісінше, ұлт мүддесі тапталып, ана тілінің жағдайы мүлдем мүшкіл күйге түсті. Осы жылдары Кеңес мемлекетін басқарған Н.С.Хрущевтың волонтаристік саясаты мен оның тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру туралы шаралары ұлт тілдері дамуына, соның ішінде әсіресе қазақ тілінің тағдырына тіптен бұрын-соңды болмаған нұқсан келтірді.

Тың игеруді желеу еткен ұраншыл науқанның қазақ тіліне шабуылы жасанды көші-қон саясатынан бастау алды. Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) Орталық Комитетінің (ОК) Қазақстанның «тың және тыңайған жерлерін игеруге аттануға» шақырған үндеуіне (1,83) жауап ретінде қолдан ұйымдастырылған науқандық шаралар нәтижесінде 1954 жылдың наурызына дейін қазақ даласына 250 мың, 1956 жылы 640 мың тың игеруші Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келіп қоныстанды (2, 37). Тың игерудің алғашқы үш жылында басқа республикалардың кәсіптік-техникалық училищелерін бітірген 66718 жас қыз бен жігіт (77,1 пайыз) және Қазақстан училищелерінің 19832 түлегі (22,9 пайыз) совхоздарға жұмыс істеуге келсе, 1960 ж. кәсіптік білім беру жүйесі арқылы Қазақстандағы «тың жерлерді игеру үшін» деген желеумен Ресейде – 1,5 мың, Украинада – 10 мың, Белорусияда – 4 мың, Молдавияда – 1,4 мың тракторшы даярланып, жұмысқа жіберілді (3, 75).

Мұнымен қатар Қазақстанның Мәскеу тағайындаған басшылары тың және тыңайған жерлерді игеруді жалғастыру мақсатында жұмыс күші жетіспейтіндігін сылтауратып 1955 ж. СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесіне республикаға сырттан 50 мың отбасын қоныс аудару туралы мәселе қарау жөнінде өтініш жасады (4, 98).

Тың игеру сайып келгенде, қазақ халқы, оның тілі, ділі мен діні үшін үлкен зобалаң болды. Осы жылдары кадр мәселесі бойынша патша заманындағыдай отаршылдық саясат жүргізіліп, тұтас ұлттың еңсесін түсіретін әрекеттер жасалды. Мәскеудегі биліктің өктемдігі, әкімшіл-әміршіл жүйенің шиеленісуі, этнодемографиялық үрдістердің бұзылуы «тың эпопеясында» айқын көрініс тапты. Тың игеру жылдарында Қазақстан халқы 2,6 млн. адамға өсіп, соның салдарынан жергілікті ұлт – қазақтар өз жерінде мүлдем азшылықта қалды. Бұл туралы белгілі демограф-ғалым М. Тәтімов сөзімен айтсақ: «... қазақтардың проценттік тұрғыда одан әрі азаюына, сонымен қатар европалық келімсектердің көп мөлшерде тың жерлерді игеруге ағылып келуі тағы да әсер етті. Соның нәтижесінде 1959 жылы қазақтар өз жерінде 29,8 пайызды ғана құраса, ал орыстардың үлес салмағы 42,7 пайызға дейін тағы да артқаны белгілі» (5,33).

1954-1960 жылдары Кеңес Одағының Ресей, Украина, Белоруссия және басқа аймақтарынан жұмыс күші, механизатор кадрлар тапшы, жетпейді деген сылтаумен 2 миллионға жуық адамның Қазақстанның солтүстік облыстарына, әсіресе шұрайлы жерлерге қоныс аударуы осы аймақтардағы демографиялық жағдайдың күрделенуіне, қазақтарды ұлттық тілінен, дәстүрінен, ата-баба салтынан айрылуына жол ашты. Қоныстанушылар арасында жалаң ұранға бас ұрып қазақ жеріне ағылған жастар арасында бұрын ауыр қылмыс істеп, жазасын өтегендер, маскүнемдікке бой ұрып, бұзақылықпен айналысқан адамдар да болды. Олар бірлі-жарым емес, көптеп келіп қазақ даласын мекен ете бастады.

1962 жылы республика тұрғындары арасында қазақтар үлесі 28,9 пайызға төмендеп, орыстардың үлес салмағы 45 пайызға артты. Осы уақытта Кеңес Одағы Коммунистік партиясы мен Кеңес мемлекеті басшылығының тұрғылықты халықты орыстандыруға бағытталған ұлт саясаты белсенділікпен жүргізіліп, әсіресе Қазақстанда шырқау биігіне жетті. Тың игеру мақсатында Қазақстанға 1,5 млн адам келді, жабық өндіріс орындары мен әскери сынақ алаңдарын көптеп салу басталып, Ресейден мамандар ағылды. Тың игеру экономикалық мүддеден туындағанмен қазақ даласын Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген орыс тілді тұрғындармен қоныстандыру арқылы жергілікті халықты сіңістіріп жіберу мақсаты да алдын ала ойластырылған болатын. Сол жылдары Кеңес Одағын Н.С.Хрущев басқарған кезде ұлт саясатында «жаңа тарихи қауымдастық – кеңес халқын» құруға бағыт белгіленді. Бұл бағыт мақсаты – орыс емес халықтарға орыс тілін ана тіліне айналдырып, бір ғана халық – кеңес халқын жасау болатын. 1958 ж. КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-дағы халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заңы қабылданды да, іле-шала мұндай заң 1959 жылы Қазақстанда да қабылданып, соған сәйкес ата-аналар балаларын өздері қалаған тілде оқыту құқығына ие болды. Орыс тілі негізгі тілге айналып, үстемдік құрған шақта бұл ресми құжат басқа тілдердің дамуын тежеді, әсіресе қазақ тілінің басына қара бұлт үйірілді. Қазақ мектептері күрт азайды. 1950-1970 жж. 1314 қазақ мектебі жабылды. Бұл жымсық саясат 1992 жылға дейін жойылған жоқ. 1994-1995 жж. Қазақстанның әртүрлі бөлігіндегі тіл ахуалына байланысты жүргізілген социологиялық зерттеулер қорытындысы бойынша қазақтардың 70-75 пайызы ғана ана тілінде еркін сөйлей алса, 80 пайызы орыс тілін жетік білген (6).

Н.С.Хрущев Қазақстанның ұлттық құрамы, қазақ халқының ұлттық мемлекеті туралы мәселелерге ұлыдержавалық гегемонизм тұрғысынан атүсті қарап, патшалық Ресей кезіндегі сияқты экономикалық отарлық құрылым ретінде бүкілодақтық шикізат базасына айналдыруды көздеді. Тың игеру жылдарында солтүстік облыстардағы жүздеген қазақ ауылдары болашағы жоқ деген сылтаумен мүлдем жойылып кетті. Жаңадан тыңда ұйымдастырылған 800-ге тарта кеңшар атауларының басым бөлігіне қазақ тілінде бір ауыз сөз де бұйырмады. Осыған байланысты бес томдық «Қазақстан тарихында»: «Соның салдарынан қазақ тіліне (қазақ тілінің қолдану аясы бұрынғыдан да тарылды, 700-ден астам қазақ мектебі орыс тілінде оқытуға көшірілді), қазақ халқының әлеуметтік-мәдени өміріне қауіп төніп, демографиялық проблемалар шықты» деп осы түйткілді мәселе тарихи тұрғыда нақты бағамдалды (7, 575).

Осы жылдары «Қазақ әдебиетінің» қайта шығуы халқымыздың мәдени өміріндегі аса айтулы оқиға болды. Ол бірінші санынан бастап-ақ өзінің бастапқы бағыты – ұлттық мәдениетті көтеру мәселесін батыл қолға алғанын байқатты. Газеттің қайта шыққан алғашқы санынан бастап ана тіліне айрықша көңіл бөлінді. Басылымның үлкен рухани серпіліске түскен жылы 1956 жыл болды. Дәл осы жылы газет бетінде ана тілі мен мәдениеті, қазақ мектептерінің аянышты халі жөнінде

көкейтесті мақалалар жарияланып, жұртшылық арасында үлкен серпіліс туғызды. Сол жылы 22 сәуірде газетте жарық көрген жас сыншы Р.Бердібаевтың «Ең үлкен мәдени байлық» атты проблемалық мақаласы қазақ қоғамын дүр сілкіндірді. Мақалада қазақ тілі мәселесі өткір көтеріліп, осыған байланысты кемшіліктер қатты сыналды. Артынан іле-шала 1 маусымындағы газет санында Р.Бердібаев пікірін қолдаған жас ғалым Ә.Нарымбетовтің «Ана тілін ардақтайық» атты мақаласы, 17 тамыздағы санында Қазақстан партия тарихы институтының бір топ ғылыми қызметкерлері – Т.Кәкішев, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлішеров, А.Байшин, А.Мұқтаров, Қ.Әбілдаев, Қ.Әлиасқаров қол қойған «Тіл мәдениеті» атты мақаласы жарияланып, қазақ тілінің мүшкіл халін сөз еткен батыл ойлар айтылды. Мұндай өзекті ұлттық мәселелер газет бетінде жарты жылдай үздіксіз жазылды. Бұл республика партия басшылығының ашу-ызасын келтірді. Қазақстан КП Орталық Комитеті 1956 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулы қабылдады. Осы қаулыдан кейін ұзамай-ақ «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылы 29 қаңтарда жарияланған «Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік» атты мақаласында қазақ тілін мәселе қылып жария еткен авторлардың аты-жөндері көрсетіліп, оларға қазақ тілін, әдебиетін, өнерін, оқу-ағарту ісін, баспасөзді дамыту және ұлт кадрларын даярлау мәселелерін теріс тұрғыда жазғандығы туралы қатаң айып тағылды. Редактордан бастап, газет қызметкерлері, авторлар қуғынға ұшырады. Р.Бердібаев қызметінен шеттетіліп, партия қатарынан шығарылды. 1957 жылдың көктемінде «буржуазияшыл, ұлтшыл» деген айып тағылған «Қазақ әдебиеті» газетінің басшысы болған Сырбай Мәуленов бас редакторлықтан, Жұбан Молдағалиев редактордың орынбасарлығынан, Төкен Әбдірахманов жауапты хатшылықтан босатылды. Осылайша, ана тіліне араша түскен ұлт зиялылары қуғынға ұшырады.

Тың игеру жылдары қазақ тіліндегі бүкіл баспасөзге үлкен зобалаң келді. Тың игерілген облыстарда қазақ тілінде шығып келген газеттер жабылды. Қазақ оқырмандарының көп бөлігінің орыс тілді газеттерге ойысып кетуіне осы фактор себеп болды.

Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов ана тілінің сол жылдардағы мүшкіл халіне қатты алаңдаушылық білдіріп, Қазақстан КП ОК-інің 1956 жылдың 16 қарашасында қазақ тіліне арнап өткізген кеңесінде сөз сөйледі, іле-шала Орталық Комитетке осы мәселеге байланысты батыл ойын айтқан кең ауқымдағы хатын жолдады, тіл мәселесінің ушығып, қазақ тілінің солтүстік облыстарда мемлекеттік тіл болудан қалғандығын мысал етіп келтірді, бұл жайттың республика көлемінде белең алу қаупінен сақтандырды. Қазақстан КП ОК-інің осы хатты талқылау барысында 1957 жылы 11 сәуірде қабылдаған қаулысында жазушының бұл әрекетінде саяси жағынан зиянды жақтар бар екендігі атап өтілді (8)

Кең байтақ қазақ жері Тың, Батыс, Оңтүстік өлкелерге бөлінді, облыстар мен аудандар біріктіріліп, халықтың берекесі кетті. Жергілікті халық – қазақтар ұлттық мәдениеттің өркендеу болашағынан айрыла бастады. Қазақ тілінің өрісі тарылып, жоғалуға бет алды.

Тың игеру кезіндегі зиянды көші-қон саясаты одан әрі күш ала түсті. Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылыстары болып жарияланған Қарағанды металлургия комбинаты мен Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын салу кезінде де сырттан жұмысшылар тарту ісі кең қанат жайды. Қарағанды металлургия комбинатын немесе Қазақстан Магниткасын салуға Кеңес Одағы құрамындағы одақтас республикалардың 389 кәсіпорны мен 50 жобалау институты қатысты (9, 83), комбинат құрылысында – 1956 жылдың 1 желтоқсанында 9 мыңға жуық 25 ұлттың өкілі одақтың әр жерінен келіп еңбек етті. Осыншама жұмыс күшінің болуына қарамастан кадрлардың мүлдем жетіспейтінін желеу етіп, «Казметаллургстрой» тресі 1957 ж. қыркүйектің 19-да Кеңестер Одағының басты металлургиялық кәсіпорындарына қазақстандық магнитка құрылысын қамқорлыққа алып, маман кадрлармен көмектесулерін сұрап үндеу жариялады (4, 113). Үндеу үлкен «патриоттық қозғалыс» тудырып, 1958 жылдың бірінші жартысында одақтас республикалардан 20 мыңнан астам адам осы құрылысқа жұмыс істеуге келді (4, 114). 1959 жылдың басында комбинатта 11,5 мың адам жұмыс істесе, оның 56,5 пайызын орыстар, 17,4 пайызын украиндар, 3,5 пайызын татарлар, 2 пайызын белорустар құрады. Қазақтардың осы үлкен еңбек ұжымындағы үлес салмағы небәрі 1,1 пайыз болды (10, 6).

Бұл жағдай 1958 жылы бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы болып жарияланған Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын салу кезінде де қайталанды. Сол жылы комбинаттағы бұрынғы ұжым қатарына 5712 жұмысшы сырттан келіп қосылды. 1959 жылдың 5 айында осында

орналасқан 2060 адамның 302-і Краснодар өлкесінен, 248-і – Ярославль, 159-ы Челябині, 94-і – Воронеж, 43-і Горький облыстарынан, 176-ы Солтүстік Осетиядан келсе, 175 адам Литвадан және 63 адам Белоруссиядан арнайы жолдамамен келген. Сонда осылардың небәрі 17 пайызын ғана Қазақстан жұмысшылары құраған екен (11, 117).

Сайып келгенде ішкі және сыртқы демографиялық процестер қайшылығы салдарынан республиканың байырғы халқы – қазақтар азшылыққа айналды, жері сынақ полигонына, тұтқындар лагеріне айналып, халықтар түрмесі атанды. «Тек бір ғана Карлагта 2 миллионға жуық адам қуғын-сүргін көрді. Қиыр Шығыстан 100 мыңнан астам корейлер, Еділ өңірінен 361 мың неміс, Солтүстік Кавказдан 50 мың қарашай-балқар, чешен-ингуш, Месхетиядан күрд, түрік, қалмақ, қырым татарлары қазақтың кең шапанының астына кіріп паналады. Бұл аздай тың көтереді, құрылыс салады деп қазақ даласына сырттан қаншама адамды қапталтты», – деп М. Қозыбаев жазғандай (12, 40-41), кеңес империясы ұлт тілдеріне ойына келгенін істеп, этно-демографиялық үрдісті тежеді.

Қазақ тілі шын мәнінде еліміздің тәуелсіз мемлекет атануының арқасында қайта жанданып, көсегесі көгерді. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы қаңтарда қабылданған Негізгі Заңы – Конституциясында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп танылуы ел тарихындағы елеулі оқиға болды (13). Бұл бап Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған 1995 жылғы Конституциясында да қайталанды (14). Тіл туралы Заң да, еліміздің негізгі Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясында да қазақ тілі мемлекеттік тіл болып танылып, абыройы биіктеді. Тілді заң тілімен нақтылау бар да, оны іс жүзінде жүзеге асыру бар.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болуы тиіс. Міне, осы айтылған ойлар толық жүзеге асқанда ғана Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деп нық сеніммен айта аламыз.

Қазақстанның полиэтникалық қоғам жағдайында мемлекеттік тілдің даму болашағы жарқын, негізгі тілге айналуы қазақ тілін аймақтар бойынша дифференциялық тұрғыда, жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерді ескере отырып қолданылуын міндеттеуді мақсат еткен белсенді мемлекеттік қолдау жасалғанда нақты жүзеге асуы мүмкін.

Мемлекеттік тіл мәртебесін іс жүзінде орнықтыруға басқа да толымды іс-шараларды белгілеп, оңды шешілуін ғылыми тұрғыдан жан-жақты ескергенде ғана қазақ тілінің өркендеуіне толық мүмкіндік болар еді. Сонда ғана тіліміздің аясы қайтадан кеңейіп, барлық салада бірдей қолданылуына жағдай жасалады. Бұл мәселедегі басты түйін – мемлекеттік тіл Қазақстандағы ұлттаралық келісім мен үйлесімділіктің ұйтықысы, ұйымдастырушысы болып қалады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Әбуев Қ. Қазақстан тарихының ақтандық беттерінен. – Алматы, 1994.
- [2] Михайлов Ф. Совхозы Казахстана (1946-1970 г.г.). Автореф. дис. докт. ист. наук. – Алма-Ата, 1977.
- [3] Копесов Н. Социальные изменения в составе сельскохозяйственных труженников Казахстана. – Алма-Ата, 1977.
- [4] Базанова Ф.Н. Формирование и развитие национальной структуры населения Казахстана (на материалах республиканской миграции): Автореф. дис. докт. ист. наук. – Алма-Ата, 1988.
- [5] Тәтімов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан құрылған, қырылған және атылған?). – Алматы, 1993.
- [6] Әренов М. Қазақ – өрлеу үстіндегі ұлт // Егемен Қазақстан. – 1997. – 24 желтоқсан.
- [7] Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы, 2010. – Т. 4.
- [8] Аяган Б. Тоталитаризм в духовной среде // Экспресс-К. – 2006. – 26 июня.
- [9] Наша Магнитка. – Алматы, 1983.
- [10] Кенжебаев С. Рост многонациональных производственных коллективов и объединений трудовых социалистических наций. – Алматы, 1965.
- [11] Туманшин К. Деятельность Компартии Казахстана по созданию и развитию Кустанайского - Тургайского промышленного комплекса (1956-1970 гг.). – Алма-Ата, 1978. – 117-б.
- [12] Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр // Кіт.: Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993.
- [13] Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993.
- [14] Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.

REFERENCES

- [1] Abuyev K. Almaty, 1994 (in Kaz.).
- [2] Mikhailov F. State farms of Kazakhstan (1946-1970). Autoref. Dis. Doc. Hist. Sciences. A., 1977. (in Russ.).
- [3] Kopesov N. Social changes in the composition of agricultural workers of Kazakhstan. A., 1977. (in Russ.).
- [4] Bazanova F.N. Formation and development of the national structure of the population of Kazakhstan (on materials of the Republican migration). Autoref. Dis. Doc. Hist. science. A., 1988. (in Russ.).
- [5] Tatimov M. Almaty, 1993 (In Kaz.).
- [6] Arenov M. //Egemen Kazakhstan. 24 of December, 1997 (In Kaz.).
- [7] Qazaqstan tari'hi' (ko'ne zamannan bu'ginge deyin). Bes tomdiq. Almati', 2010. T. 4.
- [8] Ayagan B. Totalitarianism in a spiritual environment. Express-K. 2006, June 26. (in Russ.).
- [9] Our Magnitka. A., 1983.
- [10] Kenzhebaev S. Growth of multinational production collectives and associations of labour Socialist Nations. A., 1965.
- [11] Tumanshin K. Activities of the Communist Party of Kazakhstan on creation and development of Kustanaysk-Turgai industrial complex (1956-1970). A., 1978. 117-p.
- [12] Qozi'baev M. Ata tari'hi' twrali' si'r. Kit.: Du'ni'e ju'zi qazaqtari'ni'ng quri'ltayi'. Almati', 1993.
- [13] The Constitution of the Republic of Kazakhstan. 1993.
- [14] The Constitution of the Republic of Kazakhstan. 1995.

ОСВОЕНИЕ ЦЕЛИНЫ И СУДЬБА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Н. Т. Жанакова

КазУМОиМЯ им. Абылайхана, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: нация, политика, история, язык, освоение целины, казах, народ, государство, закон, школа.

Аннотация. В статье на основе архивных и документальных материалов затрагиваются вопросы функционирования казахского языка в годы освоения целинных земель в Казахстане.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 243 – 246

**A ROLE OF PSYCHOLOGICAL SERVICE
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN****M. M. Baybekova, Z. Z. Anarbayev**

Kazakhstan engineer-pedagogical university of friendship of people, Shimkent, Kazakhstan.

E-mail: zafar 85 1@mail.ru

Key words: psychological service, system of education, practical psychology, psychologist, psychological help.

Annotation. The conducted analysis shows that taking for basis the general system, basic functions and organizational structure of construction of psychological service in foreign countries and countries the CIS follows at the same time unformally and creatively to go near the selection of receptions and methods of practical work of psychologist, especially in the light of those tasks that stand before the home systems of education and employment, and before a country on the whole on the modern stage of its development.

УДК 159.99

**РОЛЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ
В РУСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН****М. М. Байбекова, З. З. Анарбаев**

Казахстанский инженерно-педагогический университет дружбы народов, Шымкент, Казахстан

Ключевые слова: психологическая служба, система образования, практическая психология, психолог, психологическая помощь.

Аннотация. Проведенный анализ показывает, что принимая за основу общую систему, основные функции и организационную структуру построения психологической службы в зарубежных странах и странах СНГ следует вместе с тем неформально и творчески подходить к отбору приемов и методов практической работы психолога, особенно в свете тех задач, которые стоят перед отечественными системами образования и занятости и перед страной в целом на современном этапе ее развития.

Сегодня психологическая служба образовательного пространства становится реальностью. Успешность этой работы, зависит и от академической психологии, от того, насколько быстро она перейдет от этапа доказательства необходимости психологической службы образовательного пространства к этапу ее научно-методического обеспечения.

Психологическая служба как организационная система работы существует во многих странах и имеет почти вековую историю. Исторически сложилось так, что в нашей стране наибольшее развитие получила школьная психологическая служба, а широким смысле – служба практической психологии в образовании.

Психологическая служба имеет сложную, многоуровневую структуру, она пронизывает систему образования сверху до низу; от высших органов управления ею – министерств и ведомств – до низших ее звеньев – детских групп, существующих в дошкольных и школьных учреждениях.

Причины неоднозначности определения предмета психологической службы образования состоят в том, что происходит смещение явлений разного порядка:

- 1) научно-психологической проблематики;
- 2) деятельности самого психолога;
- 3) организации и структуры психологической службы образования.

Психологическую службу образования следует рассматривать в трех аспектах:

– как одно из направлений педагогической и возрастной психологии, изучающее закономерности психологического развития и формирования личности ребенка, школьника с целью разработки способов, средств и методов профессионального применения психологических знаний в условиях современного дошкольного и школьного воспитания (научный аспект);

– как психологическое обеспечение всего процесса обучения и воспитания, включая составление воспитательных и учебных программ, создание учебников, разработку психологических оснований дидактических и методических материалов (прикладной аспект);

– как непосредственную работу психолога с детьми и взрослыми в учреждении образования (детский сад, школа).

Единство этих трех аспектов и составляет предмет психологической службы образования.

Следует отметить, что в некоторых странах СНГ, Великобритании, Бельгии, Голландии, Югославии, Чехословакии, Франции практическая психология занимает главное место в системе образования. В Казахстане она только крепнет и нуждается в четком определении приоритетных задач исследований.

Первоначально в республике Казахстан экспериментальные исследования в области психологии развития, педагогической психологии осуществлялись в лаборатории возрастной и педагогической психологии, которая была основана в 1993 году на базе научно-исследовательской группы, работающей по теме «Поиск, обучение и воспитание одаренных детей». И по сей день эта лаборатория семейного воспитания и психологии Казахской академии образования им. И. Алтынсарина имеет статус единственной в своем роде научно-исследовательской, практико-ориентированной структуры в Казахстане.

Потребность в помощи психологов и развитие практической психологии образования в значительной степени влияет на гуманизацию всей системы образования. Психологическая помощь играет важную роль в своевременном раскрытии и развитии способностей и склонностей личности. А также в предупреждении возможных отклонений в их психическом и личностном развитии. Пришло такое время, когда психологическая помощь должна сопровождать человека на всех этапах его жизненного пути. Как самая чувствительная часть социума - педагоги и молодое поколение нуждаются в поддержке психолога. Вместе с психологом во все структуры образования приходят новые знания и отношения, научная диагностика, серьезные исследования и гуманные формы помощи.

Так, в США психологическая служба начала свою работу с 1900 года. Во Франции в 1909 году была организована первая профессиональная школьная психологическая служба. В 1951 году министерство образования Франции впервые представило описание функции школьных психологов. В 1913 году в Англии приступил к работе первый школьный психолог. Психологическая служба функционирует в Бельгии, Голландии, Югославии, Чехословакии и др.

В Эстонии психологическая служба начала действовать с 1973 года. В России достаточно давно действует школьная психологическая служба, которая согласно принятому решению Коллегии Министерства образования Российской Федерации в 1995 году переименовалась в службу практической психологии.

В нашей же республике до настоящего времени значение психологической службы не учитывалось. Опыт плодотворного практического влияния такой службы во многих республиках СНГ и других странах показывает необходимость развития отечественной психологической службы, направленной на охрану психического здоровья нации, профилактики отклонений в развитии и поведении личности, психологической коррекции и реабилитации молодых людей из «группы риска».

Анализ показывает, что Служба в каждой стране организуется по-своему, с одной стороны она определяется конкретными психологическими концепциями, с другой потребностями образования, целями воспитания и формирования личности.

Необходимость создания именно Психологической службы образования, доказывается и тем, что она может решать широкий спектр проблем:

- проектирование развивающего образа жизни личности, составление психологического портрета индивидуальности;
- оказание психологической помощи при работе с семьей ребенка, обеспечение психологической поддержки при выборе жизненного пути и профессиональной карьеры, в том числе и профессиональной адаптации, при выявлении причин отклонений в развитии личности;
- профилактики и коррекции отклонений, практический психолог содействует гармонизации социально-психологического климата в образовательных учреждениях.

Благоприятная психологическая атмосфера, особое психологическое воздействие в учебно-воспитательном процессе позитивно влияет на полноценное психическое, личностное и интеллектуальное молодежи.

Поэтому, учитывая все то ценное и полезное, что сделано и апробировано в других странах в области практической психологии, важно создать свои научные и организационные принципы Службы, разработать и обосновать подходы к ней.

В последнее время в нашей республике резко возросли интерес и потребность людей в интенсивной разработке различных актуальных проблем психологии. Состояние психологической науки в Казахстане в постсоветский этап можно оценить как период значительного подъема в её развитии. По сей день она непрерывно обогащается новыми научными данными, совершенствуется её понятийный аппарат и методы исследования. Повысился уровень научных исследований, расширена пропаганда психологических знаний, проведен ряд научно-теоретических конференций, изданы монографии, выпущены учебники и учебные пособия, типовые программы, методические разработки, библиографические указатели, терминологические словари.

Обновление демократического общества, его суверенизация и гуманизация, становление правового государства, реформа образования, развитие общественно-политической активности людей с учётом полиэтничного и многоконфессионального состава населения страны требуют преодолеть застой и отставание психологической науки, покончить с недооценкой психологических знаний и отсутствием психологической культуры во всех звеньях организации и управления образовательной, экономической, социальной, политической и духовно-нравственной жизни казахстанского общества.

Психологическая служба в системе различных звеньев образования не требует особых доказательств. Вся система учебно-воспитательной работы, образования немислима без психологического обеспечения.

Современный этап развития психологических служб в Казахстане характеризуется актуализацией практической психологии как одного из наиболее важного научно-практического направления. Этому способствует возрастающая потребность различных структур общества и отдельных граждан в практической помощи психологов, психотерапевтов, в получении психологических консультаций и поддержки, в повышении психологической компетентности и информированности в области психологических знаний, а соответственно, и формирования психологической культуры.

С начала нового тысячелетия социально-психологическое напряжение, которое испытывает человек в период экономической нестабильности, в переходные этапы исторически обусловленных изменений, побуждают его искать различные источники реализации вышеуказанных психологических потребностей. С изменением отношения людей нашего общества к психологии как науке, призванной и способной оказывать реальную практическую помощь, а так же с увеличением количества общедоступной литературы по психологической проблематике и всеобщей "психологизацией" средств массовой информации, психология становится актуальной, значимой и востребованной отраслью. [1]

В связи с этим, можно с твердой уверенностью утверждать, что сегодня для казахстанской исследовательской науки особо остро стоит вопрос о развитии консультационных служб, ориентированных на оказание практической психологической помощи. В публикациях казахстанских психологов все чаще отражается мысль о необходимости развития практической психологии в отечественной науке. [2] И разработка научно-практической и методической базы консультационных психологических служб становится одним из актуальных и приоритетных направлений

практической психологии. Вместе с тем, практическая психология, как новая отрасль психологической науки, должна «не только разрабатывать психотехнические и психотерапевтические технологии работы с людьми, нуждающимися в психологической помощи», но проводить разносторонние научные исследования в данной области для формирования научной теоретико-методологической базы у нас в республике. [3]

Проведенный выше анализ показывает, что, принимая за основу общую систему, основные функции и организационную структуру построения психологической службы в зарубежных странах, следует вместе с тем неформально и творчески подходить к отбору приемов и методов практической работы психолога, особенно в свете тех задач, которые стоят перед отечественными системами образования и занятости и перед страной в целом на современном этапе ее развития. Мы полагаем, что психологическая служба должна стать органической частью системы народного образования, имеющей прочные организационные, методические и функциональные контакты с другими звеньями национальной психологической службы страны.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Донцов А.И., Жуков Ю.М., Петровская Л.А. Практическая социальная психология как область профессиональной деятельности // Введение в практическую социальную психологию. – М.: Смысл, 1999. – С. 7-21.
[2] Сатыбалдина Н.К. Тенденции современной психологической науки // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. Алматы, 2000. – № 1(6). – С. 33-39.
[3] Теоретические и прикладные проблемы практической психологии / Под ред. С. М. Джакупова. – Алматы, 2001. – 180 с.

REFERENCES

- [1] Dontsov A.I., Zhukov Yu.M., Petrovskaya L.A. Practical social psychology as a field of professional activity. Introduction to practical social psychology. M.: Smysl, 1999. P. 7-21.
[2] Satybalдина N.K. Trends of modern psychological science. Bulletin of KazNU. Psychology and sociology. Almaty, 2000. N 1 (6). P. 33-39.
[3] Theoretical and applied problems of practical psychology. Ed. S. M. Dzhakupov. Almaty, 2001. 180 p.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ РОЛІ

М. М. Байбекова, З. З. Анарбаев

Қазақ халықтар достастығының инженерлі-педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Тірек сөздер: психологиялық қызмет, білім беру жүйесі, тәжірибелік психология, психолог, психологиялық көмек.

Аннотация. Жүргізілген сараптамалық жұмыстардың негізінде шетелдік және ТМД елдеріндегі психологиялық қызметтердің ұйымдастырушылық құрылымдарын жасаудың негізгі функциялары анықталынып, жалпы жүйенің мән-мағынасы зерттелінді. Осы жұмыстардың нәтижесінде психолог мамандардың кәсіби әдістерді таңдауда формалды емес, шығармашылық жолмен қарастырудың негізгі амалдары келтірілген. Бұл өзекті мәселе білім беру жүйесі мен жалпы мемлекеттің бүгінгі таңдағы даму тенденцияларының алдыңғы қатарында тұр.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 247 – 253

CHYHIR - WATER-LIFTING DEVICE AND ITS USE OF THE OBJECT

T. Kartayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: kartaeva07@mail.ru

Key words: Syr-Darya region, species of the chyhirs, structure of the chyhirs, land field, ladles of the chyhir.

Abstract. Chyhir - Water-lifting device in the form of a wheel with buckets, supplies water from the lower levels to the upper part of the land to irrigate fields. This irrigation system has been known since ancient times at the Kazakh territories. Structure of chyhir is complex, it consists of several parts, and it was made of solid wood such as oak (*quercus*), *elaegnus*. Chyhir was manufactured by *agashshy* (tree handlers). At the beginning of the planting season in the spring chyhir was created and in the autumn dismantled. Chyhir occupies an important role in the livelihoods of the Kazakhs. In the Kazakh territories chyhirs met on the banks of the Syr Darya, Nura, Karatal, Tersakkan, Kengir, Sarysu, Ile, Chu rivers and Accol, Korgalzhyn lakes. Chyhirs was used during World War II, the postwar years. From the middle of the twentieth century, with a wide development and implementation of hydraulic engineering in the agricultural economy, the use of the chyhirs ceased. The article examines the scientific data and expedition materials, collected at Syr-Darya region.

УДК 94 (574) «19» 39.394.012

ШЫҒЫР ҚОНДЫРҒЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

T. E. Картаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: Сыр өңірі, шығыр түрлері, шығыр құрылысы, егістік алқабы, шығыр құмыралары.

Анотация. Шығыр – өзен, көлдерден биіктеу жерде егілген егістік алқабын суару үшін су көтеруге қолданылатын суландыру қолдырғысы. Шығыр қазақ жерінде ерте кезден қолданыста болған. Шығыр құрылысы күрделі қолдырғы, ол оқ, кіндік, жоғары тегершік, төменгі тегершік, кегей, қасынек, шелек, астау, т.б., ағаш бөліктерден тұрған. Шығырды емен, жиде сияқты мықты ағаштардан, ағашшы шеберлер жасаған. Шығыр қазақтардың тіршілік қамы жүйесін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарған. Қазақ жерінде шығырлар Сырдария, Нұра, Қаратал, Терісаққан, Кеңгір, Сарысу, Іле, Шу өзендері, Ақкөл, Қорғалжын көлдері жағасында орнатылған. Көктемде құрып, күзде қайта жинап отырған. Шығыр қолдырғылары Отан соғысы кезінде, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңінде де қолданылған, яғни XX ғасырдың ортасына дейін қолданыста болып, одан әрі, техниканың өсуімен, егіншілікті суаратын техникалардың өндіріске шығарылуымен байланысты қолданыстан шығып қалған. Мақалада негізінен Сырдария өзені алқабындағы шығыр қолдырғылары жайындағы ғылыми деректер мен автордың экспедициялық материалдары қамтылады.

Кіріспе. Қазақ жерінде шығырлар Сырдария, Нұра, Қаратал, Терісаққан, Кеңгір, Сарысу, Іле, Шу, Торғай өзендері, Ақкөл, Қорғалжын көлдері жағасында, осы су көздері арнасындағы арықтар басы бойынан су көтеру үшін кеңінен қолданылған. Әсіресе Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойында егістік алқап пен бау-бақшаны суаруға шығыр техникасы кең қолданыста болған.

Шығыр түрлері. Сыр өңірінде шығыр құрылысына қарай үшке бөлінген: жел шығыр (1-сурет), су шығыры (дарияның иірімі, ағысы қатты тұсына орнатылған, 7-сурет), көлік шығыры (түйе шығыр, ат шығыр, өгіз шығыр, 6, 8-сурет). Шығырлар жағасы биік арықтар бойына орнатылып, түйе, өгіз, ат көмегімен қозғалысқа келтіріліп, жегілген түлік түріне қарай «түйе шығыр», «өгіз шығыр», «ат шығыр» деген атаулар қалыптасты. Арнасы жерден онша биік емес арықтар бойындағы егісті суару үшін атпа немесе қол-шығырларды қолданды. Атпа су көтеретін ағаш немесе темірден жасалған, жан-жағы бүгілген күрек басына ұқсайтын қондырғысы ұзын ағаш арқылы су астындағы тезге бекітіліп, арықтағы суды егістікке қарай көтеріп тұрды.

Шығыр құрылысы. Шығыр оқ, кіндік, жоғары тегершік, төменгі тегершік, кегей, қасынек, шелек, астау, т.б., ағаш бөліктерден тұрады. Шығырдың *оқ* деп аталатын негізгі дінгегін жасау үшін жуандау келген бөренеден ұзындығы 6-7 метрге дейін жұмыр ағаш жонып алып, бір басынан төменгі *тегіршек* ұңғысына кіргізлетін, шет-шетін шауып төрт қырлы тіс жасайды, екінші басын үшкірлеп шауылып, әуіттің қарсы бетіндегі жуан бөрене кеспелтегіндегі ұяға асылып қойылады. Жалпы саны 10-12 болатын ұяға, ұзындығы 4-12 қарыс болатын төрт қырлы *кегейлер* кіргізіледі. Кегейдің ұшында болатын тесікке ұзындығы 2 қарыстай *құлақша* кигізіледі, құлақшалардың екі жақ басы *шыбық* бұрамалармен бекітіліп, ортадағы өзегі арқылы шыбықтар түйенің мойын терісінен тілінген таспамен берік байлап тасталады. Осылайша кегей бастарының өзара бекітілуі нәтижесінде шелектерді орнататын біртұтас шеңбер *қасенек* құрылады.


Оқтың екінші басындағы төменгі тегершік жоғарғы тегірішкіпен тістері арқылы байланысып, жоғарғы тегершік ұңғысы кіндікке кіргізілген. Кіндік тік орнатылған, оның екі жақ басы үшкір, төменгі жағында тегершік астына бекітілген кеспелтек, жоғарғы жағында ұзындығы кісі бойындай шектеген тіреулер бар. Әрбір тіреу мәткенің ортасындағы ойық-ұяға сұғылған. Үя іш жағынан мезгіл-мезгіл майланып тұрады. Шығырдың қасына «*әуіт*» қазады да, суды сыртқа шығару мақсатында дінгек пен әуіт ішіндегі шекелік ағаш бір-біріне байланыстырылып бекітіледі. Әуіт пен төменгі тегершік жер ошағының арасынан тереңдігі тізеден келетін арық қазылған. Шығыр көмегімен толған арық суы одан әрі тікелей әуітке құйылып тұрған. Оқ осы арыққа жатқызылады да, үсті тақтаймен жауып тасталады. Кіндіктің түп жағына байланған қалжуырға жегілген көлік (ат, түйе, өгіз, есек) жүре бастаса болды, жоғарғы тегершік төменгі тегершікті, төменгі тегершік оқты айналдыра бастайды. Қозғалысқа енген оқтың екінші басындағы қасынек жартылай әуітке сүңгіп, бірден 6-7 шелек суды тартып шығарып, су астауға құйылады, одан әрі егістікке кетеді. Тегершік кейде *жоғарғы тоғын*, *төменгі тоғын* деп те аталған. Ол көбінесе көн терімен қапталған. Ұзындығы 1 қарыстан астам тегершік тістері әдетте қайың сырғауылдан жасалған. Шығыр бөліктерін бір-біріне жымдастырып, мықтап байлау үшін солқылдақ көк шыбық өрімдері де пайдаланылған. Әуіттің ұзындығы 4,5-5, ені 2-2,5, тереңдігі 2,5-3 м-дей болады. Дикандар оны өзен-көлмен еңсіз тайыз арық арқылы жалғастырған.

Шығырдың қозғалысын, судың деңгейін егістіктің иесі, арық ақсақал қатаң бақылап отырған: су деңгейі тым жоғары болса, көлікке күш көп түседі. Әуіт қазып, шығыр орнатарда өзен-көл суының деңгейі ескеріліп отырған: ол көктемде жоғары болады да, әсіресе күзге қарай біртіндеп төмендей түседі. Осыған орай әуіт тереңдетіліп, су деңгейі көтерілетін болған, ол үшін кегейдің ұзындығы 4 қарыстан 12 қарысқа дейін жеткізілген. Бір шығырмен бір жазда 2,5-3 га жердің егіні 3-4 рет суарылған. Шығырды егістік науқаны басталғанда орнатып, қазан айында қайта жинап отырған [15].

Шығырдың су көтеретін ағаштан жасалған құмыраларын *шелек* деген. Шелекті бірнеше жыл арнайы кептірілген жұмыр ағаш дінінен үңгіп, ойып жасаған. Кейбір шеберлер ағашты екіге бөліп ортасын үңгіп қайта қиюластырып, қолдан жасалған желіммен бір-біріне жапсырып қондыртқан немесе ағаштан қысқа дөңгелек шыбық тәрізді етіп дайындалған шеге жасап, шегеге арнайы ойық жасаған, алдын-ала ағаш шегені суға салған, әлгі шеге ісініп, орнына берік болып қатып қалған. Ағаш шелекке 2 литрдей су кеткен, шелек жасауға мықты жиде, тұт ағашы, емен дінгектерін қолданған. Ал, қаңылтыр шелекті темірші ұсталар жасаған. Шелектер саны 40 тан 60-қа дейін жетіп, олар сәл қисайтыла, көлбеу орнатылған. Сондай-ақ шығырдың су құятын шелегінің теріден де да жасалынатыны бар. Шығырдың қыштан жасалған шелегі «*құмыра*» деп аталып, оған 3 литр су кеткен. Сыр өңірінде шығыр жасау үшін емен ағашын қолданған, еменді Арқа өңірінен арбамен алып келген, себебі емен ағашы суда ісінбейді, шірімейді [15].



1-сурет – Жел шығыр
(желмен жұмыс істейтін суландыру
қондырғысы), Перовск уезі, 1910 жыл, қазан [4]



2-сурет – Құдықтан су көтеретін шығыр,
Перовск уезі, 1910 жыл [4]



3-сурет – Шығыр, Перовск уезі, 1910 жыл [8, с. 80]



4-сурет – Шығыр шелегі. Реконструкция.
Тасбөгет су шаруашылығы музейі

Шығыр қондырғысының барлық түрін жергілікті *ағашшылар* жасаған, тек шығыр жасап, қондырып беруге мамандарған адамдар *шығыршы* деп аталды, олар шығырды өздері ақысына мал, астық берген. Шығыр орнатарда мал сойып құран оқытқан. Жұмысына 15-20 күндей уақыт кеткен. Сыр бойында шығырдың құны қаржылай есептегенде 9-11 рубльдан 30 рубльға дейін құраған [7, с.104].


Сыр өңіріндегі қолданыс аясы. 1870 жылы Түркістан статистикалық комитеті Перовск уезі болыстарынан 1034 шығыр қондырғысын есепке алған. Бұл шығырлар сағатына 60 шелек су, тәулігіне 75 мың шелек суды көтеріп, арыққа құйған. Көршілес қарақалпақтар бір шығыр суды орта есеппен үш аршын тереңдіктен шығарған. Тәулігіне шығыр суымен 6-10 танап жерді суаруға

болады [6, с.119]. Жақсы шығырлар секундына 5 куб. фут су көтереді [10, с.167]. Егіншілік алқаптарды суаруға Қуандария, Жаңадария сияқты табиғи су көздері және суармалы техникалар пайдаланылды. Суармалы егіншілікті жүзеге асырудың ең тиімді жолы су көтеретін машина *шығыр* қондыру болды. Шығырмен суландыру әдісі әсіресе, Сырдария аймағында көп кездескен. Сырдың төменгі алқабы өзен арнасынан биік, әрі құрғақ болғандықтан шығыр көмегіне жүгінген [9, с.207].


Сырдария аңғарындағы егістік мәдени алқаптар өзеннен тартылған басты арықтар келіп құятын көл сулары арқылы суландырады. Сырдария суы мұз еріген кезден бастап шілде айының соңына дейін ғана көтеріңкі болып, арнасынан толып аққан. Перовск уезінің оңтүстік-шығыс бөлігі өзен суынан биікте орналасқандықтан, бұл жерде шығыр кеңінен пайдаланылған [15]. Сырдарияға су шығырлар өзеннің ағысы қатты жеріне орнатылып, ағыстың күшімен қозғалысқа келген [5, с.41].



5-сурет – Шығырды жинау. 1910 жыл [8, с.80а]



6-сурет – Түйе шығыр (шығырды түйе көмегімен қозғалысқа келтіру). Сырдарияның сол жақ беті. XIX ғ. аяғы. М. Дьяков түсірген [2, с.19]



7-сурет – Сырдария өзеніне орнатылған су шығыр [1, II]



8-сурет – Ат шығыр (шығырды ат көмегімен қозғалысқа келтіру). XIX ғ. аяғы. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатынан

Қазалы уезінде көптеген егістіктер де шығырлар мен атпалар көмегімен суарылды. Ат шығыр мен қол шығыр да негізінен осы Сырдария бойы мен Аралмен шектесетін Қазалының батыс өңірінде кеңінен қолданылды. Агроном Н. Н. Александров та шығыр қондырғысымен суару Сырдария облысында Әмудария бөлімімен қатар Перовск және Қазалы уездерінде басым дамығандығын атап көрсеткен [2, с.15].

Перовск уезінің оңтүстік шығыс бөлігінде Қаратау етегінде су қоймасын жасап егін суаруға жаратқан. Су қоймасы қар суынан да жиналады. Осындай су қоймасы Сауран станциясына жақын жерде болған [10, с.167].

Өзбекстан Республикасының Орталық Мұрағатында сақталған Жаңадария өзенінің арық ақсақалының Перовск уезі бастығына жазған рапортында «қарақалпақтар мен қоқандар заманында Жаңадария бойындағы егістіктер бір емес он шақты жерінен салынған бөгеттер көмегімен суландырылған еді. Қазіргі уақытта Перовск қазақтары өз егістіктерін шығыр көмегімен суғарады, соңғы жылы ғана өзенге екі бөгет салынды», - делінген [14]. Бұл дерек XIX ғасырдың екінші жартысына

дейін өзенге бөгет салу ісінің кең қолданылғандығынан мәлімет береді. XIX ғасырдың аяғына қарай шығырдың кең қолданылу себебі өзен суының өз арнасынан төмендей бастағанымен байланысты.

В. В. Радлов А. Макшеев дерегіне сүйене отырып, Қазалы уезінде 4000 шаңырақ, Перовск уезінен 6000 шаңырақ егіншілікпен айналысады, - деген [12, с.115]. Бұл жерде В. В. Радлов 1868 жылды негізге алып отыр. 1860-1890 жылдары Перовск және Қазалы уездерінен 202 арық, ал 1890-1915 жылдары 280 арық тартылған. Қазалы мен Жаңадария аралығындағы жерлер, сондай-ақ Далакөл көлі, Көксу көлдері аңғарындағы жерлер егіншілікке игерілді. 1916 жылы Шіркейлі каналында 144 шығыр болып, оның көмегімен 259 десятина жер суарылған [3, с.26].

«Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты еңбектің «Перовск» деген бөлімінде «Сырдарияның егістіктер өзеннен тартылған каналдармен, шығырлармен суландырылады, ал кейбір жерлерінде егін су арнасынан тасып кетіп кепкен жерге салынады. Мұны жергілікті қазақтар «тентек суға егін салу» деп атайды» - дей отырып, егіншілік кәсібімен 700 адам айналысып, Перовск уезіндегі отырықшы тайпалардың егістік көлемі – 40500 десятинаны құрағанын көрсеткен [13, с.597]. Көктемде су тасып, жазда суы төмендеген. Сол себепті де бұл кезеңде шығыр көмегіне көп жүгінген.

Сырдарияның төменгі ағысы бойында егістіктер суарылуына қарай көл жағасында, арық бойында, шығыр басында болып бөлінген. Шығырды бау-бақшаны суғаруға да қолданған [11, с.49]. Арал, Қазалы өңірінде балық аулауға салатын ауды жинау үшін қолданған қондырғы да «шығыр» деп аталған.

Қорытынды. Шығыр – құрылысы күрделі қондырғы, шығыр қазақтардың тіршілік қамы жүйесін қамтамасыз етуде маңызды рол атқарған. Шығыр қондырғылары Отан соғысы кезінде, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңінде де қолданылған, яғни XX ғасырдың ортасына дейін қолданыста болып, одан әрі, егіншілікті суаратын жаңа техникалардың өндіріске шығарылуымен байланысты қолданыстан шығып қалған. Өкінішке орай, қазақ даласында байырғы шығырлар сақталмаған, өңірлік музейлерде шығыр құмырасы, шелегі, дөңгелегі сияқты белгілі бір бөліктері ғана сақталған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Азиатская Россия. Издание переселенческого управления главного управления землеустройства и земледелия. – СПб.: В типографии товарищества А. Ф. Марса, 1914. – Т. 1. Люди и порядки за Уралом. – 576 с.; – Т. 2. Земля и хозяйство. – 638 с.; – Т. 3. Приложения СЛШ с.

[2] Александров Н.Н. Земледелие Сырдарьинской области. – Ч. I. Общие приемы земледелия // Отдельные оттиски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство» за 1916–1918 гг. – Ташкент, 1920. – 253 с.

[3] Белокопытов М.А., Васильева М.С., Тютюньников И.А. Кызылординская область и ее административные районы. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. – 177 с.

[4] Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). – СПб., 1911. – 335 с.

[5] Лавров М.В. Туркестан. География и история края. – 2-ое издание. – М.-Петроград: Т-ва В. В. Думнов, Насл. Бр. Салаевых, 1916. – 203 с.

[6] Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. – Издательство Туркестанского статистического комитета. – Вып. 1. – Под ред. Н. А. Маева. – СПб.: Типография Ф. Михьева, 1872. – 237 с.

[7] Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. – Ч. 1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – 288 с.

[8] МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. – Ташкент: Типо-литография В. М. Ильина, 1912. – 394 с.

[9] Небольсин П.И. Рассказы проезжего. – СПб.: В типографии Штаба Военно-учебных заведений, 1854. – 343 с.

[10] Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. – Ташкент: Электро-типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1912. – 192 с.

[11] Пашин П.И. Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. – СПб., 1868. – 179 с.

[12] Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.

[13] Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей / Под ред. П. П. Семенова и акад. В. И. Ламанского. – Т. XIX. Туркестанский край. – Составил князь В. И. Масальский. – СПб.: Издание А. Ф. Дефриена, 1913. – 861 с.

[14] Сазонова М.В. Обзор материалов из фондов Центрального Государственного архива УзССР по ирригации и земледелию (к историко-этнографическому атласу народов Средней Азии и Казахстана, конец XIX – начало XX в.) // В кн: Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 1975. – С. 42-62.

[15] Экспедициялық жеке материалдардан.

REFERENCES

- [1] Asian Russia. Edition of the migration control Department on land management and farming. SPb.: by printing house of A. F. Mars, 1914. Vol. 1. People and orders for the Urals. 576 p.; Vol. 2. Land and farm. 638 p.; Vol. 3. Applications CLIII s. (in Russ)
- [2] Aleksandrov N.N. Farming of Syrdarya region. Part 1. General methods of farming. Offprints of journal "Turkestan agriculture" for 1916-1918. Tashkent, **1920**. 253 p. (in Russ)
- [3] Belokopytov M.A., Vasil'eva M.S., Tjutjunnikov I.A. Kzylordinskaya region and its administrative regions. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, **1961**. 177 p. (in Russ)
- [4] Gavrilov N. Migration case in Turkestan (The Syr-Darinskaya, Samarkandskaya, Ferghanskaya). SPb., **1911**. 335p. (in Russ)
- [5] Lavrov M.V. Turkestan. Geography and history of the region. Edition: 2. M.- Petrograd: V.V.Dumnov, Nasl. Br. Salaevyh, **1916**. 203 p. (in Russ)
- [6] Materials for statistics of Turkestan. Yearbook. Publishing House Of the Statistical Committee. Vol. 1. ed. N.A. Mayev. SPb.: F.Mikhev publ., **1872**. 237 p. (in Russ)
- [7] Meyer L. Materials for geography and statistics of Russia collected by the officers of the General staff. P.I. Kyrgyz steppe. The Orenburg vedomostva. SPb.: **1865**. 288 s. (in Russ)
- [8] MKZ. Syr-Darinskaya area. Perovo district. Department of land administration and land Resettlement Administration. Tashkent: Typo-litography V. M. Il'ina, **1912**. 394 p. (in Russ)
- [9] Nebol'sin P.I. Stories of an outsider. SPb.: In print shop of Staff of Military-educational institutions, **1854**. 343 p. (in Russ)
- [10] Overview of Syr-Darinskaya region for 1910. Syr-Darinskaya regional edition of the Statistical Committee. Tashkent: Electro-printing house in the Office of the Governor General of Turkestan, **1912**. 192 p. (in Russ)
- [11] Pashino P.I. Turkestan in 1866. Travel notes. SPb., **1868**. 179 p. (in Russ)
- [12] Radlov V.V. From Siberia. Diary pages. M.: Nauka, **1989**. 749 p. (in Russ)
- [13] Russia. Complete geographical description of our fatherland. Tabletop and road book for the Russian people. Under Ed. P.P. Semenov and academician V.I. Lamansky. Vol. XIX. Turkestan. Prince Vladimir Masalsky. SPb.: Izdanie A.F.Defriena, **1913**. 861 p. (in Russ)
- [14] Sazonova M.V. Overview of the contributions from the funds of the central State Archive UzSSSR on irrigation and Agriculture (a historical-ethnographic Atlas of peoples of Central Asia and Kazakhstan, end of the XIX-beginning of XX century). In b.: Economic and cultural traditions of the peoples of Central Asia and Kazakhstan. M.: Nauka, **1975**. p.42-62. (in Russ)
- [15] Jekspedicijalyk zheke materialdardan. (in Kaz.).

ЧИГИРЬ – ВОДОПОДЪЕМНОЕ УСТРОЙСТВО И ЕГО ОБЪЕКТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ

Т. Е. Картаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Присырдарьинский регион, виды чигирей, структура чигиря, земельное поле, ковши чигиря.

Аннотация. Чигирь – водоподъемное устройство в виде колеса с ковшами, подающими воду с нижних уровней на верхние части для орошения земельного поля. Эта ирригационная система издревле была известна на казахской земле. Структура чигиря была сложной, он состоял из нескольких частей и его изготавливали из прочных пород дерева, таких как дуб, джигида. Изготовлением чигирей занимались агашшы – мастера-деревообрабочники. Весной, в начале посевного сезона, чигири устанавливали, а осенью разбирали. Чигирь занимал важную роль в системе жизнеобеспечения казахов. На казахской земле чигири встречались на берегах реки Сырдария, Нура, Каратал, Терисаккан, Кенгир, Сарысу, Иле, Чу и окрестностях озер Аккол, Коргалжын. Чигири использовались в годы Великой Отечественной войны, послевоенные годы. С середины XX века, с широким развитием и внедрением гидротехники в сельскохозяйственное хозяйство, использование чигирей прекратилось. В статье рассматриваются научные данные и авторские экспедиционные материалы об использовании чигирей в присырдарьинском регионе.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 254 – 259

**MAIN DIRECTIONS OF DEVELOPMENT
OF MODELS OF SOCIAL PROTECTION**

A. T. Kokenova, G. S. Agmasova

International humanitarian and technical university, Shymkent, Kazakhstan

Key words: models of social protection, marginal model, redistribution model, objects of social protection, nominal social help.

Abstract. In the article types of models of social protection of the population and feature of their application are considered. Also the system of social protection of the population of the Republic of Kazakhstan and a tendency of their development are investigated. The road map 2020 and tendencies of development of social protection of the population are considered by state programs of the Government.

ӘОЖ 364.3(574)

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ
ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР**

A. T. Көкенова, Г. С. Агмасова

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет, Шымкент, Қазақстан

Тірек сөздер: әлеуметтік қорғау модельдері, маргиналдық модель, қайта бөлу моделі, әлеуметтік қорғау объектілері, атаулы әлеуметтік көмек.

Аннотация. Мақалада халықты әлеуметтік қорғау модельдерінің түрлері және оның қолданылу ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы халықты әлеуметтік қорғау жүйесі мен оның даму тенденциялары зерттелген.


Кез келген қоғамның дамуы тек ғана экономикалық өсуге емес, сондай-ақ оның даму моделі өркениеттің прогрессивті тенденцияларына қаншалықты сәйкес келетіндігіне тәуелді. Бұған қоса қоғам белгілі бір шамада бақыланбаған экономикалық өсу салдарынан қорғауды қажетсінеді.

Адамзат қоғамы дамуының әртүрлі кезеңдерінде және экономикалық жүйенің әртүрлі типтері жағдайында аз қамтылу проблемасының тереңдеу дәрежесі, оларға көмек көрсету тәсілдері мен ауқымы және қолдаудың өз спецификасы болды.

Қазіргі заманғы модельдер жіктелімінде әлеуметтік қорғау әртүрлі негіздерден келіп шығады. Егер әлеуметтік қорғауды қоғамдық жүйе ретінде, қоғамдық қатынастарды реттеуіштер жиынтығы ретінде түсінетін болсақ мына модель типтерін қолданған жөн: неолибералдық, неоконсервативтік, әлеуметтік-демократиялық, коммунистік модель. Аталған критерийлерге сүйене отырып, әлеуметтік қорғаудың келесі қазіргі заманғы модельдерін қарастырайық.

Маргиналдық (немесе қалдық) модель.

Бұл модель АҚШ-қа тән (1-сурет). Маргиналдық модельдің негізінде өзінің тұрмыс жағдайы үшін қажетті жағдайды қамтамасыз етуге қабілетті және тұрғындардың аз қамтылған топтарын қолдауды қамтамасыз ететін американдық қоғам жөніндегі көрініс жатыр. Халықты әлеуметтік қорғаудың бұл моделі икемді, бірақ күрделі және шытырманды болып келеді. Оның сипатты ерекшелігі – орталықтандырылмауы.



1-сурет – Әлеуметтік қорғаудың маргинальдық моделі

АҚШ-та әлеуметтік қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі екі негізгі формада жүзеге асырылады: әлеуметтік сақтандыру және мемлекеттік көмек беру. Бұл екеуі өзара қаржыландыру көздері бойынша ажыратылады. Әлеуметтік сақтандыру бойынша төлемдер еңбеккерлерден де, кәсіпкерлерден де алынатын әлеуметтік сақтандыруға мақсатты салықтар есебінен құрылатын сақтандыру қорларынан төленеді. Мемлекеттік көмек бюджеттік қаржы көздерінен жүзеге асырылады [1].

Әлеуметтік сақтандыру жөніндегі заң әлеуметтік сақтандырудың екі түрін белгіледі: жұмыссыздық бойынша жәрдем ақы және қарттығына берілетін зейнет ақы. Онда сонымен қатар кедейлердің, мүгедектердің және жетімдердің кейбір категорияларына көмек шаралары қарастырылған.

Уақыт өте келе әлеуметтік сақтандырудың жаңа формалары енгізілген түзетулермен толықтырылды: асыраушысынан айрылғанда зейнет ақы төлеу, еңбекке қабілеттілігінен айрылғанда жәрдем ақы төлеу, медициналық сақтандыруға құқық беру. Федералдық қызметкерлер, соғыс ардагерлері, әскери қызметкерлерді әлеуметтік сақтандырудың бағдарламалары бар. Әлеуметтік сақтандыру бағдарламасы арнайы сақтандыру қорларымен қаржыландырылады. Кедей тұрғындарға көмек федеральды бюджеттің жалпы табыстары есебінен қаржыландырылады.

Тұрғындарды қолдаудың мемлекеттік жүйесінен басқа АҚШ-та әлеуметтік сақтандырудың жеке жүйелері бар, олар екі формада: жұмыс орны бойынша коллективті және индивидуальды. Кәсіпкерлер жеке сақтандыру жүйесіне қатысуды өздерінің кәсіпорындарында жоғары білікті жұмысшылар мен әкімшілік персоналды бекіту құралы ретінде қарастырады. Жеке коллективтік сақтандырумен тұрғындардың 56%-і қамтылған. Кәсіпкерлер өздерінің жұмысшыларына медициналық сақтандыруды рәсімдейді. Алайда, бұған қарамастан, тұрғындардың 15%-і негізінен шағын кәсіпорындардың қызметкерлері мен жұмысшылары, медициналық көрсетілген көмекке төлеу мүмкіндіктері жоқ.

Осылайша әлеуметтік қорғаудың американдық моделі екі негізін құраушы принциптерге сүйенеді: ынтымақтастық және өзін-өзі қорғау.

Қайта бөлу моделі. Американдық модельден айырмашылығы қайта бөлу моделі ынтымақтастық пен әлеуметтік әділдік принциптеріне сүйенеді және тұрғындардың аз қамтылған бөлігінің интеграциясы мен табыстарды теңестіруге бағдарланады.

Мысалы, шведтік модель орталықтандырылмаған өндірістің нарықтық жүйесі тиімді, мемлекет фирманың өндірістік қызметіне араласпайды, ал еңбек нарығындағы белсенді саясат нарықтық экономиканың әлеуметтік шығындарын минимумға дейін жеткізуі тиіс деген жағдайды басшылыққа алады. Оның мәні жеке сектордың өндірісін барынша өсіру және халықтың өмір сүру деңгейін артыру үшін мемлекеттік сектор және салық жүйесі арқылы мемлекетпен пайданың бөлігін барынша қайта бөлуден тұрады. Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік жүйесімен Швецияның барлық тұрғындары қамтылған. Жұмысбастылықты қолдауға, жұмыс күшін қайта дайындауға, кәсіби оқуға басым көңіл бөлінеді. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің мақсаты - адамды экономикалық қорғауды қамтамасыз ету.

Батыс елдеріндегі әлеуметтік көмек жүйесінің басты кемшілігі оның экономика мен әлеуметтік сферада болып жататын өзгерістерге баяу икемделуі және ақшалай немесе натуралды-заттай формада жәрдемақымен шектелетіндігінде. Қазіргі уақытта Батыс Еуропа елдері әлеуметтік қамсыздандыру сферасында түбірлі реформалар жүргізуде.

Әлеуметтік мұқтаждықтарға шығындардың елеулі өсуі мемлекеттік құндылықтарды қайта бағалауға серпіліс берді, өйткені шығындардың осындай жоғарғы деңгейін ұстап тұру сөзсіз жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейі мен капиталдың шетелге кетуіне алып келеді.

Сонымен, Еуропаның барлық елдері тәуекелмен қатар жүретін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалау процесін бастады. Мұндай реформалардың бағдары болып кәсіпкерлік еркіндігін ұсынатын, әлеуметтік бағдарламаларды нығайтуға нарықтық механизмдерді қосатын тұрмыстық хал-ахуалдың американдық варианты болып табылады [2].

Нарықтық экономиканың ерекше белгісі әрбір адамның өз өмірінің жағдайын құру үшін жауапкершілігінің жоғарғы деңгейі болып табылады. Әрбір адамның өмірінде оның өміріне қауіп төндіретін және бір өзі реттей алмайтын жағдайлар туындауы мүмкін. Осыған байланысты нарықтық экономикада әлеуметтік қорғаудың анықтаушы факторы жұмыс істейтін тұрғындардың әлеуметтік қатерін әлеуметтік сақтандыру болып табылады. Әлеуметтік қатерлер әдетте келесі белгілерге ие. Біріншіден, экономикалық. Оған экономикалық дағдарыс, экономиканы құрылымдық қайта құру нәтижесінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі, қайта құрылымдау, өндірісті оңтайландыру т.б. нәтижесінде жұмыстан айырылу қаупі; өндірістік жарақат алудан еңбекке қабілеттілігінен айырылу т.б. жатады. Бұл жағдайларда қатер себептері жұмысшының өзіне тәуелді емес немесе аз тәуелді. Екіншіден, қатерлердің бір бөлігі зейнеткерлік жасқа жету және еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтумен байланысты жағдайлардың туындауымен тікелей байланысты. Әлеуметтік қатерлерді осылайша бірнеше түрге бөлуге болады.



2-сурет – Халықты әлеуметтік қорғаудың қайта бөлу моделі

Материалдық қамтамасыз етілмеу тәуекелін кәсіби сырқаттану немесе өндірістік жарақат алудан болатын ықтималдық ретінде анықтауға болады. Бұл қатерлер жаппай сипат алады. Бірақ олардың ерекшелігі олар барлық тұрғындар, барлық сақтандырушылар үшін бірдей уақытта болмайды. Сонымен қатар инфляция, дефолт сияқты тұрғындардың барлығына бірдей уақытта әсерін тигізетін әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен шартталған қатерлер де бар. Мұндай қатерлер әлеуметтік сақтандыруға жатпайды [3]. Тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың сақтандыру жүйесін құрудың маңызды және қажетті шарты – сақтандырушыларды материалдық қамтамасыз етуде сақтандыру төлемдерінің нақты қызметін анықтау. Өз кезегінде бұл сақтандыру төлемдерінің тәртібін, мөлшерін, шартын, төлеу формасын белгілеудің әдістемелік негізін құрайды.

ҚР Президентінің 01.02.2010 жылынан №922 Бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 дейінгі стратегиялық даму жоспарының» «Түйінді бағыт: азаматтарға қызмет көрсету» бөлімінде азаматтардың мұқтаж санаттарын тиімді әлеуметтік қорғау жүйесін құрудың негізгі бағыттары қарастырылған. Басым міндеттер ретінде келесілер танылған: зейнетақының барабар және әлеуметтік әділ деңгейі, жинақтаушы зейнетақы жүйесімен жалдамалы қызметкерлерді және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды қамтуды арттыру, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен

төмен болатын халықтың үлесін төмендету, әлеуметтік көмек көрсетудің шекті деңгейі өмір сүрудің ең төменгі мөлшерінен 100% дейін ұлғайту, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетудің мемлекеттік стандарттарын ендіру.

Халықты әлеуметтік қорғау аясында мемлекет «Жол картасы 2009-2010» бағдарламасын іске асырды, «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасын дайындап, жүзеге асыруда. «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында» ҚР-да атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру бойынша негізгі бағыттар айқындалған.

Әлеуметтік қорғау жүйесі арқылы игіліктерді қайта бөлу орын алады, және халықтың кейбір әлсіз топтарының өмір сүру деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді. Мәселен, аз қамтылған халық, көпбалалы отбасылар, мүгедектері бар отбасылар, халықтың жұмыссыз бөлігі, халықтың еңбекке жарамсыз бөлігі – балалар, зейнеткерлер, студенттер. Халықтың мұндай топтарын қамту елдегі кедейшілік деңгейін төмендетуге алып келеді. Қазақстан Республикасында әлеуметтік аяны қаржыландырудың негізгі көзі - мемлекеттік бюджет болып табылады. Айта кететін жағдай, әлеуметтік аядағы мәселелерді шешуге бағытталған бюджет шығындары өсуде. Мысалға, 2001 жылы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек шығындары 187 715 млн. теңгені құраса, 2010 жылы – 905 272,7 (4,8 есе) млн. теңгені құрады.

2010 жылы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек шығындары 905,3 млрд. теңгені құрады, бұл ЖІӨ қатысты тиісінше 4,2%, 3,5% және 2,5% болды.

Қазақстан Республикасында 2010 жылы зейнетақы алушылардың саны 1695,3 мың адамды құраса, белгіленген зейнетақының орташа айлық мөлшері 21238 теңге, ал зейнетақының ең төменгі мөлшері 12344 теңгені құрады. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны 2011 жылы 767 мың адам болды, бұл жәрдемақының орташа айлық мөлшері соңғы 5 жылда 1,9 есеге артты.

ҚР әлеуметтік қорғау объектілері болып мыналар табылады: балалар, көпбалалы аналар, мүгедектер, зейнеткерлер, жұмыссыздар, аз қамтылған азаматтар.

Аз қамтылған халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмекке қатысты келетін болсақ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының деректері бойынша Қазақстанда 1.06.2011 жылы мемлекеттік көмектің үш түрі бар: 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі.

Қазақстанда әлеуметтік жәрдемақылардан басқа кедей және өте кедей үй шаруашылығын қолдауға және азық-түлік кедейшілікті қысқартуға бағытталған қолданысқа енуде, жәрдемақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін үй шаруашылығының табыс мөлшерін өтеуі тиіс. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2011 жылдың 1 қыркүйегіне деректері бойынша атаулы әлеуметтік көмек кедейшілік деңгейінен төмен табысы бар 126,9 мың азаматтарға берілді. Жалпы республика бойынша бір алушыға атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері 1654,3 теңгені құраса, алушылардың негізгі бөлігін ауылды жерлер тұрғындары құрайды, атаулы әлеуметтік көмекке бөлінген шығындардың жалпы сомасынан 61,5% ауыл тұрғындарына көмек көрсетуге бағытталған.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың арасында барынша үлкен үлесті балалар алады, оларға шамамен 61% тиесілі. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың үлесі 10,4%, жұмыссыздар үлесі 8,2% құрады.

2005 жылдан 2010 жылдары кезеңінде берілген атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері артты, өсім 41,8% құрады. 2005 жылдың желтоқсан айы мен – 2010 жылдың желтоқсан айы арасындағы кезеңде жинақталған инфляция деңгейі 61,44% құрады. Осы кезеңде инфляцияның өсімі атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің өсуінен басып озды.

АӘК және аз қамтылған отбасыларының бала жәрдемақыларын алушылары арасында жүргізілген зерттеулер көптеген адамдар материалдық көмекті алу үшін қажетті құжаттардың көп саны, сонымен қатар мемлекеттің органдарға аз қамтылған отбасылар үшін қымбат сапарлардың шектелген саны және т.б. секілді кедергілердің болуынан осы жәрдемақыларды ала алмайтындығын көрсетті.

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне негізделе отыра, азық-түлік себетінен төмен табысы бар кедей үй шаруашылықтарының үлесі қысқаруда. Алайда азық-түлік кедейшілігін төмендетуге бағытталған атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасы барлық мақсаттық топты қамтымайды және

жәрдемақы мөлшері аз болып қала беруде. Бағдарламаның бенефициарларын тандаудағы мақсатты бағыттылық пен әділеттілікке көптеген жағдайлар байланысты. Мемлекет тарапынан әлеуметтік қамсыздандырудың базалық деңгейі төмен.

Атаулы әлеуметтік көмек беру бағдарламасының тиімділік деңгейін арттыруға болады, егер жұмыс істеуге мүмкіндіктерінен мүлдем айырылған адамдардың белгілі бір мақсаттық топтарына шоғырланатын болса: кедей отбасынан шыққан күндізгі оқу бөлім студенттері, уақытша еңбекке жарамсыз болып табылатын мүгедектер, әкесіз балаларды тәрбиелеп жатқан аналар және т.б.

Ең төменгі азық-түлік себетінің мөлшерін есептеу қағидаттарын өзгерту қажет. Ғалымдардың пікірінше, әртүрлі әлеуметтік топтар бойынша адамдарды бөлу кезінде олардың табысын есептеумен қатар, олардың мүлкін есептеу керек. Көптеген дамыған елдерде жасалынатын орташа жалақы көрсеткіштерін пайдалануға өту қажет, яғни ең төменгі жалақы мөлшерін елдің аймақтары бойынша орташа жалақы мөлшерінен 40-50% дейін жеткізу.

Осылайша, Қазақстанда әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуы әлі де жалғасуда. Әлеуметтік қорғаудың тарихи қалыптасқан модельдерін қарастыра отырып, дамыған елдердегі жүйенің өз ерекшеліктері бар екенін атау қажет., бірақ олардың барлығы әлеуметтік қорғаудың қызмет етуінің ортақ ғылыми-теориялық принциптеріне негізделеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Зайченко А.С. Социальное обеспечение: пенсии, льготы, пособия // США: Экономика, политика, идеология. – 1994.
- [2] Социальное обеспечение в странах Западной Европы, его реформа. – 1998.
- [3] Закон РК «О пенсионном обеспечении в РК» от 20 июня 1997 г.
- [4] ҚР Президентінің 01.02.2010 жылынан № 922 Бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 дейінгі стратегиялық даму жоспары»

REFERENCES

- [1] Zaychenko A.S. Social security: pensions, privileges, grants. USA: Economy, policy, ideology, 1994.
- [2] Social security in countries of Western Europe its reform. 1998.
- [3] The law RK "About Provision of Pensions in RK" of June 20 1997.
- [4] The Order of the President of Kazakhstan N 922 of 01.02.2010. "The plan of strategic development of RK to 2020".

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ МОДЕЛЕЙ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ

А. Т. Кокенова, Г. С. Агмасова

Международный гуманитарно-технический университет, Шымкент, Казахстан

Ключевые слова: модели социальной защиты, маргинальная модель, модель перераспределения, объекты социальной защиты, именная социальная помощь.

Аннотация. В статье рассматриваются виды моделей социальной защиты населения и особенности их применения. Также исследуется система социальной защиты населения Республики Казахстан и тенденции их развития.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 260 – 262

UDC 378.022(75)

**RELEVANCE OF USING PROJECT METHODS
AT THE ENGLISH LESSONS**

Elmira Nakhypbekova

A. Yassawi International Kazakh-Turkish university, Turkestan, Kazakhstan
E-mail: elmira.nakhypbekova@mail.ru

Key words: project technologies, standard methods of teaching, graduation problems, language knowledge.

Abstract. In this article the relevance of use of project technology at English lessons is considered. The method of project teaching is one of standard methods of training. Using this method allows students to develop such qualities as independence and responsibility. They also form the social and democratic models of behavior. The method of project technologies is widely used around the world, mainly, because it allows to unite all knowledge of students from different areas to solve one problem, and it also gives the chance to realize this knowledge in practice, creating new concepts and ideas.

Project method of teaching is one of the standard teaching methods. With this method students can develop independence and responsibility. They can also practice social and democratic modes of behavior [1].

The method of projects is widely used all over the world mainly because it allows to combine all the students' knowledge from different fields to solve one problem, and it also gives the opportunity to put these knowledge into practice, producing new ideas at the same time.

Any project is based upon some problems. To solve it, students need not only to bare knowledge of the language, but a large amount of different subject knowledge, necessary for solving this problem.

Besides, students should possess certain intellectual, creative and communicative skills. The first ones include work with information, with a text, digesting of information, generalizing, making conclusions, and work with various references. To form the majority of skills listed above is an objective of teaching speaking. As for the creative skills, the psychologists mention the following ones: producing ideas (this skill demands deep knowledge in different fields), ability to find a lot of variants of solving a problem, ability to foresee the sequences of their decisions. And finally, the communicative skills are: ability to hold a discussion, to listen to and to hear the partner, to stand for the own viewpoint (supported by proper arguments), to meet half-way, to express oneself precisely [2].

Generally speaking, a project will take some kinds of materials. If the project is geared to information gathering, some books or people must be available for that resource. If the project is one of service, it may require paint, wood, or perhaps instruments, or transportation to the senior citizens home. Most of the time it is possible to procure these materials and the teacher should not consider this a major drawback.

Sometimes the project becomes an end in itself, and we forget that it is primarily a teaching technique. As a technique, it must be closely related to the unit of study in which the class is engaged. The project should be determined by the objectives of the class rather than having the unit of study governed by what available projects are at hand [3].

As with other good methods which stress student involvement, the project takes time. Sometimes students' tire of the project experience before it is finished, and the loss of interest bogs it down in the final lap. Because of this problem, teachers should be careful to select projects of length adapted to the ages and interests of a given class.

The main clues of the project method :

- As students get proper freedom to execute the project in accordance with their interest and abilities, because of which they get their psychological needs satisfied to considerable extent;

- This method is not only subject centered but due importance is being provided to the students also. Students are permitted to choose projects on their own, as a result of which they make use of their abilities to maximum possible extent;

- Through this method, students are provided with various opportunities by which they can satisfy their interests and desires;

- Habit of critical thinking gets developed among the students through this method. Not only get this, an urge to make use of scientific methods to solve various problems also developed among the students through this method;

- With this method, students get the chances in which they can develop coordination among their body and mind. Through this method, teacher can lead a well balanced development of the students;

- Through this method, science teaching can be done with considerable success, as science is a practical subject and this method is also scientific and practical in nature. The selected project correlates with the real problems of life which students confront in their everyday life. Thus, they find it quite interesting to sort out such problems. Not only this, through the information gained, they become able to solve out their own life problems independently and effectively;

- This method helps in promoting social interaction and co-operation among the students, as they have to work in a group and have to interact with various persons for gathering information. As the student works with full agreement of the social needs, he gets molded in accordance with the social needs of the society in which he lives or exists. Thus, through this method, sense of social cooperation and responsibility get developed among the students, by which they can become responsible citizens in the future;

- As students gain knowledge directly through their own efforts, thus, they acquire permanent kind of information, which is retained by them since a long period of time;

- Mostly the projects are undertaken in classroom as classroom assignments, because of which load of home work from the students get reduced to considerable extent [4].

The main requirements when using the method of projects at the lesson of Home reading: Type of Language Presentation (Example – role play, play, discussion).

You must include: (these may be used to review your presentation)

- Notes or instructions on how to use your language

- Dictionary of words, terms if possible

- Transcript of the presentation

- If filmed a link or copy of the film

In Home reading classes the students can make a project according to these criteria: Novel –

Setting: Place, plus all things that we sense in that place

Time –past, present, future, period of history, season

Place – a room, a city, a country, forest, ocean, another planet

Environment – writer's use of words and phrases that appeal to our senses –joy, despair, poverty, scary etc.

Protagonist: Who is the main character of the story?

Antagonist: Who is the person or thing working against the main character in the story?

Conflict: Who has an internal conflict in the story and what is it?

What, if at all, is the external conflict in the story and what is it?

Complications: What is the major complication or problem of the story?

Climax: What is the climax or turning point in the story?

From my point of view the basic format of project method is following: background, intervention, assumptions, implementation, monitoring and evaluation, conclusions and proposals.

Taking into consideration this information, we may single out the following stages of elaborating and carrying out the projects:

- to present situations, allowing revealing one or more problems according to the topic of the discussion;

- to propose hypothesizes, variants of solving the taken problem (“brainstorm”, discussion);
- work in little groups: every group takes a hypothesis and discusses the ways of checking it; after this all the ideas are summed up;
- the same groups look for the facts, arguments to prove or disprove their hypothesis;
- every group defends their project (their hypothesis of solving the problem); the rest of the audience plays the roles of opponents;
- new problems are arisen.

This method is very effective at the stages of generalization, consolidation and revising of the material, it’s especially relevant when realizing the knowledge in practice.

REFERENCES

- [1] Fred Boot, Diane. Project English, 2001.
- [2] Larsen-Freeman, Diane. Techniques and Principles in Language Teaching. -Oxford: Oxford University Press, 1986.
- [3] Ur. Penny. A Course in Language Teaching. New York: Cambridge University Press, 2003.
- [4] Linda B. Nilson. Teaching at its best. A research-based resource for college instructors. Third edition. USA: Wiley imprint, 2010.

АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОЕКТНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Э. И. Нахыпбекова

Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: проектные технологии, стандартные методы преподавания, проблемы образования, языкознание.

Аннотация. В статье рассматривается актуальность использования проектной технологии на уроках английского языка. Метод проектного преподавания является одним из стандартных методов обучения. Использование этого метода позволяет студентам развивать такие качества, как самостоятельность и ответственность. Они также формируют социальные и демократические режимы поведения. Метод проектных технологий широко используется во всем мире, главным образом, потому что он позволяет объединить все знания студентов из разных областей, чтобы решить одну проблему, и это также дает возможность воплотить в жизнь эти знания на практике, создавая новые концепции и идеи.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ӨТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Э. И. Нахыпбекова

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: жобалық технологиялар, оқытудың қалыпты әдістері, білім беру мәселелері, тілдерді білу

Аннотация. Мақалада ағылшын тілі пәнінде жобалап оқыту технологиясының өзектілігі қарастырылған. Жобалап оқыту әдісі қалыпты әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдісті қолдану білімгерлердің дербес, өз бетінше әрекет ететін және жауапкершілік сынды қасиеттердің қалыптасуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, ол әдісті қолдану мінез-құлқының демократиялық және әлеуметтік деңгейін дамытады. Жобалап оқыту технологиясы күллі әлемде кеңінен қолданады, себебі, ол студенттердің түрлі салалардағы барлық білімдерін біріктіріп, бір мәселені шешуге бағытталады. Бұл технология, сонымен қатар, сол білімдерін өз өмірлік тәжірибесінде жаңа тұжырымдамалар мен ойлар түзе отырып, қолдануға мүмкіндік туғызады.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 263 – 265

ETHNODESIGNER ART OF CERAMIC MASTER ABAI RYSBEKOV

K. Yeralin, B. Kozhamkulova, N. Isaeva

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
E-mail: balnur.91@mail.ru

Key words: pottery, ceramics, stages of creativity.

Abstract. In this article the pottery designer Abay Rysbekov's art is regarded and full information about the revival of ceramic handicraft in the A.Rysbekov ceramic center in South Kazakhstan region of the city of Turkestan.

Thus, the teacher of the above mentioned center, that is, ceramic – craft school, is a master and a member of the community of the Republic of Kazakhstan, a participant of art exhibitions and a winner. In 2014 he participated at the world exhibition in Paris among the masters craftsmen. And also he received awards and certificates of master in art needlework in Kazakhstan among the cities of Astana, Almaty, Shymkent, Taraz, Kyzylorda, Aktobe.

A. Rysbekov worked with needlework crafts and explored the creative work of ancient ceramic samples. The famous master of Kazakhstan A.Rysbekov with art - creative works, brings students into artistic aesthetic knowledge.

Special directions of artistic ceramic processing industry and developing new technology and continuing national art custom ceramic crafts are examined.

УДК 738.6

ҚЫШ ӨНДЕУ ШЕБЕРІ АБАЙ РЫСБЕКОВТЫҢ ЭТНОДИЗАЙНДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қ. Ералин, Б. Қожамқұлова, Н. Исаева

A. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: қыш бұйымдары, қыш өңдеу өнері, шығармашылық кезеңдері.

Аннотация. Мақалада қыш өңдеумен айналысатын қолөнер шебері өмірі мен шығармашылығы туралы өнертанымдық мәліметтер берілген. А. Рысбеков Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында қолөнер орталығында қыш өңдеу шығармашылығымен айналысады. Сонымен қатар, осы орталықтағы қолөнер мектебінде қыш өңдеу сыныбында дәріс береді. Шебер Қазақстан Республикасы қолөнер шеберлері одағының мүшесі, Халықаралық Республикалық көрмелерге қатысып, шығармалары өнер конкурстарында жүлделі орын алған. 2014 жылы Париж қаласындағы әлемдік қолөнер шеберлерінің көрмесіне қатысқан. Сонымен қатар, шебердің жасаған көркем бұйымдары Қазақстандағы Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Ақтөбе қалаларындағы өткен көрмелерге қатысып сертификаттар алған. А.Рысбеков шығармашылық жұмыспен қатар қыш өнерінің көне үлгілерін зерттеумен айналысады. Қазақстанға белгілі шебер А. Рысбеков шығармашылық жұмыспен қатар шәкірттерге көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие береді. Қыш өңдеу шеберінің өнердегі жеке-дара бағыты ұлттық қыш өнері көркем дәстүрлерін жаңа өнердегі технологиялармен байыта отырып жалғасыру болып табылады.

Қолөнер шебері Абай Рысбеков өмірі мен шығармаларын зерттеуде шебердің өнерін еліміздегі қыш өнерінің дамуынан бөліп қарауға болмайды. Абай Рысбеков қыш өнерін зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Ол «Қыш бұйымдары еліміз аумағында заманымыздан бұрынғы XVII–XV ғасырлардан бастап өзіндік әдіспен дамыған. Осы кезеңде қомша, текемет өрнектеріне ұқсас белгілер салынған ыдыстар күнделікті өмірде орын алған. Жыл санауымызға дейінгі X–VI ғасырларда Беғазы – Дәндібай мәдениетіне тән түрлі түсті айшықтары бар ыдыстар пайда болған. VI–XII ға-

сырларда қыш ыдыстар жасайтын орындар ежелгі Шаш, Тараз, Сауран, т.б. қалаларда көбейе бастаған. Сонымен бірге астық сақтайтын хумдар, су құбырлары жасалған. Археологтармен тығыз байланыста болған қыш шеберінің өткеннен көріп түйгендері аз емес. Саз балшық арқылы тұрмысқа қажетті бұйымдар дайындаудан тыс музыкалық аспаптар жасау үрдісі де сол кезеңдерде қалыптасқан. Демек аталған өнердің өрісі біздің далала да қанатын барынша кеңге жайған. Мәселен, кемеңгер бабаларымыз саз сырнайға сайын сахараның сазды әуенін сиғыза білген» деп өнертанымдық тұжырымдар жасаған.

Еліміз мұражайларында заманымызға дейінгі I–III ғасырларға тиеселі ыдыстар, тостаған, құмыралар, саптаяқ, тегенелер бар, сонымен қатар X–XII ғасырлар мөлшеріндегі қыш құбырлардың қазбаларын да байқауға болады. Бүгінгі ұлт жанашыры болған қыш шеберлерінің жүрекжарды арман, мұраттары халық мұрасын ұрпақ санасында жаңғыртуға бағытталған. Қыш ісі – адамдар мыңдаған жылдар бойы айналысып келген өте көне өнердің түрі. Қыш құюшылардың өнімдері танымалдылығымен ерекшеленеді. Қазіргі кезде күнделікті тіршілікте әр адам табиғи ыдыс пайдаланғысы келеді. Түрлі құмыралар, сазбалшықтан жасалған кәдесыйлар ерекше көз тартады. Қыш ісімен айналысатын шеберлер бүгінгі күні көп емес, алайда өнімге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Себебі, сазбалшық денсаулыққа пайдалы. Осыған қарай бұл өнер түріне қызығатындар жыл сайын көбею үстінде. Болашақта бұл сала бойынша бәсекелестердің пайда болуы әбден мүмкін. Себебі қазіргі жоғары сапалы қыш бұйымдар, ұлттық стиль, бұйым жарнамасы сауданы өрге бастыруда [1].

Көне заманнан ата-бабаларымыздан бізге мұра болып келе жатқан қолөнердің бір түрі қыш өңдеу. Оны зерттеп дамытып келе жатқан өнер шебері, суретші, керамист Абай Рысбеков. Ол 1961 жылы 3 ақпан күні Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданы Майдамтал елді мекенінде туып өскен. Мектепке жеті жасынан бастап барып, 1978 жылы Майдамталда орта мектепті бітірген. Одан кейін оқуын жалғастыру үшін 1979 жылы Алматыдағы көркем сурет училищесіне түсіп 1985 жылы училищені бітіреді. Абай Рысбеков 1985-1986 жылдары Түркістанға келіп қайта жаңғырту шеберханасында керамист болып жұмыс істейді. Сол жылдар Абай Рысбековтің шығармашылық жұмысының бастауы болады. Қазір Түркістан қаласындағы Қолөнер орталығында суретші, балалар қолөнер мектебінде ұстаз қызметін атқаруда. Абай Рысбековтың негізгі мақсаты қазақ халқының керамикасын жаңғырту. Оның ең алғашқы мақсаты құмыраларды жасап қана қоймай ол сол құмыралардың тарихын зерттеу болған. Абай Рысбековтың алғашқы зерттегені IX–X ғасырлардағы Отырар қыш құмыралары. Абай Рысбеков осы аталған кезеңді қыш құмыра өнерінің ең дамыған кезеңі деп есептейді және өзінің зерттеулерінде бұған көз жеткізіп дәлелдейді.

Абай Рысбеков IX–X ғасырлардағы Отырар қыш құмыраларын зерттей келе, елімізде қазіргі кезде үзіліп бара жатқан бұл қол өнерін қайта жаңғырту оны алда кележатқан ұрпаққа сол қалпын бұздырмай жеткізу оның қазіргі кездегі алға қойған мақсаты. Рысбеков 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасының суретшілер одағының мүшесі. 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қолөнершілер одағының мүшесі болып есептелінеді. А.Рысбеков мырзаның осы атақтарға қол жеткізуінің бірден бір сыры оның еңбекқорлығы мен ізденісі және де өзінің ерекше таланттылығы болып табылады [2, 3].

Абай Рысбековтың қыш өнері бойынша көптеген көрмелерге, фестивалдарға қатысып жүлделі орын алған. Абай Рысбековтың ең алғашқы қатысқан фестивалы «Жігер» фестивалы. Бұл КСРО-ның кезінде болған фестивал. Ол туризм саласынан болған түрлі көрмелерге, жәрмеңкелерге қатысып тұрады және сол көрмелерде өзінің шеберлігін шеберлік сыныбы формасында көпшілікке көрсетеді. Шебер 2001 жылы Қазақстанның 20 жылдығына байланысты Франция еліне барып қолөнер көрмесіне қатысқан. 2014 жылы Парижге барып сол жерде көптеген қол өнер шеберлерімен бірге өнер көрсетті. Абай Рысбеков Париж қаласына өз қолымен істеген станогын апарып сол жерде өз қолымен дүлей жұртқа саз балшықтан құмыраның қалай жасалуын шебер класын көрсетіп өз шеберлігін халыққа көрсетті. Абай Рысбеков Парижге өзімен бірге барған қол өнер шеберлерімен сол қала тұрғындарына есте қаларлықтай кішігірім көрме ұйымдастырған. Ол Астана қаласының жыл сайын өтетін тойлау рәсіміне қатарынан алты жыл қатысып жүлделі орындарды иелену үстінде. Егемендігіміздің 20 жылдығына орай өткізілген іс - шарада Абай Рысбеков өзінің шеберлігімен ел арасында ерекшеленіп медальмен марапатталған. Әр адамның еңбек жолында өзіндік бір ұстанар жолы стилі болады. Абай мырзаның еңбектері терекота стилінде десек болады.

Терекота – дегеніміз күйген қыш ыдыстар. Олардың сыртында глазировка болмайды ол тек қана штамп және тырналау әдісімен жасалады. Ол осы әдіспен негізінен балбал тас, сазсырнай, түйелер, сювинерлер жасайды. Абай Рысбековтың осы шығармашылық жұмыспен айналысқанына отыз жылдан асты. Оның жеке өзі тәрбиелейтін шәкірттері Ақтау, Ақтөбе, Шымкент Қызылорда қалаларында шығармашылықпен айналысады [4, 5].

Абай Рысбеков бізге берген сұхбатында «Халықтық қасиетіміздің бір парасы болған қыш өнерінің өркен жаяр өрісі кең, өрелі ұрпақтың еншісіне қалған «асыл қазынамыздың» арнасы құрғамасын. Біздің мына құмыра өнері кешегі кеңес заманында үзіліп қалғандай болды, соны қайта тірілтсек, мәселен, бізде Отырар құмыралары, Тараз, Сауран құмыралары деген мектептер ашып оны дамытып жатсақ, қыш өнері ары қарай өсетін еді, мынау халқымыздың дүниелері деп қарайтын дәрежеге жеткен кезде біздің де арманымыз орындалатын шығар» деп ойын білдірді. Қыш шебері еліміздің әр өңірінде шеберлік сабақтарын үзбей өткізіп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап келеді, ол байырғы қаланың бүгінгі перзенттерінен үлкен үміт күтеді [6, 7].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе айтар болсақ қыш ісі –мыңдаған жылдар бойы халықтың айналысып келген өте көне өнердің түрі. Абай Рысбеков жасаған қыш өнімдері көпқырлы танымалдылығымен ерекшеленеді. Түрлі құмыралар, сазбалшықтан жасалған кәдесыйлар оның шығармашылығында ерекше тартымды көрінеді. Бүгінгі таңда ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қыш өнерін келер ұрпаққа сол қалпында жеткізу Абай Рысбековтің басты мақсаты болып табылады. Қорыта айтқанда Абай Рысбековтің бабалар өнерін жалғастырушы, суретші, қыш өнерін зерттеуші, ұлағатты ұстаз ретінде тануымызға болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Маргулан.Ә.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Т. 1. – Алматы, 1986. – С. 268.
- [2] Ералин Қ.Е. Қазақстан бейнелеу өнері шеберлері. – Алматы: М. Талант, 1999. – 120 с.
- [3] Ералин Қ.Е. Қазақстан бейнелеу өнері. Оқу құралы. – Түркістан: А. Ясауи университеті, 2009. – 220 с.
- [4] Әміргазин Қ.Ж. Қазақ халқының колөнері (Темір). – Алматы: Сорос Қазақстан, 1994. – С. 120.
- [5] Ералин Қ.Е. Этнодизайн. Оқу құралы. – Түркістан: А. Ясауи атын. ХҚТУ, 2014. – 203 б.
- [6] Крюкова И.А. Русская скульптура малых форм. – М.: Наука, 1969. – С. 167.
- [7] Кемешов Д.А. Керамика. – Шымкент: ШПИ, 1994. – 97 б.

REFERENCES

- [1] Margulan A.H. Kazakh folk applied art. Vol. 1. Almaty, 1986. P. 268.
- [2] Yeralin K. Ye. Artists of fine art of Kazakhstan. Almaty: M. Talant, 1999. P.120.
- [3] Yeralin K. Ye. Fine art of Kazakhstan. Train aid. Turkestan: A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, 2009. P. 220.
- [4] Amirgazin K.ZH. Folk art of Kazakhs. Almaty: Soros Kazakhstan, 1994. P. 120.
- [5] Yeralin, K.Ye. Ethnodesign. Train aid. Turkestan: A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, 2014. P. 203.
- [6] Kryukova I.A. Russian sculpture of small forms. – M.: Science, 1969. – P. 167.
- [7] Kemeshov D.A. Ceramics. Shymkent: ShPC, 1994. P. 97.

ЭТНОДИЗАЙНЕРСКОЕ ТВОРЧЕСТВО МАСТЕРА ПО КЕРАМИКЕ АБАЯ РЫСБЕКОВА

К. Ералин, Б. Кожамкулова, Н. Исаева

Международный казахско-турецкий университет им. А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: керамические изделия, искусство керамики, этапы творчества.

Аннотация. В этой статье рассмотрено творчество художника керамиста Абая Рысбекова, а также даны полные информации о возрождении керамической ремесленной керамического центра в творчествах художника А. Рысбекова в Южно –Казахстанской области города Туркестан. Таким образом, преподаватель вышеназванного центра, то есть керамической -ремесленной школы – мастер и член сообщества Республики Казахстана, участник художественных выставок и призер первого места. В 2014 году участвовал на мировой выставке в Париже среди мастеров-ремесленников. А также получил награду и сертификаты по художественной рукоделии мастера по Казахстану среди городов Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Кызылорда, Актөбе. А. Рысбеков занимался ремеслом по керамике, исследовал творческие работы древних образцов керамики. Знаменитый мастер Казахстана А.Рысбеков своими художественно – творческими работами воспитывает у учащихся художественно- эстетический вкус, учит их практически. Рассмотрены специальные направлений художественной переработки керамической отрасли и развитие новых технологии искусства и продолжение национальных обычаев керамического ремесла.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 266 – 273

**SOCIAL CONTRADICTIONS
IN THE PLAYS OF ZHUSIPBEK AYMAUYTOV**

T. S. Tebegenov

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: tebegenov@mail.ru

Key words: word, art, prose, drama, literature, values.

Abstract. Plays of Zhusipbek Aymauytov are the eternal values of independent Kazakh people. Verbal creativity of Kazakhs in prose, drama in the tradition of classical literature are given psychological analysis, described fine-aesthetic image.

**ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВ ПЬЕСАЛАРЫНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙШЫЛЫҚ ШЫНДЫҒЫ**

T. S. Тебегенов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: сөз, өнер, проза, драматургия, әдебиет, қазына.

Аннотация. Қазақ сөз өнерінің проза, драматургия салаларында классикалық әдебиет дәстүріндегі психологиялық талдау, саралау көркемдік-эстетикалық тәсілін енгізген, сол арқылы ұлттық әдебиеттің көркемдік сипатына суреткерлік-ойшылдық деңгейге көтерген Жүсіпбек Аймауытов пьесалары – біздің Тәуелсіз Қазақ Елінің мәңгілік құндылық қазынасы.

Жазушының «Мансапқорлар» пьесаның тақырыптық арқауы – әлеуметтік ортадағы жеке адамдарға тән дүниетаным қайшылығы. Пьесаның идеялық-композициялық желісінде әлемдік драматургиядағы классикалық дәстүрлі көркемдік тәсіл – тұрмыстық қарым-қатынастардағы қақтығыс, тартыс шындығын таныту басты назарға алынған. Драматургиядағы кейіпкерлер дүниетанымы негізіндегі болатын қақтығыстар тоғысқан тартыс – әлеуметтік ортадағы жеке адамдардың іс-әрекеттері, ойлау деңгейлері арқылы танылатын ерекшелік.

Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай: «Драмадағы ең шешуде нәрсе – тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті секілді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері – басталуы мен байланысы, шиеленісуі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қиыстырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде сақталған» [1, 219-б.].

Жүсіпбек Аймауытовтың осы «Мансапқорлар» пьесаныңдағы сюжеттік-композициялық тартыс желілерінің жүйесі саралана көрінеді: бірінші кезеңі – көп жылдар бойы болыс қызметіндегі 55 жастағы Қасқырбайдың, оның ақылшысы Сүлеймен молданың билік қызметімен қарабастарына пайда табуды ойлаған тоғышырлық-мансапқорлық әрекеттерінің асқынған кезеңді Қасқырбай болысты Қожантай қажының жалғыз торы жорға атын, онымен қоса бір ірі қара малын, беруін тлап еткеніне, мал жинаудан басқаны білмейтін надан Кебекбай байдың жылқысындағы шұбар айғырын тартып алғаны, Әбділ ауылнайдан қара қасқа кедейлерден алым-салық тез жинауды бітіруін талап еткені, өзінің тілмашы, туысы Мүсілім туралы ойлары («Бұл – аса сұм бала. Қулығы біздің ар

жағымызда. Мен ағалық қылып тежеп тастаған боламын. Еркіне жіберсең, біздің сыртымыздан сатып жіберер. Осының арамзалығын мен ерте сезгемін ғой. Оқып шықса төбемізді тесер деп, осынша оқытпаймын деп арпалыстым, болмады. Қашып кетіп, оқып шықты») [2, 451-б.] да, өзінің ақылшысы Сүлеймен молдаға берген бағасы («Алмай кім жолдас болады дейсің! Бәрінің бір құлқыны, бір тамағы!) [2, 453-б.] да – бәрі де халыққа қорған толуы тиіс лауазым иелерінің көркем жинақталған тұлғаларын даралайтын нағыз қорқау, ашкөз пиғылды сұмырайлық болмысын байқатады. Пьесаның «Он үшінші көрінісіндегі» болыс Қасқырбайдың монолога арқылы өмір кезеңдерінің бәрінде де кездесетін қарау, ашкөз, дүниеқоңыр пиғылын мансабы арқылы орындайтын жемқор билік иелерінің көркем шындықпен жинақталған болмысын сыншыл реализм суреттеуі тәсілімен көз алдымызға әкеледі:

«Біраз ел жемей азулы болмайсың. Азулы болмай дәулет табыла ма? Бақ, атақ, дәулет – көздің жасы ғой... елді ойлағанда кейде жаның қынжылады... Қанша бақты болсаң да, жүрегіңнің басынан бір тікен кетпейді. ... Нәпсі шіркін, тағы шыдамайды, алмай тұра алмайсың... Қайтесің, ел жеген жалғыз мен емес. Қазақтың жақсыларында бұрынғы-соңғы ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен біреуі алады... Құдай бізді алуға жаратты, дүние – күштінікі...» [2, 455-б.].

Пьеса құрылысындағы тартысқа өзек болған екінші желі – тілмаш, болыстың туысқаны, болыс болуды армандап, ақыры сол мұратына жеткен Мүсілімнің іс-әрекеттер. Ол Қасқырбай болыстың жас әйелі Күләндамен көңілдес болып, соның қолымен қымызға у қосып ішкізіп болысты өлтірген, өзімен пікірлес Қожантай қажыны, Көбекбай байды, Әбділ ауылнайды елубайсы етіп тағайындап, сайлауда басқа да тілеулестерін ұйымдастырып ақыры болыс болып сайланады.

Пьеса сюжетіндегі тартыстың үшінші кезеңінде ойнасы, көңілдесі Мүсілімнің жұмсауымен күйеуі Қасқырбай болысқа у қосылған қымыз берген Күләнданың мекер болмысын, енді өлгелі жатқан болыстың сайлау өткізетін начальникке параға беруін тапсырған ақшасын бермей өзі олжа еткен («Бермегенім мақұл болған екен. (Ақшаны көкірегіне басып). Мың сом! Бір мың сом! Қандай нәсіп!») Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деген осы. Мың сом менің қолымда қалғанын Алла тағала бергісі келгенде, қайдан береді?! Құдіретіне шәк келтіруге бола ма?») [2, 467-б.] өлген болыстың жаназасынан да пайда табуды («Малды үш тоғыздан кем шығармас. Жаназасын Ысқақ қазірет шығарады ғой. Біздің жолымыз сүйекке түсу болар. Жақсы ішкітердің бірін соқсақ жарар еді...») [2, 467-б.] ойлаған екіжүзді дүмше молдасымақтың сұмпайы келбетін танимыз. Пьеса кейіпкері Көбекбай байдың да болыс тартып алған шұбар айғырын алу үшін жалынып-жалбарынып, билік иесінің аяғына жығылып, тіпті мал үшін баласының өлімін тілеуші міскіндік-сұмпайылық, жиіркенішті сықпытынан түңілеміз: «Көбекбай. ... Мені өлтірдіңіз ғой, қатын-балаға табашы қып, күнде өлтіргенше, бір жола өлтіріңіз! Өзіңіз бауызданыз! Аяйтын жаным да жоқ, міне, басым! (Болыстың аяғына жығылады).

Болыс. Тұр әрмен! Айбарын қарашы төбеттің!

Көбекбай. Тақсыр-ай! Жаныма теңеп жүрген жануарым еді. Айғырымды, алғаннан баламның біреуі өлгені жақсы еді» [2, 456-б.].

«Мансапқорлар» пьесасының көркемдік түйіні – лауазымды қызметін иелену үшін хакім Абайдың «Күлембайға» атты өлеңіндегідей («Болыс болдым, мінеки, бар малымды шығындап, түйеде қом, атта жал қалмады елге шығындап») адамдардың әлеуметтік ортасындағы ғасырлар бойы үздіксіз жүріп келе жатқан қақтығыс сипатын қазақ тұрмысы мысалымен де дәйектеу. Пьесаның үшінші көрінісіндегі Қасқырбайдың болыстың орнына сайлану қарсаңында тұрған, тілмашы, туысы Мүсілімнің монолога өмір шындығының осындай қайшылықты сырын ұғындырады:

«Мүсілім (түрегеліп тұр, ауыр ойда). Елдің бетін өзіме қараттым, елубасыны алдым, енді бірақ өткел қалды. Ол өткел – нашалнікке жолықтырмай Қасқырбайды бір жайлы қылу. Нашалнікке жолықса, ол әкетеді. Параға сойылмайтын ұлық жоқ. (Жүрегін басады). Жүрегім ұшып барады. Көзіме бақ елестейді» [2, 459-б.].

Ал, Қасқырбай тағы да болыстыққа қайта сайлануы үшін ақылшысы Сүлеймен молдамен кеңесіп, өзіне қарсы болуы мүмкін Қожантай қажымен құда болуды, Көбекбайдың қайтарылған шұбар айғырына қоса барлығы 200 сомға тағы да ақша үстемелеуді, ал қатыны өлген ауылнай Әбділге ауылдағы Байжанның қашып келген қызын алып беруді жоспарлайды.

Пьесаға негізгі поэтикалық желі болған осы әлеуметтік-тұрмыстық тартыс әрекеттері аясында бір ортада өмір сүріп жатқан адамдар ортасындағы жеке бастың мүддесі, мансабы үшін бірін-бірі өлтіруді, қанауды, алдап-арбауды ғана қолданатын қатыгездік, жауыздық-жендеттік пиғыл иелерінің жинақталған бейнелерін (Қасқырбай, Мүсілім, Күләнда, Сүлеймен) танимыз. Бұл – суреткер жазушы драматург Жүсіпбек Аймауытовтың пьесадағы идеялық ұстанымын жүзеге асырудағы психологиялық-көркемдік тәсілі.

Жазушының төрт перделі он көріністі «Қанапия мен Шәрбану» пьесасының тақырыбы – ХХ ғасырдың 1916–1917 жылдарындағы қазақ ауылының тұрмыстық-әлеуметтік тынысы, идеясы – адам құқығының сақталуындағы әлеуметтік тартыс сипатын бағалау.

Пьесадағы әлеуметтік тартыс арқауы – тіршілік қозғалысындағы әйел мен еркек одағы құрылуы жолындағы тұрмыстық қақтығыстар. Момын қара шаруа Исабай мен оның қатыны Ұмсынайдың 18 жастағы қызы Ұмсынайдың, 22 жастағы ұлы Ынтықбайдың тағдыр талқысына ұшыраған хал-ахуалы уақыт шындығы аясында бейнеленген. Ресей патшалығының 1916 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс майданының қара жұмысына бару тізіміне ұлы Ынтықбайдың бармауы үшін орнына баратын адамға үш мың сом беру үшін Исатайдың Сазамбай байға Шәрбануды беруді ұйғаруы – тағдыр тәлкегінің көрінісі. Пьесаның сюжеттік даму желісінде Сазамбайдан алған ақшаның бәрібір пайдасы тимей, ақырында озбыр байға кіріптар болып қалған аянышты хал-ахуалды көреміз:

«Ынтықбай. (Кейіп, қынжылып). Құдайдың құдіреті-ай, жоқ жерде мына Сазамбай деген жауыздың қармағына ілініп қалдық. (Шәрбану күрсініп, мұрнын сіңбіріп қояды). Ол иттің ақшасы да босқа кетті. Қайдан білейін ағайымның қалай құтылатынын. ...

Шәрбану (мұнайып). Ағатай, берген ақшасы қанша қараның сомасы болады?

Ынтықбай. Он бес– жиырма қараның сомасы болар.

Шәрбану. Біздің үйдің бар малы жетпейді екен ғой...» [2, 485-б.].

Пьеса сюжетінің шиеленісті сәтінде Ынтықбайдың да, Шәрбанудың ғашығы Қанапияның да майданның қара жұмысына ақыры аттанғанын, олар кетісімен Сазамбайдың қоңсылары, отаршылары Итбастың, Ораздың бейқам отырған Шәрбануды зорлықпен көтеріп алып кеткенін көреміз. Жазушы осы арада қазақ тұрмысындағы осылай адамдарды байлап-матап күштеп алып кететін зорлықшылдардың қарақшылық дәстүрі бар екендігін тарихи шындық аясына суреттеген. Ал, Сазамбай байдың және оның бәйбішесі Қалираның зорлықпен әкелінген Шәрбануды қорлауынан, балағаттап ұрсып орынсыз айыптауларынан адам құқығын аяққа басқан, әлсіз, кіріптар адамдарды қорлайтын қатыгездік-жауыздық, мейірімсіздік ұстанымындағы адамдар психологиясының болмысын танимыз.

Пьеса сюжетінің шарықтау ішінде Дуана кейпінде келіп, Шәрбануды құтқарған оның сүйгені, ғашығы Қанапияның азаматтық ерлігі көрінеді.

Пьеса сюжетінің осы жерінде жазушы кейіпкерлердің диалогтарымен психологиялық егіздеу тәсілін қолданған. Оқырман-көрермен де ортақтасатын психологиялық егізделген болмыс суреті әсерлі:

«Шәрбану. Жасаған-ай! Жеткізе гөр. Құтқара гөр, жасаған!

Қанапия. Күн ұясына кіріп барады. Күнбатыс сары алтынға боянғандай, жарқырап тұр. Дала майдай жылы. Баяулаған өкпек желдің ғана лебі білінеді. Шыбын ызылдап, торғай шырылдап жүр. Несін айтасың кісі тоңатын емес! Түзге шыққан болып кезеңнің астына түс! Мен де сол жерде атыммен күтіп алармын» [2, 498-б.].

Пьесаның сюжеттік шешімі – әлеуметтік тартыс ортасындағы жақсылықтың жеңіске жеткені. Зорлықшылдың сойылын соқ қандар Итбастың да, Ораздың да тергеу кезіндегі мүсәпірлік, міскіндік, бишаралық жағдайдағы әрі күлкілі, әрі жиіркенішті сөздері, қылықтары, ал Сазамбай байдың екі ғашықтың аяқтарына жығылып кешірім сұрауы тұрмыс-салт шындығы негізінде берілген:

«Сазамбай. Жығылайын, жығылайын! (Қанапия, Шәрбанудың алдына барып, тізесіне жығылып, аяқтарына басын қояды). Балалар, менен білместік болды, бір шалды қайтесіңдер, кешіріңдер, балалар!

Итбас. Мені де кешіріңіздер! Нашар адам едім!.. (О да жығылады).

Қанапия. (Шәрбануға, Ынтықбайға қарап бастарын изеп). Біз кештік!» [2, 513-б.].

Пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі кейіпкерлердің психологиялық мінезделуінен, қақтығыстар, тартыстар жүйесінен жазушының адамдардың жан ділі өзгешеліктерін даралап, танытатын суреткерлік тәсілдері айрықша байқалады. Әсіресе, пьеса көріністеріндегі кейіпкерлер диалогтарының, монлогтарының араларында беріліп авторлық ремаркалар да қаламгердің психологиялық бейнелеулерді қолданатын суреткерлік шеберлігін айқындай түседі.

Жазушы – драматургтің «Шернияз» пьесасының тақырыбы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласының тұрмыстық-әлеуметтік хал-ахуалы, идеясы – Қазақ Елін әлем өркениеті дамуы жетістіктері деңгейін көтеру ұстанымындағы даласын, халқын сүйгек қазақ ақынының бейнесін даралау, мінездеу. Сахналық бес көріністі, екі перделі пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі негізгі тартыс арқылы шынайылық пен арамзалық-екіжүзділік арасындағы қақтығыстар, қайшылықтар айқындалған.

Пьесаның эпиграфы – арнауы етіп алынған автордың өзінің және Сұлтанмахмұт Торайғыров шумақтарын қосылып білдірген арнау сөзі Алаштың ақын қайраткерлерін түптұлға (прототип) еткен көркемдік шешім болмысын аңғартады:

Шернияздың шері бар,
Шерлі қалған елі бар.
Көзінде қанды селі бар,
Аузында зарлы желі бар,
Ел ниязы – Шернияз.
Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып Күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам? –

деп өрттей лаулап келе жатқанда, ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арқаның арқар жанды, асқар жүректі, аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын [2, 514-б.].

Пьеса сюжетіндегі негізгі тартыс – екі түрлі дүниетаным иелерінің тіршілік қозғалысы ортасындағы пікірсайыстары, іс-әрекеттері, күрделі тағдырлы мінез-құлық психологиясы өзгешеліктері арқылы дәлелденген. Пьесаның басты кейіпкерлері Шернияз бен Базарбай – екеуі де оқыған жігіттер. Қазақтың кең-байтақ даласын, жұлдызды аспанын, сәулелі Айды, нұрын төккен Күнді, тауларды, көкорай шалғынды, жұпар иісі даланы, бетегелі белдерді, бұлбұлдары сайраған бақтарды, сылдырлап аққан бұлақтарды, т.б. – саналуан нақышты көркемдік пен үйлесімдер орын алған қазақ сахарасының, көшпелілер мәдениетінің ғажайып суреттері ақын-драматург кейіпкері Шернияздың өлең үлгісіндегі көркем кестелі монологтарымен төгіледі:

Шернияз (омырауын ағытып, сыбанып, серпіп!)
«... Мынау тұрған көк күмбездей көк шатыр,
Жымыңдаған мерузерттей көп жұлдыз.
Сары табақтай жарқыраған сұлу Ай,
Анау жатқан ұлан-байтақ кең дала,
Саңғыраған салауатты сандал тау,
Бұта сайын бұлбұл құсы сайраған,
Жұпар иіс, жасыл гүлі жайнаған.
Осы отырған майда талды сай бұлақ,
Осыларды көрмей қалай шыдарсың?
(Базарбайды түртіп. Өне тыңда!
Қой күзеткен баланың әні естіледі).
Қалай сыңғырлаған күміс не болат,
Неткен таза, неткен тәтті, неткен зат?
Тау, сай, дала – бәрі – үн қосып сыңғырлайт.
Шернияз (әндетеді).
«Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық алтын, қайтып келмес күнімде,
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер!»

Жаратылды топырағыңнан сен түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенде жан-тәнім,
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым – сен Күнім» [2, 515-516-бб.].

Пьеса кейіпкері Шернияз – ұлтын жан-тәнімен сүйген, қазақтың ұлттық-этнографиялық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ару қыздарын ардақтаған, мақтаныш тұтатын ұлтшыл-отаншыл азаматтың көркем шындықпен бейнеленіп дараланған тұлғасы. Шернияздың бірге оқиған ауылдасы Базарбаймен болған пікірсайысындағы қазақ аулының ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты сақтаған ата-бабалық рухани құндылық ордасы екендігі айшықтала бейнеленген:

«Шернияз.
... Ауыл деген естен шығып кетіпті,
Шіркін, қырдың ән-күй, сауық-сайраны,
Еркіндікті, ерлікті еске салғаны.
Базарбай. Серке тартқан көкпарды мен ұнатам.
Шернияз.
Күрес, жарыс, алтыбақан, ақсүйек,
Соқыр теке, қара құлақ, әйгөлек.
Айт пен тойда қыз қуатын қызығы,
Неше түрлі ойындарды істеуші ек,
Қыз-бозбала отырысып дөңгелек. [2, 516-б.].

Пьесадағы екі түрлі көзқарас тартысының арқауында қазақ қызының көркемдік-эстетикалық таным аясындағы биологиялық сипаты мен этикалық-моральдық қасиеттер тоғысындағы бейнесі де баяндалған. Базарбайдың қаладағы әйелдердің, қыздардың театрға барып көңіл көтеретінін, көңілдерімен кездесетін, кештердегі билейтін дағдыларының қазақтың ұлттық мінез-құлық психологиясына жат, әдепсіз қалпына автор басты кейіпкер Шернияздың монологтарымен сыншыл, салыстырмалы бағалаулар жасайды:

«Шернияз.
Қаланың театры, музыкасы,
Әйелдің көлгірсіген қылмаңдасы.
Көңіліме кейде менің мұң салады,
Бәрі алдау, бәрі сауда, қадам басы.
... Сол айтқан қызығыңа бармас едім,
Көзімді бұрың белге салмас едім.
Соның бәрін қырдағы қара көздің
Жаудырап бір қарасына алмас едім [2, 517-б.].

Пьеса кейіпкерлерінің пікірсайысы – тартысы желісінен қазақтың ұлттық болмысын, мәңгілік асыл әдет-ғұрпын, ұрпақтарды өмірге әкелетін қыз, әйел аруларды ардақтаған қазақ зиялысының – қайраткерінің жан ділі болмысымен дидаласамыз.

Пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі басты қайшылық-тартыс – қазақ қыр қызын мадақтаған («Қарап қалса көзіне жұмақ лебі енеді, бойыңды бір бу женеді. Тұңғыық терең сыры бар, бейне бір гауһар нұры бар, дариға, сондай есіл көз жаманға кез келеді. Енді бірі – бота көз, айнаны көр де, оны көр бейне бір моншақ мөп-мөлдір, барлық ойы, жүрегі көзінде оның сайрап тұр. «Айналайын көзіңнен жаутаңдаған» дегізіп жаныңды билеп жатқан нұр») [2, 517-518-бб.] Шернияздың сөйлеген сөздеріне, ұлттық кстанымына қайшы іс-әрекетін көреміз. Бұл – осы пьесадағы Шернияздың сөзі мен ісіндегі кереғарлықты көрсете отырып, сол кезеңдегі Алаш зиялыларын сынау. Қазақтың мемлекеттік дербестігін, ұлттық болмысын сақтау жолындағы ғылыми, әдеби, оқу-ағарту, саяси-әлеуметтік майдандарында жанкешті жұмыстарын атқарған Алаш зиялыларының, ақын-жазушыларының бірқатары орыс, татар қыздарымен бас қосқандары немесе ауылдағы ақ некелі әйелдерін тастап, қаладағы оқыған қыздарға үйленгендері мәлім. Бүгінгі ұрпақтың көзқарасымен бағаласақ, басқа ұлтқа үйленген Алаш қайраткерлерінің істерінің сәтсіз болғаны, бүкіл халықтың олардың артынан ере қоймағаны да осы себептен болуы мүмкін-ау!?

Пьеса сюжетінің шиеленісті кезеңінде Шоқан есімді ұлы бар Шернияздың сол перзентінің анасы, ақ некелі әйелі жасы он жетідегі қыр қызы Раушанды отырса опак, тұрса сопақ еткендей іс-әрекетін Шернияздың және Раушанның жеке қалған кездеріндегі монологтарынан сезінеміз:

«Шернияз.
Надандық кой-ау, бұл. Түк ес жоқ.
Газет, қағаз жиюмен жұмысы жоқ.
Мең-зең болып, езіліп отырғаны,
Ертеден кара кешке іс тіге ме,
Қыз-қатынмен сөйлесіп бос жүре ме,
Жоннан-жонға шығандап бос кете ме,
Бипазданып жұмысы бір бітпейді». [2, 525-б.].

Осындай ашулы көңіл-күйдегі Шерниязға Раушан ұсынған қалпағын жұлып алып шығып кеткеннен кейінгі оңаша қалған Раушанның монологы да пьеса желісіндегі қайшылықты жағдайды көз алдымызға айқын байқатады:

«Раушан (ойланып).
Киімін әперсең де жаратпайды,
Қолына су құйсаң да жаратпайды.
Кірі жаман жуылса тағы пәле,
Ішкен асың бойыңа таратпайды,
Құдай-ау, бұған енді қалай жағам,
Осының бабын, Тәңірі, қалай табам?!
Қабағына карап-ақ отырамын
Неге тарыққанына қайран қалам.
Көңіліне әлде бөтен ой кірді ме,
Қалаға кетуге, әлде бой ұрды ма,
Әлде онда менен өзге жары бар ма?
Әлде қырдың қызығы тойдырды ма?!» [2, 525-б.].

Пьеса сюжетінің ең шиеленісті жері – нағыз ұлтшыл-отаншыл кейіпкеріміз Шернияздың жиырма бірдегі оқыған қыз Жәмиланы екінші қатыны еткені. Ал, сөз арқауындағы оқыған жігіт Базарбаймен ойнас-көңілдес болып жүрген Жәмиланың Шерниязға қатын болып жүріп-ақ – Базарбаймен көңілdestігін-ойнастығын үзбегені оқиғаның шарықтау шегінде жұрт алдында әшкереле болады. Ал, қыр қызы, бірінші қатыны, Раушанды жақтырмай, бірақ одан туған перзенті Шоқанға Шерниязды еміренуі, қазіргі ойнасқор қатыны Жәмиланмен бірге баласымен де бірге болуды ойлауы – пьеса кейіпкерінің адасқан трагедиялық хал-ахуалының көрсеткіші. Жүсіпбек Аймауытов суреткерлігінің психологиялық шынайылығы адам болмысының осындай күрделі қайшылықтардан құралатынын дәлелдеуімен ерекшеленеді. Суреткердің Шернияз бейнесіндегі дүниетаным ұстанымы қайшылығын-тартысын осылайша бейнелеуі – далалық ұлылықты, халықтық материалдық және рухани құндылықты жалмап келе жатқан рухани дағдарысқа, адасуға ұрындыратын еуроцентристтік-шовинисттік ғаламдастырудың зардаптарын айыптау, әшкерелеу. Үшінші сахналық көріністің басталуындағы Шернияздың екіұдай дел-сал күйдегі монологтарынан ұлттық-халықтық дала құндылықтарын бағалаудан айрыла бастаған маргиналдардың пайда бола бастауын, келе-келе адамгершілік-имандылық, ұлттық-отаншылдық қасиеттерден жұрдай болған ұрпақ болатын уақыт шындығы дәлелденген:

«Шернияз.
Бір кезде қырда көп шырайлы,
Мұнар тауы, күміс Айы.
Сары даласы, бұлақ сайы.
Бейне бір жұмақ тәрізді ед.
Нәресте табиғат қойнында,
Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем.

Дос та, жар да, махаббат та
Елде ғой деп барлаушы ем.
Жүрегім елді кездірді
Бұзылған елден бездірді
Енді маған сұм қаланың
Бақшасы ұрмақ тәрізді.
Бақшадан бақ, дос күтемін
Әйтеуір келем сандалып.
Ел-жұртына қызмет ет!», – деп,
Ар-намысым қоймады.
Қызмет еттім,
Азап шектім,
Жемісін көзім көрмеді,
Жақсылығым босқа кетті,
Дос-жараным жау боп шықты,
Күйзелгенім білер бір жан жоқ,
Көзім жасын көрер бір жан жоқ.
Бұл қорлықта жүргенімше,
Ит әуре боп өлгенімше,
Ең болмаса өз басыма
Бақыт іздеп байқайын» [2, 531-б.].

Пьеса сюжетінің ең шарықтау шегіндегі екінші қатыны Жәмила мен бірге оқыған замандасы Базарбайдың құшақтасып сүйісіп тұрғанын көрген, өзі тастап кеткен бірінші қатынынан туған ұлы Шоқанның өлген трагедиялық жағдайлар тоғысындағы Шернияздың дағдарыс сәтін көреміз. Бұл – дала мен қала өркениеті тоғысында тұрған азаматтық-ұлттық қайраткерлік қызметі мен отбасылық-тұрмыстық мәселелерінде күрделі қайшылықтарға, дағдырыстарға ұшыраған қазақтың оқыған зиялыларының көркем жинақталған бейнесі.

Жүсіпбек Аймауытов драматургиясындағы классикалық дәстүрдің сақталуында қаламгердің ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ театр өнерінің қалыптасуына аталған пьесаларымен үлес қосқаны Смағұл Саудақасұлының «Ұлт театрына бір жыл» мақаласындағы деректі пікірімен дәйекті: «Осы күнгі Қазақстанның белгілі жазушыларының көбі пьесадан құр емес. Әуезұлы, Аймауытұлы, Сейфоллаұлы Сәкеннің пьесалары ауызқа аларлықтай болып қалды. Әуезұлының «Еңлік–Кебек», Аймауытұлының «Шернияз», «Мансапқор», Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» орыстың шебер тілмен жазылған пьесаларымен таласуға әбден жарайды» [3, 67-б.].

Драматургиядағы классикалық дәстүрдің сақталуы мен дамытылуы және суреткерлік дүниетаным сипаты пьесалардағы поэтикалық-психологиялық мәтіндік-мегзеулік астарлардан аңғарылады. Жүсіпбек Аймауытов пьесаларынан оған дейінгі әлем драматургиясындағы көркемдік тәсілдердің өзіндік мәнермен шеберлікпен қолданылуын байқаймыз. Пьесалардың көлемі, сюжетке негіз болған кезеңнің ұлттық-этнографиялық болмысы, адамдардың әралуан мінез-құлық ерекшеліктерінің киіну, жүріс-тұрыс, сөйлеу мәдениеті арқылы дараланатыны, шығармалар кейіпкерлерін ұнамды және ұнамсыз қасиеттерімен кешенді психологиялық құбылыстарымен, қасиеттерімен біртұтас алып бейнелеу, сахналық қойылымға лайықталған көріністерді, қимыл-қозғалыстарды, мимикалық құбылыстарды, т.б. – бәрін де кешенді қамтитын драматургия заңдылықтарының сақталуы – Жүсіпбек Аймауытов драматургиясына тән сипат. Бұл орайда, біз белгілі қазақ драматургиясы шығармаларының ұлттық театр сахналарында қойылуының тарихын, теориясын іргелі зерттеулерімен жүйелеген ғалым Б. Құндақбаевтың пікірін басты назарға аламыз: «Төңкеріс қарсаңында және одан кейін Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Қ. Кемеңгеров, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ж. Шанин, т.б.-дың алғашқы драмалық шығармалары ұлттық драматургия жанрының негізін қалады. Еуропалық үлгідегі драматургияның қыры мен сырын меңгеруге қазақ топырағында алғаш рет ден қойған – Аймауытов. Оның тұңғыш үш пьесасы («Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия–Шәрбану») 1916–1917 жж., ал «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» 1920–1925 жылдар ішінде жазылған. Бұларда сол уақыттағы қазақ қоғамындағы тұрмыс-салттан бастап, әлеуметтік оқиғалар суреттелген. Аймауытов қазақтың ауыз әдебиетін жетік біле тұра көне дәуірді бейнелейтін пьеса жазбаған. Оның пьесаларының барлығында да өз кезеңінің болмысы суреттелген. Және басқа

драматургтердің шығармаларына ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері де айқын. Барлық пьесаларының шымылдығы жеке кейіпкерлерінің психологиялық толғанысынан бастау алады» [4, 287-б.].

Жүсіпбек Аймауытов драматургиясы – қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетіндегі осы байырғы классикалық сөз өнері саласының әлемдік деңгейде жалғаса дамуына да игі ықпал, көркемдік негіз болған рухани құндылық қазынасы. Қазақ сөз өнерінің әлем өркениеті кеңістігіндегі ежелгі дәуірлерден қазіргі заманымызға ұласқан классикалық саласы драматургия жанрларының жаңаша дамуында суреткер қаламгердің шеберлік өнегесінің жалғаса берері ақиқат. Академик С. С. Қирабаев «Жүсіпбек Аймауытов» (1991) атты II-сыныпқа арналған қосымша оқу құралында драматургтің суреткерлік шеберлігінің психологиялық-поэтикалық сипатын алғаш рет ғылыми бағалаған-ды: «Тартыстың шынайылығы, характерлердің тұтастығы, оны сахна өнерінің заңдылығына тұтастыра білу – жазушы шеберлігінің айғағы. ... Кейіпкерлердің сөзі – диалог пен монолог та тартымды келеді, характерлерді жан-жақты ашуға көмектеседі» [5, 34-б.].

Ал, Жүсіпбек Аймауытов, туындыларының көркемдік-эстетикалық болмысын іргелі зерттеулерімен зерделеген профессор Р.Тұрысбек суреткердің шығармашылық шеберлігіне тән ерекшеліктерді саралап түйіндейді: «Оның туындыларынан қоғамның қайшылықты қиыншылықтары, өмірдегі өзгерістердің артық-кем тұстары кең танылса, негізгі тұлғалар табиғатынан азаттықты аңсау ақыл-парасатқа құштарлық, халықты бақытты болашаққа бастау мұраттары айқын. Әсіресе, адам әлемі, оның еңбегі мен іс-әрекеттері, тағдыры мен тұрмысы, дүниетаным иірімдері өмір шындығына суарылған, көркемдік нәрі бедерлі, сюжеттік-композициялық арқауы берік, эстетикалық әсері орасан зор екендігі терең танылады» [6, 77-б.].

Қорыта айтқанда, қазақ сөз өнерінің проза, драматургия салаларында классикалық әдебиет дәстүріндегі психологиялық талдау, саралау көркемдік-эстетикалық тәсілін енгізген, сол арқылы ұлттық әдебиеттің көркемдік сипатына суреткерлік-ойшылдық деңгейге көтерген Жүсіпбек Аймауытов пьесалары – біздің Тәуелсіз Қазақ Елінің мәңгілік құндылық қазынасы.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т. 15: Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 б.
- [2] Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- [3] Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2002. – Т. 8: Қазақ театрының ғылымы (қалыптасу кезеңі). – 376 б.
- [4] Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2001. -3-том.-720б.
- [5] Қирабаев С.С. Жүсіпбек Аймауытов. Әдебиет пәні бойынша // 11-сыныпқа арналған қосымша оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1991. – 44 б.
- [6] Тұрысбек Р. Әдеби мұра және руханият мәселелері: Оқу құралы. – Астана: Күлтегін, 2008. – 440 б.

REFERENCES

- [1] Classical Studies: volume. Almaty: Adebiet alemi, 2013. Vol. 15: K. Dzhumaliyev, Z. Kabdолоv, Z. Akhmetov. Theory of Literature. 412 p. (in Kaz.).
- [2] Zh. Aimauytov's works: novels, novellas, short stories and plays. Almaty: Zhazushy, 1989. 560 p. (in Kaz.).
- [3] Classical research: volume. Almaty: Adebiet alemi, 2002. Vol. 8: Kazakh theater science (history). 376 p. (in Kaz.).
- [4] The National Encyclopedia. Almaty: Kazakh Encyclopedia of the Editorial Board, 2001. Vol. 3. 720 b. (in Kaz.).
- [5] Kirabaev S.S. Zhusupbek Aymauytov. Literature on the subject. 11 grade additional textbooks. Almaty: Rauan, 1991. 44 p. (in Kaz.).
- [6] Turysbek R. Literary heritage and spirituality: Textbook. Astana: Kultegin, 2008. 440 p. (in Kaz.).

СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОТИВОРЕЧИЯ В ПЬЕСАХ ЖУСИПБЕКА АЙМАУЫТОВА

Т. С. Тебегенов

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: слово, искусство, проза, драматургия, литература, ценности.

Аннотация. Пьесы Жусипбека Аймауытова – это вечные ценности независимого казахского народа. Устному творчеству казахов в прозе, драматургии в традициях классической литературы дан психологический анализ, описан изобразительно-эстетический образ.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 274 – 278

**A TRUE EXAMPLE
OF COLORFUL IMAGES AND FANTASIES
(based on the novel of Chingiz Aitmatov "Block")**

A. Shamakhova

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: art, word, spirituality, treasury, values, people.

Abstract. Artworks of speech - spiritual treasury of values of the people, which summarizes the events of the colorful truth of life. The heritage of the art of speech of the peoples of the world are paralleled and compared, based on examples of classic literature and well-known laws of poetic genres the system features of colorful images and fantasies is compared.

**ӨМІР ШЫНДЫҒЫН БЕЙНЕЛЕУДЕГІ
КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КӨРКЕМДІК ҚИЯЛ
(Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романы бойынша)**

А. Шамахова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: өнер, сөз, рухани, қазына, құндылық, халық.

Аннотация. Сөз өнері шығармалары - тіршілік қозғалысындағы өмір шындығы оқиғаларын көркемдік шындықпен жинақтап бейнелейтін рухани құндылық қазынасы. Өлем халықтарының сөз өнері мұраларының классикалық үлгілеріндегі мазмұн мен пішін поэтикасы заңдылықтарының аясында танылатын поэтикалық ерекшеліктері жүйесінде көркемдік уақыт пен көркемдік қиял мәселелері де саралана көрінеді.

Суреткер-ойшыл қаламгерлердің классикалық деңгейде танылып бағаланған туындыларында адамдардың мінез-құлық психологиясын, әлеуметтік қарым-қатынастардағы әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін даралауға айрықша мән беріледі. Олар өмір шындығын бейнелеудегі шығармаға арқау болған кезеңдердің де, ондағы деректі оқиғалардың да, жеке адамдардың да көркемдік ойлау аясында қамтылатыны мәлім. Шығармалардың мазмұны мен пішіні ауқымына алынатын өмір шындығын құрайтын деректі, дерексіз заттардың да, құбылыстардың да – бәрінің де ғасырлар жүйесіндегі рухани сабақтастықты негізге алатыны анық. Суреткер қаламгерлер адамзат ұрпақтарының ғасырлар белестеріндегі тіршілік қозғалыстарындағы рухани үндестіктерін, қайшылықтарын, деректер мен аңыздық сюжеттер негізінде ала отырып, өмір шындығымен эстетикалық ойлау сабақтастығымен бейнелейді. Тіршілік қозғалыстары - адамзат ұрпақтарының саналы ақыл-ой иелері болып қалыптасуынан бастап, өзара үндестіктерімен, сонымен бірге өзара қарама-қарсы құбылыстарымен, қасиеттерімен ерекшеленетін күрделі болмыс әлемі. Адамдар мен оларды қоршаған жаратылыстан табиғаттан жанды, жансыз тіршілік ортасының өзара сабақтастығы да, үндестіктері де, сәйкессіздіктері де көркем шығармалардағы көркемдік уақыт пен көркемдік ойлау эстетикасы ұстанымы аясындағы поэтикалық сипатымен ерекшеленеді.

Бұл орайда, суреткер жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы осы поэтикалық ерекшеліктердің сюжеттік-композициялық желілердегі ерекшеліктері айрықша назар аудартады. «Жан пида» романындағы көркемдік уақыт пен көркемдік қиял поэтикалық тәсілдерінің қолданылуы да классикалық дәстүрлер қолданысының жаңғыра жалғасуын аңғартады. Академик З. Ахметовтің ғылыми тұжырымы негізінде «Жан пида» романындағы көркемдік уақытты бейнелеу сипатын аңғаруға болады: «Реалды уақыт – бұл уақыттың өмірдегі нақтылы қалпы. Оның басты өзгешелігі - объективтілік сипаты. Реалды уақыт үздіксіз өтіп жатады және үнемі алға, біркелкі жылжиды. Ал енді осы уақыт бар да, оны адамның сезіммен қабылдауы бар. Бұлардың өзі екі түрлі сипат алуы ықтимал. Біздің сезінуімізде уақыт кейде ақырын, кейде жылдам ауысқандай болады. Ал әдебиет шығармасында уақыттың жылжуы уақиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу болып, кейде тіпті үзіліп кетіп отыруы ықтимал. Ал тағы бірде уақиға аяғынан басталып баяндалса, жазушы уақытты кейін жылжытып көрсетуі де мүмкін» [2,199 -б.].

Ғалым көркемдік уақыт поэтикасы тәсілі бойынша Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы жарты ғасырға таяу мерзімнің алынғанын, шығарманың Абайдың 13 жасынан басталып, 60-қа таянғанда дүниеден қайтқанын айта келе көркемдік уақыт поэтикалық тәсіліне тоқталады: «Осы мерзім кітапта үздіксіз суреттелмей, кейде жазушы арада бірнеше жылдар өтті деп, бірталай уақытты аттап кетіп отырады.

Ал бірақ кітаптағы көркемдік уақыттың көлемі әлдеқайда кең жатыр. Ондағы өткен замандағы өмір суреттерін еске алсақ, ескі аңыз-жырдағы оқиғаларды ескерсек, кітаптың уақыттық сыйымдылығы әлдеқайда мол екенін аңғарамыз» [2,199-200 -бб.]. Классикалық әлем әдебиеті деңгейіндегі көркемдік жалғастық заңдылығы аясында суреткер Мұхтар Әуезовтің дарынды шәкірті Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы көркемдік уақыт поэтикалық тәсілінің де өзіндік ерекшеліктерін айта аламыз.

«Жан пида» романының арқауына алынған кезең – ХХ ғасырдың 60-70-жылдары. Басты кейіпкерлері Авдий Каллистратов және сюжеттік-композициялық желілерде олармен бірге бейнеленетіндерді әралуан оқиғалар кезінде мінездей даралау жүзеге асырылады. Романның идеялық-композициялық желілеріне көркемдік бояулар үстемелейтін өткен ғасырлар деректері немесе біраз бұрын өткен тарихи оқиғалар шындығын қосу тәсілі де туындының оқырмандардың қабылдау психологиясына оң әсерін тигізгендігі айқын. Мысалы, ежелгі дәуірдегі Рим империясының отарында болған Иерусалим қаласының прокураторы (әкімі, губернаторы) Понтий Пилаттың христиандардың пайғамбары Иисус Христоспен өлім жазасы алдындағы сұхбаты-көркемдік уақыттың көрсеткіші. Иудей патшасы тұғырына лайықты ұстаныммен әділеттілік, теңдік, бақыттылық жағдай жасау идеясын өзінің әкесінің өсиеті-аманаты бойынша насихаттап таратқаны үшін Иисустың жазалануы – Рим билеушілері үшін аса маңызды болған. Көркемдік уақыт поэтикалық тәсілімен осы деректілік негіздегі аңыздық сюжетті жазуда адамгершілік асыл қасиет уағызшылары мен жамандық пиғылымен ғана өмір сүретін жандардың пендешілік-жендеттік пиғылдары қатарласатын сәттердің психологиялық жағдайын бүгінгі оқырманның көз алдына елестетеді:

«...Пасық қала құрбандық күтеді. Осы бір шыжып тұрған күнде қала құлқын қағып қан тілейді, түндей түнек түйсіктер аласапыранды аңсаулы. Ливия сахарасында алапат арыстан зебраны қанжоса қылып жатқанда шибөрілер шуылдап, ұлып, өршелене үруші еді. Иисусты жазаласа мына қаланың тобырлары ада өкіріп-бақырып, жер сабалап жыламақшы. Понтий Пилат мұндай күңіреністі адамдардың да, аңдардың да арасынан көрген еді, енді Иисусты креске қалай керіп өлтіретінін көзге елестетуі-ақ мұң екен, іштей қатты сескеніп қалды» [1, 141- б.].

«Жан пида» романының басты кейіпкері Авдий Каллистратов Мойынқұм өңіріне наша дайындалатын қарасораны жинауға аттанғандарды (Гришан - жетекші, жортуылшылар – Коля, Махач, Петруха, Ленька) ниеттерінен, қисық ұстанымдарынан айнытып, түзу жолға салу үшін солардың құрамына кіреді, өздерінің сөздерімен оларды бастаушы Гришанды айыптайды («...сендерді тозақ отына алдап түсірген бұл эзезілді әшкерелеймін! Мен бұл райымнан қайтпаймын, өйткені шындық мен жақта!), наша шөбін жинаушыларды сақтандырады (« -Ей, балалар, қараңдар, -деп Авдий рюкзакты басына көтере сілкіледі. –Міне, мынаның ішінде біз адамдарға ажал себетін у, оба алып бара жатырмыз. Оңай ақшаның буына мас болған сендер: сен, Петр, сен, Махач,сен, Леня, сен, Коля – сендер осы сұмдықты істейтін!») [2,133-б.].

Адамзат ұрпақтары үшін әділеттілік, теңдік, тән мен жан саулығы салтанат құратын ортаны, жағдайды уағыздаған ежелгі дәуірдегі Иисус пен XX ғасырдағы Авдий сынды абзал ой иелері - мәңгілік үндес. Ғасырлар белестері араларын бөліп тұрса да шығармадағы көркемдік уақыт поэтикасы заңдылығы аясында үндес ұстаным иелерінің жалпыадамзаттық гуманизм рухының мәңгілігін дәлелдегендіктерін ұғынамыз.

Иерусалим билеушісі Понтий Пилат қаншама зэрленсе де, Иисустың ұстанымын өзгерте алмайды: «-Мен императордың осындағы әміршісі ретінде Рим императоры Тиверийдің атынан бұл өлкеде біршама өзгерістер жасай аламын. Ал сен бұған басқа бір құдірет күшін, сен жалау етіп жүргенсымақ басқа бір шындықты қарсы қоюға тырбанасың.

...Қала халқы синедрионның үкімі бойынша сені қашан жазалар екен деп ынтыға күтіп отыр. Кәне, жауап бер!

- Нендей жауап?

- Сен патшаның Құдайдан кіші екеніне сенімдімісің?

Патша - ажалды адам.

Әлбетте, ажалды. Бірақ ол тіріде халық үшін патшадан биік басқа Құдай бар ма?

Бар, Римдік әмірші, егер де дүниеге басқа өлшеммен қарасақ – бар.

Сандырағың бар болсын, өйткені күлкімді келтіре алмайсың,- деп қалды Понтий Пилат. Жорта қорланған болып, қату қабағын көтеріп. Тіпті бұл сандырағың күлкілі болмаған күннің өзінде мұнына мені нандыра алмайсың. Сенің осы сандырағыңа кімдер, не үшін сеніп жүргеніне таңым бар.

- Маған қорлық, зорлық көргендер, әділеттілікті ғұмыр бойы аңсағандар сенеді. Менің ілімімнің ұрығы азаппен, адамдардың көз жасымен тыңайтылған жерге түседі,- деп түсіндірді Иисус» [1, 142-143 -бб.].

Бұл - суреткер Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романында көркемдік қиял поэтикалық тәсілін қолдануын да аңғартатын көрсеткіш. Әдебиеттану қисыны бойынша «Көркемдік қиял – көркемдік ойлау ерекшелігі, суреткердің дүниеде, өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді, жай-жағдайларды қиял арқылы елестету қабілеті, бейнелеп көрсету тәсілі. Көркемдік қиял шындық пен шарттылықтың бірлестік-тұтастылығына негізделеді.

Көркемөнерде тақырып таңдау, оның тереңіне бойлау, өмір құбылыстарының ішкі қабаттарына барлау жасау, солардың элеуметтік-эстетикалық мәнін ұғыну саналуан кейіпкерлердің бейнелігі, жан дүниесін, жүріс-тұрысын суреттеу көркемдік қиялға байланысты» [2,196-б.]. «Жан пида» романындағы ежелгі заманғы Иерусалимдегі Рим әміршісі Понтий Пилат пен адамгершілікті, ізгілікті, теңдікті, әділеттілікті уағыздағаны үшін жазықсыз жазаланып өлім жазасына кесіліп тұрған Иисусты бейнелеудің, олардың диалогтарының да өмір шындығына негізделген көркемдік қиял жемісі екенін сезінеміз.

XX ғасырдың және болашақтың ұрпақтарын нашақорлық апатынан құтқаруды ойлап, наша шөбін жинаушыларды-жортуылшыларды бұл істен бас тартуларына үгіттеп, тіпті өзінің де жинаған наша шөбін шашқаны («...Авдий рюкзактың аузын ағытып жіберіп, ішіндегі нашаны пойыздың есігінен сілкіп-сілкіп желге ұшыра бастады. Рюкзактың ішіне қаншама қарасораның жапырағы мен гүлі сыйып кетекен десеңші, эне, сол заһар күзгі жапырақтай темір жол бойымен ұйтқи ұшып, қалықтап кете барды. Ол ұшып кеткен мыңдаған сом ақша еді ғой! Жортуылшылар Авдийге біразға дейін аңыра қарап, қалшиды да қалды») [1, 133-б.] да көркемдік қиял аясында өрнектелген.

Осы арада көркемдік уақыт поэтикасы бойынша ежелгі дүниеден алынған кейіпкер Иисустың қанша дігірлесе де әмірші Понтий Пилатқа көнбестен, иілместен жақсылықты уағыздайтын пиғылынан таймайтынын мәлімдеген сөздерінен үндестік табамыз:

«-Осыдан соң да,-деп кенет үні қарлығып сөзін жалғады Понтий Пилат, - мына мен, римдік прокуратор, саған бостандық береді деп үміттенесің бе?

- Иә, қайырымды әмірші, босат мені.

- Босанған соң не істемекшісің?

- Жер бетіне Құдай сөзін таратып, кезе беремін.

- Тапқан екенсің ақымақты!

- Прокуратор бақырып, ашу қысып, орнынан атып тұрды. –Сенің орның кресте екеніне енді анық көзім жетті. Сені тек өлім ғана тыя алады.

- Қателесесің, мәртебелі әмірші, рух алдында өлім дәрменсіз,-деді Иисус нықтап, ап-анық сөйлеп» [1,143-б.].

Көркемдік уақыт пен көркемдік қиял тәсілі поэтикасымен жазылған «Жан пида» романында әділдік насихаты үшін жазаланған ежелгі дәуірдегі христиандар пайғамбары Иисус тағдырымен сабақтас XX ғасырдағы нашакорлық апатына қарсы өзіндік күрес ашқан Авдий де наша шөбін жинаушы жортуылшылардың соққысына ұшырайды. «Жортуылшылар оған құтырған иттердей тап берді. Пектруха, Махач, Коля – бәрі жабылып Авдийді бірінен соң бірі түйгіштеді.

...Құлаштап ұрған жұдырықтар, аямай тепкен аяқтар оны үңірейген есіктің аузына қарай шегіндіре берді.

...Авдийдің ең соңғы есінде қалғаны – енді жендеттер оның бетінен тепкіледі, жортуылшылардың аяқ киімдері қанға боялды, қарсы жел құлағында лаулаған өрттей гуілдеді. Авдийдің денесі қорғасындай ауырлап, зіл тартып, үңірдей үрейлі құрдымға құлауға шақ қалды. ...Бірақ Авдий де соншама тірмізік, ит жанды екен, басынан, бетінен былш-былш еткізіп қанша тепкілеп жатса да, қолы қарысып тұтқадан шықпай-ақ қойды» [1,134-136-бб.].

«Жан пида» романындағы көркемдік уақыт пен көркемдік қиял поэтикалық тәсілдерінің қолданылуында жазушы басты кейіпкер Авдийдің ішкі монологтары мен жан ділі әлеміндегі тебіреністері, толғаныстары аясында Мәскеудегі Пушкин музейіндегі Италиян ауласы атты залындағы көне болгар шіркеуінің концертін тыңдау сәтін баяндаған. Он адамнан құралған әншілер тобының орындау шеберлігі де кейіпкер қиялының шарықтауына әсері болғандығын суреттеген:

«... Әуез қалқып ұшып жөнелді. Сол бір сілтідей тынған тыныштықта аспан әлеміндегі құдіретті күйме дөңгелек шабақтары жарқ-жұрқ етіп, баяу ғана жылжып, көзге көрінбес толқын үстімен мына залдан шығып жүре бергендей: сонда соңында қайта-қайта жаңғырығып, қайта-қайта қанат қағып, рухтың сарқылмас кенінен қуат алып, салтанатты да шайтанды дауыс ізі өшпей, өршелене, өрлене берді.

Әншілер ә деп ауыз ашқанна-ақ бұлардың ән салу шеберлігі шыңына жеткендігі белгілі болды. Үні бөлек, жаны бөлек, тәні бөлек он адам осыншама қалай бірлесіп, бір адамдай болып кеткені таң қаларлық» [1,55-б.]. Кейіпкер Авдийдің осындай толған сәтіне ескі грузин әндерінің әсерлілігін еске алуы да көркемдік уақыт пен көркемдік қиял бірлігі аясында алынған. Осы арада кейіпкер Авдийдің «Алтау мен жетінші» атты әңгіменің-балладаның сюжетін кейіпкерлерінің (Алты адамы ғана қалған Гурам Джотадзе және оның достары және жетінші чекист Сандро) Азамат соғысы жылдарындағы тағдырларын есіне алуы да «Жан пида» романының эстетикалық әсерлілігін күшейте түскен.

Грузин ұлтының пролетарлық революцияға, кеңестік жүйеге қарсы шайқасқан хас батырларының ең соңғы алты адамнан құралған тобын ақыры солардың сеніміне кіріп бірге жүрген чекист Сандро құртады. Әңгіме-баллада кейіпкерлері Түркия мен Грузия шекарасындағы соңғы түнде қоштасу дастарқанындағы асты ішіп, қоштасу рәсімдерін (бір-бірімен, туған жермен, грузиннің нан-тұзымен, шараппен қоштасу) жасап болып, топ басшысы Гурам Джохадзенің «Ал, ендеше, мына шарапты алып жіберейік те, ең соңғы рет қосылып өз әнімізді салайық» [1,64-б.] - деген ұсынысын орындайды.

Грузин әндерін қайта-қайта орындап, әр орындаудан кейін шарап ішіп, қоштасып отырған кейіпкерлер туралы «Ән табиғаты оларды туыстыра түсті» [1,65-б.] деп түйіндейді автор. Сол грузин балладасының соңғы чекист Сандраның «алты кісіні түгел атып сұлатып, ақырында өзін-өзі атқанымен аяқталады. Кейіпкер Авдийдің осы Грузин балладасындағы ән құдіретінің қаскөйлікті де, жендеттікті де женетін құдіреті барлығын дәлелдеуі арқылы көркемдік қиял әсерлілігі дәйектелген.

Қорыта айтқанда, суреткер Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы адамзат ұрпақтары мен оларды қоршаған тіршілік ортасындағы саналуан байланыстарды үндестіктерімен де, қайшылықтарымен де бейнелеу арқылы өнер туындылары эстетикасына тән көркемдік уақыт пен көркемдік қиял тұтастығының ерекшеліктері саралана танылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Айтматов Ш. Жан пайда: Роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 320 б.
[2] Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.

REFERENCES

- [1] Aitmatov Sh. Block: Novel. Almaty: Atamura, 2005. 320p.
[2] Literary studies. Terms dictionary. Edit. Z. Akhmetov, T. Shanbay. Semey-Novosibirsk: Taler-Press, 2006. 398 p.

**ЖИЗНЕННАЯ ПРАВДА НА ПРИМЕРАХ КРАСОЧНОГО ИЗОБРАЖЕНИЯ
ВРЕМЕНИ И ФАНТАЗИЙ**

(по роману Чингиза Айтматова «Плаха»)

А. Шамахова

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: искусство, слово, духовность, казна, ценности, народ.

Аннотация. Произведения искусства слова – духовная казна ценностей народа, которые суммируют события красочной правды жизни. Проводятся параллели и сопоставляется наследие искусства слова народов мира, на примерах классической литературы и известных законов поэтических жанров сравнивается система особенностей красочного изображения времени и фантазий.

Поступила 27.01.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 279 – 285

